БІЛІМ МӘРТЕБЕСІ

Республикалық педагогикалық ғылыми әдістемелік журнал

№11 (71) 2025 қараша

МЕНШІК ИЕСІ
ЖК «БІЛІМ МӘРТЕБЕСІ»

ДИРЕКТОР
Жазира Женісқызы

БАС РЕДАКТОР
Қанжар Мырқы

Журнал Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникация министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық Ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік Бақылау комитетінде 10.10.2019 жылы тіркеліп, тіркеу туралы №KZ47VPY00015867 куәлігі берілген

БІЗДІҢ МЕКЕН ЖАЙЫМЫЗ:
120014, Қызылорда қаласы,
Байсейітова көшесі 100 үй
Тел: 8 707 510 08 91,
8 778 380 53 74
E-mail: zhazi_0091@mail.ru

Журнал «БІЛІМ КЕНІ» редакциясында теріліп, беттеліп, «Принт» баспаханасында басылды.

Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді.

Мақаладағы мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты.

Қолжазба өңделеді және қайтарылмайды.

Редакция алқасы:

Ризаходжаева Гүльнара Абдумажитқызы - филология ғылымдарының докторы, профессор, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, педагогика ғылымдарының докторы, доцент

Лазура Қазыханқызы - Түркия Республикасының «Хажеттпе» Университеті философия ғылымдарының докторы

Абдикаликова Достыккуль Садировна - Қызылорда облысы, Арал ауданы №83 орта мектебі КММ, шебер педагог

Меншікті тілшілер:

Оразбекқызы Гүлжанат
Ақмола облысы

Абылшеева Мадина Карахожаевна
Ақтөбе облысы

Асқарқызы Салтанат
Алматы қаласы

Амантаева Жадыра Аманбайқызы
Түркістан облысы

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:



Бауыржан Жұмаханұлы Омаров - Қазақстанның мемлекет қайраткері, журналист, әдебиеттанушы, Филология ғылымдарының докторы, профессор, академик



Мединамов Дамир Бай Еділұлы - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат комитеті бұқаралық ақпарат құралдары саласына рұқсат беру басқармасының жауапты қызметкері



Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы - Әл Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің профессоры, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі, ҚР Президенті жанындағы Ұлттық Ғылым Академиясының академигі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, тарих ғылымдарының докторы



Жұбанышов Берік Темірханұлы - Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті Тарих кафедрасының бағдарлама көшбасшысы, тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор



Смагулова Гульшат Амантайқызы - Қызылорда облыстық оқу орталығының (әдістемелік кабинет) «Жалпы орта білім беру» бөлімінің меңгерушісі

МАЗМҰНЫ

1. Изадуллаева Акмарал. Адам қаңқасының құрылысы. Тірек-қимыл жүйесінің маңызы мен қызметі 4
2. Бердибекова Раушан. Газдардың салыстырмалы тығыздығы 7
3. Махашова Мирамкуль. Экожүйедегі энергия тасымалдау 9
4. Алмағанбет Нұрали. Эстафеталық ойындар 11
5. Дабыл Нұргүл. Бірінші ондық сандар 14
6. Тілеген Қаракөз. Бактерия, саңырауқұлақ, өсімдік және жануар жасушаларының құрылым ерекшеліктері мен қызметтері 16
7. Жұмахметов Ардак. Оқу үрдісіндегі инновациялық әдістер мен технологиялар 18
8. Қаманова Ақмарал. Үш таңбалы сандарды қосу және азайту алгоритмдері 21
9. Сейтова Макбал. Я әрпінің жазылуы 24
10. Қиятбаева Дана. Адам досымен мықты 26
11. Матығұл Ақнұр. Жасанды интеллектіні информатика сабағында қолдану 28
12. Даулова Ақынсара. Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық мұрасы: зерттеулер, тәжірибе, нәтиже 34
13. Бегелдинов Сырым. Арқан тартыс – ұлттық ойын 36
14. Алуадинов Галымжан. Дойбы - бұл ең жақсы ойын 38
15. Султанканов Ербол. Шынықсаң шымыр боласың 39
16. Жантакбаева Нурсулу. Тарих пәніндегі жаңартылған білім берудің тиімділігі мен ерекшеліктері 41
17. Исатаева Жазира. Көркем жазуға үйретудің эстетикалық және тәрбиелік мәні 43
18. Тлеубаева Лаура. Математика пәнінде оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту . 44
19. Әлмұратова Бағдад. Зәр шығару жүйесінің гигиенасы 45
20. Кайпназарова Нурсила. Ойын технологиясын қолдану арқылы бастауыш сынып оқушыларының сабаққа деген қызығушылығын арттыру 47
21. Төлеу Ержан. Сәулеттік нысанның макетін орындауға қажетті материалдарды анықтау және таңдау 48
22. Г.Б.Таласбаева. Мектепке дейінгі ұйымдарда қолданылатын жобалардың ерекшелігі 50
23. Мустафаев Сейлхан. Қазақ тілі мен әдебиетті оқытуда диалогтік қарым - қатынастың тиімділігі 51
24. Мустафаева Алмагул. Білім негізі – бастауыш сынып 52
25. Набиева Айжамал. Мамандықтар әлеміне саяхат 53
26. Қалымбетова Ұлжан. Қазақ тілін оқытудың пәнаралық кеңістігі: тіл меңгеру дағдылары және кіріктіре оқытудың инновациялық тәсілдері 54
27. Алтаева Жанар. Географиялық нысандар мен құбылыстарды номинациялау ерекшеліктері 55
28. Райм Ақгүл. Зат есім 59
29. Сандибекова Лаззат. Ескі қорғандардың сыры 62
30. Раймбекова Жазира, Бургегулова Жанат. Баланың ойлау дағдысы – оның болашағының негізі. 64
31. Садуова Айман. Шығармашылық сабақтың мазмұны мен құрылымын тиімді ұйымдастыру.. 66
32. Елесбаева Айзада. Бірге ойнаймыз - бірге сеземіз 68
33. Жокенов Медет. Көңілді балақай 69
34. Өтеген Жарқынгүл. Табиғат зерттеушілері жәндіктер әлемінде 70
35. Стаханова Меруерт. Қазақ хандығының ішкі және сыртқы саясатының ерекшеліктері: хандық құрылғаннан кейінгі кезеңдегі саяси қатынастарға терең талдау 72
36. Ағыбаева Әсем. STEM элементтері арқылы физика пәнін оқыту 74
37. Арғымбаева Айсұлу. Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілетін дамыту жолдары 75



Адам қаңқасының құрылысы. Тірек-қимыл жүйесінің маңызы мен қызметі

Изадуллаева Акмарал Аргиновна
Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті Жанқожа батыр атындағы №70 орта мектебінің биология пәні мұғалімі, Педогог-сарапшы

Бөлім	Қозғалыс		
Педагогтің аты-жөні:			
Күн:	Сыныбы : 8	Қатысқандар:	Қатыспағандар:
Тақырыбы:			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты:	8.1.6.1 тірек – қимыл жүйесінің қызметтерін сипаттау		
Сабақтың мақсаты:	Адам қаңқасының бөлімдерін атайды. Қаңқа бөлімдерінің 3 қызметін сипаттайды.		
Құндылықтар	Тәуелсіздік және Отаншылдық Апта дәйексөзі. «Тәуелсіз елдің ұлы –өжет, қызы –қайратты, халқы -қаһарман» Жұптық жұмыс барысында, тірек-қимыл жүйесі тақырыбына байланысты дихотомиялық тестті белгілейді. Осы орайда оқушылар тәуелсіз жұмыс жасау негізінде құндылықтарды дамыту көзделеді.		

Сабақ барысы		Мұғалімнің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы: 7 минут	4 мин	I. Ұйымдастыру кезеңі: 1.Оқушылармен сәлемдесу, түгелдеу. 2. Сыныпта жағымды ахуал орнату мақсатында оқушыларға осы айдың құндылығын «Тәуелсіз елдің ұлы –өжет, қызы –қайратты, халқы -қаһарман» атты мақал-мәтелді қайталайды. «Суреттер сөйлейді» әдісі арқылы мұғалім үш сурет көрсетеп, топқа біріктіреді. 1.тұрып тұрған адам –тірек 2.қалқан – қорғаныш 3.қозғалып жатқан адам – қозғалыс	Білім алушылар мұғаліммен амандасады. Берілген қима суреттерді құрастырып, ойларын айтып, тұжырымдап 3-топқа бірігеді. . I топ , II топ, III топ	Ауызша, кері байланыс жасайды.	Суреттер, адам қаңқасының макеті 
	3 мин	«Ой қозғау» әдісі арқылы оқушыларға кішкентай адамның макетін көрсету арқылы жетелеуші сұрақтар береді. 1. Қаңқа бізге не үшін керек? 2.Қай сүйек сенің ойыңша ең маңызды? 3.Сүйектер болмаса, не өзгерер еді?	Сұрақтарға жауап бере отырып, сабақтың тақырыбын , мақсатын анықтайды.	Ауызша, кері байланыс жасайды.	Интерактивті тақта

Сабақтың ортасы 34 минут	12 мин	Оқушыларға «Тыңдалым алды» сұрақтар беріледі Тыңдалым алды сұрақтары: 1. Тірек-қимыл жүйесі адамның күнделікті өмірінде қандай үш негізгі қызмет атқарады деп ойлайсың? 2. Адамда барлығы қанша сүйек бар? 3. Қандай сүйектердің атауын білесің? Адам қаңқасының 3d форматтағы бейнероликпен танысады. Теорияны меңгерту. Жаңа тақырып бойынша қысқаша ақпарат береді. Теорияны бекіту тапсырмасы. «Сәйкестендіру» әдісі Қызмет түрі Сипаттамасы 1 Қорғаныш қызметі А) Ішкі мүшелерді сыртқы әсерден сақтайды (мысалы, ми – бас сүйек арқылы, жүрек – қабырға арқылы қорғалады).	 2 206 сүйек Б) Адам ағзасында сүйектер саны. 3 7 С) Бел омыртқасы 4 5 Д) Арқа омыртқасы 5 12 Е) Мойын омыртқалар	Сұрақтарға болжам жауаптарын айтады. Тірек сөздерді дәптерге жазып есте сақтайды. Мыс: ұзын, қысқа, жалпақ сүйектер, омыртқа жотасы. Бейнероликтен көрген мағұлматтарымен танысып, тірек сөздерді дәптерге жазып алады. Тірек-қимыл жүйесінің қызметі мен сипаттамасын сәйкестендіреді. 1-А, 2-Б, 3-Е, 4-С, 5-Д	Ауызша, кері байланыс жасайды. ҚБ дайын үлгі жауап арқылы бағалайды.
Сабақтың ортасы	10 мин	Топтық жұмыс «Insert» әдісі Қосымшада берілген «Темір мен сүйектің үндестігі» мәнмәтін бойынша төмендегі тапсырманы ұйымдастырады. Мәнмәтін. Темір мен сүйектің үндестігі Адамның тірек-қимыл жүйесі — бұл сүйектер, буындар, шеміршектер мен бұлшықеттерден тұратын күрделі биологиялық құрылым. Эндопротез зақымданған сүйек немесе буынның қызметін толық немесе ішінара алмастыратын жоғары технологиялы медициналық құрылғы. Сұрақ. Эндопротез тірек-қимыл жүйесінің қызметін қалпына келтіруде қаншалықты маңызды деп ойлайсың? Өзіндік болжам жасап, мысал келтіріп, 3-4 сөйлеммен тұжырымдаңыз.	Шағын топтарда өзара мәтінді мұқият оқып, берілген сұрақтарға жауап береді.	Топ ішінде бағалау. Ұпай Бағалау сипаттамасы	2 балл Эндопро-тездеудің ғылыми және әлеуметтік маңызын ғылыми тілмен және нақты деректермен түсіндіреді. Мәтіннен екі немесе оданда көп нақты мысал келтіреді. Жауап ғылыми тілмен, логикалық түрде жазылған, 3-4 негізгі терминдер дұрыс қолданылған.
	6мину	Жұптық жұмыс «Learning apps» платформасы арқылы сүйектердің пішіні мен құрылысын ажыратып орналастырады. 1.Жалпақ сүйектер 2.Қысқа сүйектер 3. Ұзын сүйектер	Берілген платформадан сүйектердің пішіні мен құрылысын ажыратып жазады.	Жұптарға өз жауаптарын салыстырып, талқылауға мүмкіндік береді.	Тапсырма парағы https://learningapps.org/view28674483

	6 мин	Жеке жұмыс Оқушылар «Wordwall» платформасы арқылы 10 сұрақтан тұратын дихатомиялық тест беріледі. Тест 1.Тірек-қимыл жүйесінің маңызы 2.Адам қаңқасы 3. Адам қаңқасының бөлімдері бойынша алынды. Дихотомиялық тест 1. Тірек-қимыл жүйесінің басты қызметі қандай? A) Ас қорытуға қатысады B) Дене температурасын реттейді C) Ағзаға тірек беріп, қозғалысты қамтамасыз етеді D) Гормондар бөледі 2. Тірек-қимыл жүйесі қандай бөліктерден тұрады? A) Тек сүйектерден B) Сүйектер мен бұлшықеттерден C) Бұлшықет пен теріден D) Жүйке мен қан тамырлардан 3. Тірек-қимыл жүйесі ағзаның ішкі мүшелеріне қандай қызмет атқарады? A) Оларды химиялық заттармен қамтамасыз етеді B) Жылу бөледі C) Ішкі мүшелерді сыртқы әсерден қорғайды D) Қан қысымын тұрақтандырады	«Wordwall» платформасына кіріп, берілген 10 сұраққа жауап береді. 1-C 2-A 3-C 4-B 5-C 6-B 7-C 8-B 9Д 10-C	ҚБ дайын үлгі жауап арқылы бағалайды. .	https://www.instagram.com/reel/DPd-6uODH9D/?igsh=MTVjdm5xaG1mNTFpMA== №4 қосымша
Сабақ соңы 4 минут	3мин	Рефлексия «3-2-1» әдісі арқылы кері байланыс • Тақырып бойынша аталған 3 маңызды ақпарат • Қиындық тудырған 2 аспект • Туындаған бір сұрақ	«3-2-1 » тәсілі арқылы оқушылар кері байланыс жасап, өздерінің маңызды 3 ақпаратпен, қиындық тудырған 2 терминді және сұрақтарын қойып, жауап береді.	Сабақ соңында балаларға Са-ге бай қазақтың ұлттық тағамы құрт ұсынылды.	
	1 мин	Үй тапсырмасы § 31 оқу Ағзаға кальций мен фосфор не үшін керек ? Олар қайда болады деген сұрақтарға жауап жазып келеміз.	Параграфты оқу,сұрақтарға жауап беру.	Бағалау парағы арқылы балалардың жинаған балымен бағаланады.	

Газдардың салыстырмалы тығыздығы



Бердибекова Раушан Рашидқызы
Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі «Қазалы ауданының білім бөлімінің Жанқожа батыр атындағы №70 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің химия пәні мұғалімі

Бөлім:		8.2А Зат мөлшері
Күн:	**Сыныбы : 8г**	Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:
Тақырыбы:	Газдардың салыстырмалы тығыздығы	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	8.2.3.7 -газдардың салыстырмалы тығыздығын және заттың молярлық массасын салыстырмалы тығыздық бойынша есептеу	
Сабақтың мақсаты:	✓ Газдардың салыстырмалы тығыздығын анықтайды ✓ Газдардың молярлық массасы бойынша салыстырмалы тығыздығын есептейді;	
Құндылықтар	✓ бастамашылық, белсенділік, жауапкершілік құндылықтарды дарыту ✓ батылдық, шешімділік, шешім жылдамдығы, стратегиялық ойлауға тәрбиелеу	

Сабақ барысы	**Мұғалімнің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Сабақтың басы 3 мин	**I. Ұйымдастыру кезеңі:** а) **«Мен-сізге...»** әдісі бойынша жағымды психологиялық ахуал орнатады в) **«Жарық»** әдісі бойынша топқа бірігуге нұсқау береді.	Оқушылар шеңберге тұрып **«Мен-сізге...»** тәсілі арқылы сыныпта жағымды ахуал орнатады . **«Жарық»** әдісі бойынша топтарға бірігеді.	**Кері байланыс:** Мадақтау арқылы бағаланады.	Түрлі түсті стикерлер
5мин	**II Үй тапсырмасы** **« Сәйкестендіру»** тәсілі арқылы сұрақ қояды, өткен тақырыптар бойынша білімдерін еске түсіреді. **«Кинометафора»** тәсілі арқылы сұрақтар қою отырып жаңа сабақтың тақырыбын, мақсатын анықтайды.	Оқушылар **«Сәйкестендіру»** тәсілі арқылы жауап береді, өткен тақырыптар бойынша білімдерін еске түсіреді. Берілгені 15 моль аммиак молекуласы 33,6 л 0, 25 моль аргон атомы 336 л 1,5 моль оттек молекуласы 22400 л 1000 моль көмірқышқыл газы молекуласы 5, 6 л **«Кинометафора »** тәсілі арқылы сұрақтарға жауап бере отырып, жаңа сабақтың тақырыбын, мақсатын анықтайды	**Кері байланыс:** Мадақтау арқылы бағаланады. «Жарайсың!» «Тамаша жауап»т .б	Экран https://smk.edu.kz/Attach/FileDownload/a8d5e43c-a12c-44c6-a4a3-0cd5c4192d0e
Сабақтың ортасы 3 мин	**III** Білімді толықтыру үшін оқулықтағы мәтінді оқуға тапсырма береді**.**	Оқушылар оқулықтан мәтінді оқып танысады, тірек сөздерді дәптерге жазып алады.	**Кері байланыс:** Мадақтау арқылы бағаланады.	Оқулық Химия 8-сынып

15 мин	**IV Жаңа сабақ** Мұғалімнің түсіндіруі. **Газдардың көлемдік қатынасы** Реакцияға қатысатын газдардың көлемі мен реакция нәтижесінде түзілетін газдардың көлемінің қатынасы кіші бүтін сандардың қатынасына тең $V_1:V_2:V_3 = n_1:n_2:n_3$ **Гей Люссак заңының салдары** Химиялық реакция теңдеуіндегі газ молекулаларының стехиометриялық коэффициенттері реакцияға түскен және реакция нәтижесінде түзілетін $\frac{V1}{n1} = \frac{V2}{n2}$ көлемдік ара-қатынасын көрсетеді. **Қалыпты жағдайда газдарға қатысты есептеулерде қолданылатын тұрақты шамалар** **«Кинометафора »** тәсілі арқылы білімдерін толықтырады	Оқушылар мұғалімнің түсіндіруін тыңдап , дәптерге есептеулер жүргізуге қолданылатын формулаларды , есептің шығарылу алгоритмін жазады. 1-мысал 10м^3 пропанды толық жағуға қажетті оттектің көлемін есептеңіз **Берілгені:** **V(C3H8) = 10 м^3** **Щешуі:** **1. ХРТ жазамыз** **$C3H_8$+$5O_2$ → $3CO_2$+ $4H_2O$** **1моль 5моль** Табу керек: V(O2) = ? 2. Газдардың көлемдік қатынас заңына сәйкес: $V(C_3H_8):V(O_2) = \nu(C_3H_8):\nu(O_2)$ = 1 : 5 10 м^3 :$V(O_2)$ = 1 : 5 $V(O_2) = (10 \cdot 5)/1 = 50$ м^3 Жауабы: 10 м^3 пропанды жағу үшін 50 м^3 оттек қажет болады **«Кинометафора »** тәсілі арқылы бейнеролик көреді	**Кері байланыс:** «Бутерброд» тәсілі арқылы бағалайды	Химия 8-сынып Жұмыс парағы https://smk.edu.kz/Attach/FileDownload/fd4cd15d-4e7a-413d-bc7f-4c01f377363b https://smk.edu.kz/Attach/FileDownload/478faf8b-68c5-43b6-9276-303f715eb753
15 мин	**Сабақты бекіту тапсырмалары.** Оқулықта берілген тапсырманы орындатады, бақылайды, мысал, үлгі көрсетеді. Мұғалім жаңа тақырып бойынша білімдерін тиянақтау үшін жеке, жұптық жұмыстар ұйымдастырады Жұмыстың орындалуына бақылау жасайды, ЕБҚ оқушыға қолдау көрсетеді. Жұмыстың орындалуына бақылау жасайды, ЕБҚ оқушыға қолдау көрсетеді.	1-тапсырма Химиялық реакциялар мен газдардың көлемдік қатынастары арасындағы сәйкестікті табыңдар.  **2- тапсырма** Үш құтыда сутек, көмірқышқыл газы және гелий молекулаларының модельдері берілген. Берілген мәліметтерге сәйкес кестені толтырыңдар. **ЕБҚ тапсырмасы** 1. **Газдардың көлемдік қатынас заңын кім ашты?** А.Ле Шателе В.Гей Люссак С. А.Авогадро Д. С.Аррениус **2.Газдардың көлемдік қатынас заңы қалай оқылады?**	**Дескриптор** химиялық реакциялар мен газдардың көлемдік қатынастары арасындағы сәйкестікті табады; Жалпы балл-4 **Дескриптор:** берілген мәліметтерге сәйкес кестені толтырады: Жалпы балл-6 **Дескриптор :** газдардың көлемдік заңын ашқан ғалымды анықтайды; Жалпы балл-2	**Оқулық** Химия 8-сынып Тапсырма жазылған парактар
Сабақтың соңы 2 мин	**Кері байланыс** «Шығу билеті» Маған сабақта қиын болды ..... Маған сабақта жеңіл болды ..... Маған әлі де көмек керек ….....	**Кері байланыс** «Шығу билеті» Маған сабақта қиын болды ..... Маған сабақта жеңіл болды ..... Маған әлі де көмек керек …..	**Кері байланыс:** **«Шығу билеті»** арқылы	
2 мин	**Үй тапсырмасы §.19 оқу**			

Экожүйедегі энергия тасымалдау



Махашова Мирамкуль
Қызылорда облысы Қазалы ауданы Ғани Мұратбаев атындағы №91 мектептің биология пәнінің мұғалімі

Бөлім: 9.1В **Биосфера және экожүйе**	Мектеп: Ғани Мұратбаев атындлағы №91 мектеп	
Мұғалімнің аты-жөні:	Махашова М	
Күні:	16.09.2025 ж	
Сынып: 9 **а,б**	Қатысушылар:	Қатыспағандар:
Сабақтың тақырыбы:	Экожүйедегі энергия тасымалдау	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты:	9.3.1.3 – энергия, биомасса және сандар пирамидаларын салыстыру	
Сабақтың мақсаты:	– Экожүйедегі энергия тасымалдау тиімділігі ерекшелігін сипаттау; – Қоректік тізбек құрылымын талдау; – Энергия, биомасса және сандар пирамидасын салыстыру.	
Ұлттық құндылықтар	– Еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылыс; – Бірлік және ынтымақ	
Аптаның дәйекті сөзі	– Қыркүйек – еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік айы	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Мұғалімнің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	**Ұйымдастыру кезеңі.** Сәлемдесу. Оқушыларды түгелдеу **«Жақсы лебіз»** әдісі арқылы ынтымақтастыру атмосферасын құру Қоректік тізбек компоненттері бойынша жіктелген атаулары бар қағаз қиындылары арқылы топқа бөлінеді. **«ББББ»** әдісі арқылы бейнефильм көрсете отырып жаңа сабақтың тақырыбы мен мақсатын анықтау. **Жетелеуші сұрақтар қою:** – Экологиялық жүйе дегеніміз не ? – Тірі ағзалардың қоректену типтері – Экологиялық пирамида дегеніміз не оның қандай түрлері бар? Оқушылардың ой-пікірлері тыңдалған соң, мұғалім тарапынан пікірлерге қатысты кері байланыс беріліп, жаңа сабақтың тақырыбы мен мақсаты таныстырылып, айтылады. **Мағынаны ашу.** Мұғалім слайд көмегімен жаңа сабақ мазмұнына қатысты қысқаша ақпарат береді.	Оқушылар бір-біріне тілектер мен арнаулар айтады. Оқушылар ББББ кестесіне сәйкес тақтада көрсетілген сурет (популяция) бойынша не білетіндерімен бөліседі, сабақ тақырыбы мен мақсатын тұжырымдайды, тақырыптың қорытынды бейнесін анықтайды әрі логикалық ойлау қабілеті дамиды.	Көтеріңкі көңіл күй, жағымды орта Оқушылар компоненттерді дұрыс топтастыру арқылы топтасады. Ауызша ҚБ **Керемет! Жарайсыз!**	(Қазіргі жағдайда) ДК экраны Слайд Жұмыс дәптері Слайд Сурет

Сабақтың ортасы	Мағынаны тану **1. «Суреттер сөйлейді»** әдісі жеке жұмыс бойынша оқушыларға суреттер таратылады. Суреттегі ағзалардың қоректік деңгейлерін анықтап жазу ұсынылады. 1) Продуценттер ... 2) Консументтер I реттік ... 3) Консументтер II реттік ... 4) Консументтер III реттік ... 5) Редуценттер ... **2. «ДЖИГСО»** әдісі арқылы топтық жұмыс **1)** Қоректік тізбек, энергия ағыны, қоректік құрылым. **2)** Экологиялық пирамида түрлері, сандық, биомасса, энергия. **3)** Он пайыз ережесі, энергияның ауысу тиімділігі **Постер критерийлері:** • Ақпараттың нақты әрі түсінікті болуы; • Креативтілік; • Ақпараттың мазмұндылығы; • Тайм-менеджмент. **3.** «Ал, есептейік» сыни тұрғысынан ойлауға бағытталған жұптық жұмыс Энергия берілу реті экологиялық пирамида ережесіне сай жүргізіледі. Сандық пирамидада жеке ағзаның саны, биомассада ағзаның массасы анықталады. Биомасса өнімділігі энергия пирамидасы заңы немесе 10% ережесі арқылы есептеледі. Мысалы оқулықтағы 6-суретте берілген ағзалардың массасының арақатынасына мән берейік. Акула 1кг салмақ қосу үшін 10 кг балық немесе 100кг планктон және 1000кг ұсақ ағзалар қажет. **Сұрақ:** 1) Суқоймасында массасы 8 кг шортан өсу үшін қанша мөлшерде планктон қажет? 2) Дүкенде пакеттегі сүттің сыртындағы массасы мен энергетикалық құндылығына қараңыз. 10% ережеге сай кеткен шөп мөлшерін массасын есептеп шығарыңыз. Адам денесінің ұлпаларына сүттің қанша мөлшері (граммен және энергиямен) сіңіріледі?	Барлық және ЕҚБ тобындағы сөйлеу қабілеті нашар оқушылар ағзаларды анықтап сәйкесінше жаза отырып, сабақ мақсатындағы бірінші деңгейін орындайды. Оқушылар берілген дерек бойынша қажетті тапсырмаларды орындап, қорытынды жасайды. Мәліметке сүйене отырып жағдаяттық тапсырманы орындау барысында оқушылар экожүйеде түзілетін энергияның мөлшерін салыстырады Оқушылар жұптасып тапсырмаларды орындайды Жаңа тақырыпты күнделікті өмірмен байланыстырады.	ҚБ «Карусель» әдісі Дескриптор: энергияның берілу жолдарын анықтайды энергияның сақталу мөлшерін салыстырады. ҚБ «Бағдаршам» әдісі **Мұғалімнің басқаруымен өзара топтық бағалау** Дескриптор: **қоректік тізбек құрылымы мен қасиеттерін анықтайды;** **экологиялық пирамида түрлерін біледі және олардың ерекшеліктерін сипаттайды;** 10% **ережесін түсіндіреді.** ҚБ мұғалім басқаруымен өзара жұптық Жалпы 4 балл Дескриптор: **мәтінде энергия пирамидасы немесе 10% ережесінің тиімділігін анықтайды;** **планктон мөлшерін есептейді;** **экожүйедегі энергияның мөлшерін салыстырады**	Оқулық Жұмыс дәптері Суреттер Оқулық Жұмыс дәптері Сызғыш Түрлі түсті қалам А3 Жұмыс парағы Жұмыс дәптері Оқулық Слайд
Сабақты бекіту Сабақтың соңы	«3 минуттық эссе» **жаттығуы арқылы сабақты бекіту.** Кері байланыс. «Білім пирамидасы» **әдісі арқылы** 	Оқушылар өтілген тақырып мазмұнына қатысты экожүйедегі қоректік тізбектің болуының маңыздылығы мен экологиялық пирамидалар заңдылығына қатысты 15 сөзден тұратын сөйлеммен қорытындылайды.	**ҚБ «Ду, қол шапалақ!»** Өз тұжырымымен бөліскен әр оқушыға	Тақта Слайд Стикерлер

Эстафеталық ойындар



Алмағанбет Нұрали Қарасайұлы
Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті Жаңқожа батыр атындағы №70 орта мектебінің дене шынықтыру пәні мұғалімі

Сабақ тақырыбы	Эстафеталық ойындар
Оқу мақсаттары	6.1.1.1 Аз ауқымды арнайы спорттық қозғалыс әрекеттерінің дәлдігін бақылауды және үйлесімділікті дамытуға арналған қимыл-қозғалысты дағдыларын қолдану.
Сабақ мақсаттары	Арнайы спорттық қозғалыс әрекеттерінің дәлдігін бақылай алады, эстафеталық ойындар арқылы қимыл-қозғалыс дағдыларын қолданады.
Құндылықтар	«Біртұтас тәрбие» бағдарламасына негізделген Тәуелсіздік және отаншылдық құндылығы
Сабақ барысы	

Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Педагогтың іс-әрекет	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдастыру кезеңі 10 мин.	Оқушылармен сәлемдесу. Түгелдеу. Спорттық киімдеріне назар аудару. Қауіпсіздік ережесін таныстыру. Жүру жаттығулары - Екі қол жоғарыда , аяқтың ұшымен жүру; - Екі қол белде өкшемен жүру; - Екі қол жанда аяқтың сыртқы қырымен жүру; Жүгіру жаттығулары - Екі қолды алға айналдырып оң жақ қырмен жүгіру; - Екі қолды артқа айналдырып сол жақ қырмен жүгіру; - Екі қолды алға ұстап, тізені көтеріп алақанға тигізіп жүгіру; - Екі қолды артқа қойып, өкшені алақанға тигізіп жүгіру; - Жылдамдыққа жүгіру; - Тыныстықалыпқа келтіру Шеңбер бойына тұрып ЖДЖ орындайды. - Екі қол белде 1-2 басты оңға,3-4 солға айналдырамыз; - Екі қол иықта 1-2 алға, 3-4 артқа айналдырамыз; - Екі қолды алға созып 10 рет қайшылаймыз; - Екі қол белде 1-2 оң жаққа , 3-4 сол жаққа иілеміз; - Екі қол тізеде 1-2 ішке, 3-4 сыртқа айналдырамыз; - Екі қол белде оң аяқпен 10 рет, сол аяқпен 10 рет секіреміз; Жаңа сабақтың мақсатымен таныстыру. Оқушыларға топта ойын кезіндегі қауіпсіздікті ескерту. Бір-бірлерінің ойын тыңдап, идеялармен бөлісуді дағдыландыру. Түрлі тапсырмаларды орындау кезінде қолайлы оқу ортасын құрып, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Ойын кезінде құрал-жабдықтармен мұқият жұмыс жасауды үйрету. Оқушыларды шахмат фигуралары арқылы 2 топқа бөлу.	Оқушылар мұғалім нұсқауымен жаттығуларды орындайды	. Мадақтау «Жарайсың дар!	Әр іс-әрекет түрі үшін үлкен бос кеңістіктің болуы керек. Мұғалім үшін ысқырық, секундомер т.б Оқушылар дың денсаулығы на және формасына назар аудару

Жаңа сабақ 25-30 мин.	«Аялдама» әдісі арқылы «Эстафеталық ойындар»ойнату Ойынның шарты: Ойын 4 кезеңнен тұрады және әр кезеңге өту барысында аяладамада жасырылған сұрақтарға жауап береді. Топқа бөлінген оқушылар ойын кезеңдері бойынша әр аялдамаға өткен сайын берілген сұрақтарға жауап береді. Оқушының жауабы қате болса, айып жаттығуын орындайды, ал дұрыс жауап берсе, келесі аялдамаға кедергісіз өте алады. 1-кезеңде сөреден шығып, кедергілер арасынан допты жерге ұра отырып, келесі белгіленген аялдамаға барып, сұраққа жауап береді. 2-кезең бойынша оқушылар допты аяғына допты қысу арқылы кедергілер арасынан өтіп, келесі аялдаманың сұрағына жауап береді. 3-кезеңде теннис ракеткасы арқылы теннис шарын түсірмей, кедергілер арасымен өтіп, келесі белгіленген аялдамаға барып, сұраққа жауап береді. 4-кезеңде оқушы екі шығыршықты алма кезек қою арқылы мәреге жетіп, жалаушаны көтергенде, топтағы келесі ойыншы жалғастырады. Әрі қарай ойын осы ереже бойынша жалғастырылады. Жарысты бірінші болып аяқтаған топ жеңіске жетеді. «Тәуелсіздік» аялдамасы. 1-кезең сұрақтары: 1.Қазақстан қашан тәуелсіздік алды? (1991ж,16 желтоқсан) 2.Республика күні қай күн? (25 қазан) 3. Әнұран авторларын ата (Нәжмәдинов, Назарбаев, Қалдаяқов) 4. «Желтоқсан оқиғасы» қашан болған? (1986ж,16 желтоқсан) 5.Мемлекеттік тудың авторы кім? (Ш.Ниязбеков) 6. Рәміздерді атаңыз. (Ту, Әнұран, Елтаңба) 7. Тұңғыш қазақ ғарышкері (Т. Әубәкіров) 8.Желтоқсан құрбандарын атаңыз. (Қайрат, Сәбира, Ләззат, Ербол т.б) 9. Бізге шекаралас елдерді атаңыз. (Қытай, Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан т.б.) 10.Наурыз мерекесі қай күні тойланады? (22 наурыз) «Ұлттық ойындар»аялдамасы. 2-кезең сұрақтары: 1.Қазақтың зияткерлік ұлттық ойыны (Тоғызқұмалақ) 2. «Ханталапай» ойыны немен ойналады (Асық) 3. Атқа мініп қызды қуып жету ойыны (Қыз қуу) 4.Атқа мініп екі адам бір-бірін аударып түсіретін ойын. (Аударыспақ) 5.Ат үстінде ойналатын ұлттық ойындарды атаңыз (Теңге алу, Бәйге, Көкпар т.б.) 6.Ұлттық ойындар неге тәрбиелейді? (Ептілікке, мергендікке, шапшаңдыққа т.б) 7. «Тоғызқұмалақ» ойынында әр ойыншыда неше отау болады? (тоғыз) 8. «Тоғызқұмалақ» ойынында құмалақтар саны қанша? (162) 9.Наурыз мерекесінде қандай ұлттық ойындар өткізуге болады? (Арқан тартыс, қол күрес, гір көтеру т.б.) 10. Түнде ойналатын ұлттық ойынды атаңыз (Ақсүйек) «Спорт алаңы» аялдамасы. 3-кезең сұрақтары: 1.Қысқа қашықтыққа жүгіруде қандай сөре (старт) түрі қолданылады? (төмен)	Денсаулық нығайту Жаттығулары барысында қауіпсіздік техникасын дұрыс сақтайды. Мақсатқа жетуде командалық жұмыста көшбасшылық танытады. Тапсырманы орындау барысында сұрақтарға жауап береді.	«Бас бармақ» әдісі арқылы бағаланады.	Шығыршық, волейбол, баскетбол доптары Ракетка, шар Кедергілер, секіртпелер Әрбір қызмет түрі үшін үлкен бос кеңістік. Үлкен, бос кеңістік. Мұғалімге ысқырық, секіртпе, фишкалар, доптар.

	2. Үш дүркін әлем чемпионы болған Қазақстандық ауыр атлетшіні атаңыз. (Иьля Илин) 3.Дзюдо күресінен Қазақтан шыққан тұңғыш олимпиада чемпионы (Елдос Сметов) 4.Баскетбол ойынында бір командада алаңда неше ойыншыдан болады? (5 ойыншы) 5. Футбол ойынында қақпашның қызметі қандай? (Қақпаны қорғау) 6. Бекзат Саттарханов қай олимпиаданың чемпионы? (Сидней) 7. Волейболда алаңның бір жағында неше ойыншы ойнайды? (6 ойыншы) 8. Жақсылық Үшкемпіров спорттың қай түрімен айналысқан? (грек-рим күресі) 9. 2024 жылғы Жазғы олимпиада ойындары қай елде өтті?(Франция,Парижде) 10. Қазалыдан шыққан танымал футболшыны атаңыз. (Дәуренбек Тәжімбетов) «Жеңіс» аялдамасы. 4-кезеңде ойыншылар кезегі жалғастырылады. Жеңіс жалаушасы көтеріледі.			
Қорытынды 5 мин	«Сабақты қорытындылау» Оқушыларды сапқа тұрғызу; Бастапқы қалыпқа келтіру; Сұрақ-жауап арқылы кері байланыс жүргізу. Жақсы нәтижеге қол жеткізген оқушы мен капитанды атайды. Жетілдіру жаттығуларын ұсынады.	Қиын болған немесе жүзеге асыра алмаған мәселелер бойынша сұрақ қояды. Мұғалім сұрағына жауап береді.	Қол шапалақтау	

Бірінші ондық сандар

Дабыл Нұргүл
Қызылорда облысы Қазалы ауданы.Жанқожа батыр атындағы №70 орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі

Бөлім	Өзім туралы
Арнайы педагогтің Т.А.Ә.	Дабыл Нұргүл
Күні:	08.09.2025 жыл
Пәні: Математика	
Сынып: 3-сынып (жеке сабақ)	Қатысушылар саны: 1
Сабақтың тақырыбы:	Бірінші ондық сандар
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары:	3.2.1.1 тура және кері тәртіпте 1-ден бастап 20-ға дейінгі аралықта, сондай-ақ кез келген сандардар аралығында (реттік және сандық) атап беру;
Сабақтың мақсаты:	Бірінші ондық сандар бойынша тапсырма орындайды.

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі	Арнайы педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	Психологиялық ахуал қалыптастыру. Қайырлы таң досым, Қайырлы күн болсын. Жеті күннің әр кезі, Сәттілікке толсын. Біздің алар бағамыз, Жұлдызша болсын. - Осы алған жылуымызбен, күш - қуатымызбен сабағымызды бастаймыз.	Психологиялық ахуалға берілген өлең жолдарын дауыстап айтып, тілді жаттықтыру және сабаққа назар аудару.		Жұмыс дәптері, қаламса, бояу қалам
Сабақтың ортасы	-Көңіл-күйің қалай? -Сабаққа деген көңіл-күйің жақсы болса, онда сабағымызды бастаймыз! -Біз бүгін «Бірінші ондық сандар» тақырыбымен танысатын боламыз. -Айналамыздағы заттардан мысал келтірейік. **«Ой қозғау» тапсырмасы** 	Сұраққа жауап береді. Тақырыппен танысады. Қыздың ойыншығын алуына көмектеседі. Оқиды.	 Өте жақсы, жарайсың! Жарайсың! Жарайсың!	Суреттер Жұмыс дәптері

	Оқулықпен жұмыс **1-тапсырма «Анықта» әдісі**  1. Оқы. Түсіп қалған сандарды ата. Барлық сандарды дәптерге жаз. 1 3 4 6 8 10 **2**-тапсырма «Ойлан, тап?» тапсырмасы  2. Геометриялық фигураларды ретімен ата. Сол жақтан бастап. Шаршы саны бойынша нешінші? Дөңгелек? Сопақша? Үшбұрыш? Тікбұрыш? **Сергіту сәті:** «Бір аптада» өлеңін жаттаған едік, кәне есімізге түсірейік. Бірінші күн - дүйсенбі Екінші күн - сейсенбі Үшінші күн - сәрсенбі Төртінші күн - бейсенбі Бесінші күн - жұма Алтыншы күн - сенбі Жетінші күн - жексенбі 1 - 7 шейін тура, кері санайық. 1 2 3 4 5 6 7 7 6 5 4 3 2 1 Дәптермен жұмыс **3-тапсырма** «Білгішбек» тапсырмасы  3. Дәптерге 6, 9, 2, 5, 7, 4, 8, 3 сандарының көршісін жаз. Былай жаз: 5 6 7 **4-тапсырма** «Салыстыру» әдісі  4. Зат топтарын салыстыр. Нәтижесін жаз. >, <, = белгілерін пайдалан. Сол жақтағы, оң жақтағы заттар тобын бір сөзбен ата.	Геометриялық фигураларды ретімен атайды. Сергіту сәтін ұстазымен қайталайды Көршілерін жазады. Салыстырады.	Сен ақылдысың! Жарайсың! Сен ақылдысың!	
Үй тапсырмасы	Бірден онға дейін сандарды кері санап, қосып азайтып үйренеміз	Үй тапсырмасын белгілеп алады.		
Сабақтың соңы	- Біз бүгінгі сабақта не істедік? - Не білдік? Кері байланыс:  	Сұрақтарға жауап береді	 	

Бактерия, саңырауқұлақ, өсімдік және жануар жасушаларының құрылым ерекшеліктері мен қызметтері

Тілеген Қаракөз Ертасқызы
Қызылорда облысы, Қазалы ауданы №100 орта мектебінің биология пәні мұғалімі

Бөлім:		«Молекулалық биология және биохимия»
Педагогтің аты-жөні:		**Қ.Тілеген**
Күн:	Сыныбы : 10	Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:
Тақырыбы:	Бактерия, саңырауқұлақ., өсімдік және жануар жасушаларының құрылым ерекшеліктері мен қызметтері	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	10.4.2.3 прокариот және эукариот жасушаларының құрылым ерекшеліктері мен қызметтерін салыстыру	
Сабақтың мақсаты:	Прокариот және эукариот жасушаларының құрылым ерекшеліктері мен қызметтерін сипаттайды Жануарлар мен өсімдіктер жасушаларының құрылымдық компонентерінің органоидтерін талдайды Жануарлар мен өсімдіктер жасушаларының қызметтерін жинақтайды	
Құндылықтар	-оқушылар сабақ барысында өзіне және өзгелерге кедергі келтірмейді, өзгенің ойын соңына дейін тыңдайды. -өзара бағалау мен өзіндік бағалауда шыншылдық таныту. -оқушы деңгейіне сәйкес өз бетімен тапсырмаларды орындау үшін тапсырманы орындау стратегиясын жоспарлайды.	
Дәйек сөз	«Еңбек –жайғана қызмет емес, адам болмысының айнасы»	

Сабақ барысы/ уақыты	Мұғалімнің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 3 мин	I. Ұйымдастыру кезеңі: 1.Сәлемдесу 2.Ынтымақтастық орта құру. «Good morning» әдісі арқылы жағымды ахуал туғызу 3.«QR code generator» әдісі арқылы топқа бөлу	Оқушылар тақтада ілініп тұрған бір стикерден өзіне керегін алады. Өздеріне сенімділігі артып алдына мақсат қояды.	Кері байланыс: Мадақтау арқылы бағаланады.	
Ой қозғау 10мин	II Үй тапсырмасы «Атаулар туралы үш сұрақ» Қайда? Қалай? Қандай? 1.Ситестерол және стигмастерол қайда кездеседі? 2.Биомолекулалық фосфолипидтер қабатындағы нәруыз молекулалары қалай орналасқан? 3.Мембрананың сұйық-кристалдық моделіне сәйкес онда нәруыздар мен фосфолипидтер қандай жағдайда болады?	1.Оқушылар үйге берілген тапсырмаға байланысты Қайда? Қалай? Қандай? аттыашық, жетелеуші сұрақтарға жауап береді. Қайта бағыттау, жетелеуші, ашық сұрақтар көрініс табады.	Кері байланыс: Оқушыларға бағалау парақша таратылады. Жұлдызша тарату	

<table>
<tr>
<td>Саабақтың ортасы
Ой жалғау
20 мин

Оқу, жазу, тапсырма орындау арқылы тақырыпты меңгеру бөлімі</td>
<td>III. «Ойлан, жұптас,бөліс» әдісі
Мұғалім жаңа тақырып бойынша АКТ қолдану арқылы қысқаша ақпарат береді, топтық жұмыс ұйымдастырады.
1-топ « Бактерия жасушасының құрылысы»
2-топ «Саңырауқұлақ жасушасының құрылысы»
3-топ «Өсімдік жасушасының құрылысы», «Жануар жасушасының құрылысы» туралы ақпаратты оқып, танысуды ұсынады.
Постер қорғайды,Эссе жазады,</td>
<td>Оқушылар шағын топта мәтіннен ақпарат алып оны түсініп қысқартып, өңдеп т.б оқылым, жазылым дағдысын еркін қолдана алады.
Дескриптор: 3б–1.
Саңырауқұлақ жасуша қабығының құрылыс ерекшелігін сипаттайды
2.Өсімдік жануар жасушасының айырмашылығын ажыратады.</td>
<td>Кері байланыс:

«Еркін микрофон» әдісі арқылы топ бір-бірін бағалайды

беріледі</td>
<td>А4 парағы

Маркер

Флипчарт

телефон</td>
</tr>
<tr>
<td>Ой күмбезі

10мин</td>
<td>Сабақты бекіту тапсырмалары.Цифрлық платформада
1.«Элективті тест»әдісі арқылы жасушалардың сипаттамасымен түрі арасындағы сәйкестікті орнатады
Дескриптор: 2б
-берілген суретте нұсқалар бағытын анықтайды
-жасушалардың сипаттамасымен түрі арасындағы сәйкестікті орнатады
2.Жұптық жұмыс:
1-тапсырма
А.Саңырауқұлақ және бактерия жасушасын салыстырыңдар.
<table>
<tr><td>Жасушалар</td><td>Ұсқастығы</td><td>Айырмашылығы</td></tr>
<tr><td>Саңырауқұлақ</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Бактерия</td><td></td><td></td></tr>
</table>
Дескриптор:
берілген саңырауқұлақ пен бактерия жасушасын салыстырады;
Жалпы балл-2
В.Өсімдік және жануар жасушасын салыстырыңдар.
<table>
<tr><td>Жасушалар</td><td>Ұсқастығы</td><td>Айырмашылығы</td></tr>
<tr><td>Өсімдік</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Жануар</td><td></td><td></td></tr>
</table>
Дескриптор:
берілген өсімдік пен жануар жасушасын салыстырады;
Жалпы балл-2
С.Суретте 1-ден 6-ға дейін бағдарсызықпен көрсетілген бактерия жасушасының бөліктерін атын тауып жазыңдар.


Дескриптор:
суретте көрсетілген жасуша органоидтарының атын тауып жазады;
Жалпы балл-4</td>
<td>Оқушылар телефонына сілтеме жіберіледі. Сол сілтеме арқылы балалар тапсырма орындайды.

Саңырауқұлақ және бактерия жасушасын салыстырады.

Өсімдік және жануар жасушасын салыстырады.

Суретте 1-ден 6-ға дейін бағдарсызықпен көрсетілген бактерия жасушасының бөліктерін атын тауып жазады

-мәтін мен суртетті қолдана отырып тапсырмасын орындайды</td>
<td>ҚБ:
Оқушыларға таратылған Бағалау парақшасын толтырып отырады.

Кері байланыс:
Оқушыларға бағалау парақша таратылады.</td>
<td>https://learning apps.org/ watch ?v=pkn10ox0n23

2-қосымша
Тапсырма жазылған парақтар</td>
</tr>
</table>

Сабақтың соңы Ой толғаныс 2мин	Кері байланыс «3+2+1» арқылы кері байланыс жасауды ұсынады	Кері байланыс «3+2+1» арқылы кері байланыс арқылы ұнаған 3кезең, ұнаған 2 сұрақ, келесі сабаққа 1 ұсынысжазады.	Кері байланыс: «3+2+1» арқылы	парақша
	Бактерия, саңырауқұлақ., өсімдік және жануар жасушаларының құрылым ерекшеліктері мен қызметтері			

Оқу үрдісіндегі инновациялық әдістер мен технологиялар

Жұмахметов Ардак Аймагамбетович
Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті Жанқожа батыр атындағы №70 орта мектептің Дене шынықтыру пәні мұғалімі

XXI ғасырда білім беру саласы қарқынды түрде дамып келеді. Жаһандану мен технологиялардың қарқынды дамуы білім беру жүйесінен де жаңаша ойлауды, жаңаша әдістер мен технологияларды талап етеді. Бұл мақалада біз оқу үрдісін тиімді етуге бағытталған инновациялық әдістер мен технологиялардың қазіргі заманғы білім беру жүйесіндегі орнын зерттеп, олардың артықшылықтары мен қолдану мүмкіндіктерін талдаймыз.

Оқу процесін жаңартудағы негізгі мақсаттардың бірі - оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, сыни ойлау мен проблема шешу дағдыларын қалыптастыру, сондай-ақ, білім алу процесін қызықты және тиімді ету. Инновациялық әдістер мен технологиялар осы мақсаттарға жетуге көмектеседі.

Қазіргі білім беру оқушыларды оқыту процесіне жаңа технологиялар мен білім беру платформаларын көбірек енгізуде. Осындай педагогикалық идеялардың бірі бастауыш сыныптарды оқыту мен дайындауда білім беру платформаларын тиімді пайдалану болып табылады. Бұл идея мамандандырылған платформаларды пайдалану арқылы оқушылар білімді белсенді және тиімді меңгере алады, қосымша білім беру ресурстарына қол жеткізе алады және өз дағдыларын дамыта алады деген сенімге негізделген.

Қазіргі уақытта балалар онлайн кеңістікте көбірек уақыт өткізеді, сондықтан бұл үрдісті білім беру пайдасына пайдалану ұсынылады. Білім беру платформалары ең кішкентай оқушылар үшін тартымды интерактивті курстар құруға мүмкіндік береді. Мұндай платформаларда графикалық элементтер, анимациялар, викториналар және басқа интерактивті форматтар сияқты көптеген мүмкіндіктер бар. Бұл балалардың қызығушылығы мен мотивациясын тудырады, бұл тақырыпты тереңірек зерттеуге және материалды жақсы игеруге ықпал етеді.[1]

Сонымен қатар, білім беру платформалары қашықтықтан оқытуға мүмкіндік береді, бұл әсіресе пандемия мен мектепке барудың уақытша шектеулеріне қатысты. Осындай платформалардың көмегімен оқушыларға әртүрлі сабақ форматтары қол жетімді: онлайн сабақтар, бейне сабақтар, вебинарлар және т.б. Мұның бәрі білім беру процесінің үздіксіздігін қамтамасыз етуге және әр оқушыға үйден шықпай-ақ сапалы білім алуға мүмкіндік береді.

Алайда, бастауыш сыныптарды оқытуда білім беру платформаларын тиімді пайдалану үшін кейбір аспектілерге назар аудару қажет. Балалардың жас ерекшеліктерін ескеру және оларға білім беру және ойын-сауық компоненттерін біріктіретін қызықты және түсінікті мазмұнды ұсыну маңызды. Сондай-ақ оқу үдерісін тиісті ұйымдастыруды қамтамасыз ету және оқушылар мен педагогтар арасындағы белсенді өзара іс-қимылды қолдау қажет.[2]

Бастауыш сыныптарды оқыту мен дайындауда білім беру платформаларын тиімді пайдалану балалардың дамуына жаңа мүмкіндіктер ашады және оларға оқытуға неғұрлым интерактивті және жекелендірілген тәсіл ұсынады. Бұл оқуға деген тұрақты қызығушылықты және білімге деген оң көзқарасты қалыптастыруға көмектесетін оқу мен ойын-сауықты біріктіруге мүмкіндік береді. Осылайша, бастауыш сыныптарда білім беру платформаларын пайдалану қазіргі педагогикалық практиканың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады және бастауыш сынып оқушыларына білім беруде жақсы нәтижелерге қол жеткізуге әкеледі.

Компьютер оқушының дербес әрекетінің құралы ретінде әрекет етеді.

Бастауыш сыныпта компьютермен жұмысты ұйымдастырудың ең тиімді түрі презентацияларды пайдалана отырып сабақ өткізу болып табылады. Оқушыларды оқытудың дәстүрлі түрлерімен салыстырғанда ақпаратты берудің мультимедиялық әдісі бірқатар артықшылықтарға

ие:

- ақпаратты компьютер экранында ойын түрінде көрсету оқушылардың онымен жұмыс істеуге құштарлығын тудырады;

- компьютерде оқушының жас ерекшелігіне сәйкес түсінікті бейнелі ақпарат түрі бар;

- қимылдар, дыбыс, анимация оқушының назарын ұзақ уақыт ұстайды;

- компьютердің өзі (ертегі кейіпкерлері) дұрыс шешкен кезде проблемалық тапсырмалар мен баланы мадақтау балалардың танымдық белсенділігін ынталандыру болып табылады;

- компьютер күнделікті өмірде көрінбейтін жағдайларды имитациялауға мүмкіндік береді (спутниктік ұшу, өсімдіктердің өсуі, басқа да ерекше әсерлер). [3]

Қазіргі уақытта оқушыларға арналған компьютерлік ойындарды таңдау өте кең. Көбінесе педагогтар негізінен дамытатын, азырақ білім беру және диагностикалық ойындарды пайдаланады.

Олардың ішінде:

- математикалық ұғымдарды дамыту бойынша: «Арифметикалық арал», «Оқушыларға арналған математика»;

- фонематикалық естуді дамыту және оқуды үйрену үшін: «Мәриям оқуды үйренеді», «Праймер», «Үкі апайдың сабақтары»;

- музыкалық дамыту үшін: «Музыка құрастырайық»;

- негізгі психикалық процестерді дамыту бойынша: «Жануарлар альбомы», «Қар ханшайымы», «Кішкентай су перісі», «Планетаны қоқыстан құтқарайық», «Планетадан кометаға», «Кішкентай іздеуші»;

- көркемдік және шығармашылық даму үшін: «Сиқырлы өзгерістер», «Сиқырлы сандық», «Тышқан Лия. Жас дизайнер», «Сурет салуды үйрену»;

- оқу ойындары: «Пішін. Кішкентай суретшілерге арналған кескіндеме сырлары», «Информатика әлемі». Бұл ойындардың көпшілігі тек психикалық процестерді дамыту үшін қолданылады: зейін, есте сақтау, ойлау. Сондықтан педагогтардың тікелей бағдарламалық есептерді шешуге бағытталған өзіндік электрондық оқулықты әзірлеуі қажеттілік болып табылады.

Электрондық оқулық мынадай болуы керек:

- ойнақы, когнитивтік-дамытушы,

- графикалық түрде жақсы жобаланған,

- жақсы дыбыстық дизайнмен,

- жеткілікті қарапайым сюжеті бар,

- қарапайым ойын және басқару элементтері бар,

- ұзақтығы қысқа болуы керек. Бұл ұсыныстардың барлығы мұғалімге оқу үдерісі үшін «дұрыс» өзіндік электрондық оқулық құруға мүмкіндік береді.

PowerPoint – динамика, дыбыс және кескінді біріктіретін ақпаратты ұсынудың ыңғайлы және тиімді әдісі, яғни оқушының назарын ең ұзақ уақыт бойы ұстайтын факторлар. Қабылдаудың ең маңызды екі мүшесіне (есту және көру) бір мезгілде әсер ету оқу материалын дәстүрлі жеткізуге қарағанда әлдеқайда үлкен әсерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Презентацияны көрсетуді әдемі оқушылар кітабын көрсетумен салыстыруға болады, мұнда барлық беттерде жазуы бар үлкен жарқын сурет бар. Электрондық оқулықты пайдалана отырып сабақты жоспарлау кезінде келесі дидактикалық талаптарды сақтау қажет:

- оқу процесінде ресурсты пайдалану мақсатын анықтау;

- пайдалану уақыты мен орнын анықтау;

-оқу материалының ерекшелігін ескеру;

- оқушылардың жас ерекшеліктеріне тоқталу;

- мәтіндік материалды шамадан тыс жүктемені болдырмайтындай етіп таңдау (ол ғылыми, оқушыларға түсінікті, қысқа және мәнерлі болуы керек);

- жеке слайдтардың композициялық шешімдерін ойластыру;

- слайдтардың қажетсіз бөлшектермен жүктелмегеніне көз жеткізіңіз;

- ойын компьютеріндегі тапсырмалар уақыт бойынша елеусіз болуы керек. Мультимедиялық технологияларды әр сабақта қолдану мүмкін емес, өйткені мұндай сабақтарды дайындау мен ұйымдастыруда тәрбиешіден де, оқушылардан да қарапайым оқытуға қарағанда көбірек интеллектуалдық және эмоционалдық күш-жігер қажет. [4]

Егер жұмысымызда қолданатын мультимедиялық құралдар туралы айтатын болсақ, онда оларды шартты түрде топтарға бөлуге болады: 1) бейнефильмдер, 2) компьютерлік ойындар, 3) компьютерлік презентациялар. Бейнежазбаны пайдалану сабақты әрқашан эмоционалды және тиімді етеді, әсіресе мультфильмдерге қатысты. Анимация қызықты және танымдық қана емес, ол оқушыларға ақпаратты қарапайым көрнекі түрде жеткізуге мүмкіндік береді. Мультфильмдерге деген қызығушылық қайталап қараған кезде әлсіремегені маңызды. Бұл материалды қайталауға назар аударуға көмектеседі және қабылдаудың тиімділігін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, оқушылардың өздері қарапайым мультфильмдер жасау процесіне қосылуы мүмкін. Әрине, мұғалімдер өз жұмысында мультфильмдер немесе басқа бейнелерді көрумен шектелмейді. Кейбір педагогтар ашық сабақтарға дайындық кезінде бейнелерді немесе сөйлеу жазбаларын жиі пайдалануы керек. Олардың көмегімен олар оқушылармен спектакльдің жеке элементтерін немесе концерттік бағдарламаның материалын пысықтайды. Біраз уақыттан бері онлайн-компьютерлік ойындар қолданыла бастады (әзірге тек жеке сабақтар үшін). Компьютерлік ойында ұсынылған тапсырмаларды орындау арқылы бала материалды меңгеру барысында қосымша түсіндірулер мен дағдыларды дамытуды қажет ететін қиындықтар туындаған жағдайда топта алған білімін бекітеді немесе түзетеді.

PowerPoint презентацияларын балалармен жұмыс істеуде жұмыс үстеліндегі компьютерде немесе ноутбукте топта, кеңседе де, интерактивті тақтаны пайдалану арқылы да қолдануға болады. Презентация құралдарын пайдалану сабаққа көрнекілік әсерін енгізуге мүмкіндік береді және түзету білім беруді қажет ететін балаға материалды тезірек және толық меңгеруге көмектеседі. Біздің медиатекамызда балалардың электронды презентациялары мен ойындарын жасауға арналған әртүрлі ақпараттық ресурстар-сайттардан алынған лексикалық тақырыптарға, жобаларға, мерекелерге, түрлі іс-шараларға арналған компьютерлік презентациялар бар.

(http://www.forchel/ru- Developmental presentations; http:/ /volchki .ru/presentations/

- арналған ойындар мен презентациялар; http://lutiksol.

narod2.ru/

- мультимедиялық презентациялар http://900igr.net/, http://eor-np.ru/. Сондай-ақ педагогтар PowerPoint мүмкіндіктеріне сүйене отырып, түпнұсқа мультимедиялық презентациялар жасайды. Мұғалімдер кез келген қолжетімді интернет сайттарында сабаққа электронды білім беру ресурстарын таңдайды, коммерциялық электронды басылымдарды пайдаланады. Сонымен бірге олар өздері тапқан материалдарды өз бетінше бағалай отырып, сарапшы ретінде әрекет етіп, олардың негізгі мазмұндық-әдістемелік және конструкторлық-эргономикалық талаптарға сай келетіндерін ғана пайдалануы керек.

Қазіргі әлемде қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру кезінде біздің білімімізді кеңейтуге және математикалық интуицияны дамытуға көмектесетін бірқатар платформалар қолданылады. Бұл платформалар бізге интерактивті құралдарды, тапсырмаларды және жаттығуларды ұсынады, біздің ойлауымызды ынталандырады және күнделікті өмірде тереңірек түсінуге және қолдануға мүмкіндік береді.

Қазіргі әлемде компьютерлік технологиялар біздің өміріміздің ажырамас бөлігіне айналды және оқушылар көбінесе негізгі оқу пәндерімен қатар электронды құрылғыларды пайдалану туралы білімді сіңіреді. Сұрақ туындайды: бұл процесті қалай өнімді және қызықты етуге болады? Оған жауап- Wordwall платформасын пайдалану.[5]

Wordwall-бұл оқуға арналған инновациялық бағдарлама. Бұл озық технологиялар мен оқытудың тиімді әдістерін біріктіретін бірегей шешім.

Wordwall-дің басты мақсаттарының бірі-балаларға ыңғайлы және интерактивті оқу ортасын құру. Бағдарлама мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктері мен психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып жасалған, бұл оларға математикалық білім мен дағдыларды белсенді және тиімді игеруге мүмкіндік береді.

Wordwall-дің маңызды артықшылықтарының бірі-оқытуды жекелендіру мүмкіндігі. Бағдарлама әр баланың қажеттіліктері мен білім деңгейіне автоматты түрде бейімделе алады, бұл тиімді және жекелендірілген оқытуды қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, прогрессті бақылау жүйесінің көмегімен мұғалімдер балалардың үлгерімін бақылай алады және қажет болған жағдайда оқу процесін түзете алады.

Wordwall-ді бастауыш сыныпта қолдану математикалық сауаттылықты дамытуға және болашақта оқуға қажетті негізгі дағдыларды қалыптастыруға қолайлы оқу ортасын құруға мүмкіндік береді. Озық технологиялар мен бірегей білім беру тәсілдерін қолдану арқылы Wordwal бағдарламасы балаларға математикалық тұжырымдаларды толық меңгеруге көмектеседі және болашақта табысты оқуға дайындалады.

Білім беру платформаларының тағы бір артықшылығы-білім берудің қол жетімділігі. Олар оқушыларға тұрғылықты жеріне немесе әлеуметтік жағдайына қарамастан білім мен дағдыларды алуға мүмкіндік береді. Білім беру платформалары географиялық және әлеуметтік кедергілерді жою арқылы барлық оқушыларға тең мүмкіндіктер береді.

Білім беру платформаларын пайдалану арқылы мұғалімдер оқуды интерактивті және оқушыларды қызықтыра алады. Чат, форум және бейнеконференция мүмкіндіктері оқушыларға бір-бірімен байланысуға және ынтымақтасуға, идеялар мен шешімдермен алмасуға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл оқушылардың коммуникативтік және әлеуметтік дағдыларын дамытуды ынталандырады.

Білім беру платформаларын тиімді пайдалану мұғалімдердің құзыреттілігі мен тәжірибесін қажет ететінін атап өткен жөн. Олар цифрлық құралдармен жұмыс істеу дағдыларына ие болуы керек және оқу инновацияларына дайын болуы керек. Үздіксіз кәсіби даму және оқыту білім беру платформаларын тиімді пайдаланудың педагогикалық идеясын сәтті жүзеге асыру үшін қажет.

Қорытындылай келе, бастауыш сыныптарды оқыту мен оқытуда білім беру платформаларын пайдалану білім беруді дамытудың перспективалық бағыты деп айтуға болады. Олар оқытуды жекелендіруді қамтамасыз етеді, білім берудің қолжетімділігін арттырады және оқу процесінде интерактивтілікті ынталандырады. Алайда, оңтайлы нәтижеге қол жеткізу үшін білім беру платформаларын тиімді пайдалана алатын білікті педагогтарды даярлау қажет. Тек осылай ғана біз бастаушы оқушыларға сапалы білім беріп, оларды қазіргі әлемнің сын-тегеуріндеріне дайындай аламыз.

Үш таңбалы сандарды қосу және азайту алгоритмдері

Қаманова Ақмарал Жәнібекқызы
Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтек би кенті Жанқожа батыр атындағы №70 орта мектептің бастауыш пәні мұғалімі

Сабақтың мақсаты:

Оқушыларды үш таңбалы сандарды қосу және азайту алгоритмдерімен таныстыру.

Оқушылардың алгоритмдерді түсіну және оларды есептер шығаруда қолдана білу қабілеттерін дамыту.

Оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін, шығармашылық пен қызығушылықтарын арттыру.

Сабақта қолданылатын әдістемелер мен құралдар:

Мысалдар арқылы түсіндіру

Интерактивті тақта

Ойындар

Топтық жұмыс

Өзіндік жұмыс

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі (3 минут):

Оқушылармен амандасу, сабаққа дайындықтарын тексеру.

Оқушылардың назарын сабақтың тақырыбына аудару.

2. Жаңа сабақ (20 минут):

Қызығушылықты ояту:

Оқушыларға үш таңбалы сандармен байланысты өмірдегі мысалдар келтіріледі (мысалы, дүкендегі бағалар, адамдардың жасы, т.б.).

Міне, оқушыларға үш таңбалы сандармен байланысты өмірдегі мысалдар:

1. Дүкендегі бағалар:
“Көйлектің бағасы 350 теңге”.
“Телефонның бағасы 780 теңге”.
“Киноға билет 520 теңге тұрады”.
“Шоколадтың бағасы 125 теңге”.
“Сүттің бағасы 270 теңге”.

2. Адамдардың жасы:
“Менің әжем 75 жаста”.
“Досым 10 жаста”.
“Ағам 23 жаста”.
“Менің әкем 48 жаста”.

3. Көліктер:
“Машинаның нөмірі 453”.
“Автобустың нөмірі 678”.
“Пойыз 125 км/сағ жылдамдықпен жүреді”.
“Самолет 900 км биіктікте ұшады”.

4. Күнделікті өмір:
“Менің үйім 325 номерлі үйде”.
“Бүгін ауа температурасы 27 градус жылы”.
“Мектепте 315 оқушы бар”.
“Кітапханада 543 кітап бар”.

5. Ыңғайлы мысалдар:
“Бір дүкенде 125 алма, ал екінші дүкенде 235 алма бар. Екі дүкенде барлығы қанша алма бар?”
Ыбырай атамыздың келесі қолданған әдісі – «Түсіндіру арқылы оқыту» әдісі. Бұл заманауи интерактивті бейнематериалдар арқылы мультимедиялық оқыту секілді әдіспен ұштасып жатыр. Ал, мен өз тәжірибеме Ыбырай Алтынсариннің «Жаман жолдас», «Асыл шөп», «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш», «Әке мен бала», «Таза бұлақ» «Бір уыс мақта» әңгімелерін жасанды интеллект құралдары арқылы мультфильмге айналдырып және qr код арқылы кез келген уақытта көре алатындай материал дайындап қойғанмын.

Нәтижесінде, «Түсіндіру арқылы оқыту» әдісін «Мультимедиялық әдіспен» ұштастыру білім беру үдерісін тиімді және қызықты етуге мүмкіндік берді. Бұл тәсіл дәстүрлі түсіндіру әдісінің құрылымдылығы мен мультимедиа құралдарының визуалды және интерактивті мүмкіндіктерін біріктіруді қамтиды. Сондықтан мұндай ұштастыру оқушылардың назарын аударып, ақпаратты жеңіл әрі жылдам қабылдауларына ықпал етті.

Сөзімді қорытындылай келе, Бүгінгі күнге дейін қазақ халқының, әсіресе, оқу-тәрбие саласындағы маңызды мәселелерін қозғағанда ұлы ұстаздың еңбектеріне ден қойып келе жатқанымыз рас. Себебі, білім алауын тұтатып, ұрпақ тәрбиесі мен жас ұрпақты тура жолға бағыттау күн тәртібінен ешқашан өшпеген ұстаз бен қаламгердің мол мұрасы арнайы зерттеулердің құнды өзегі болып қала бермек. Сабақты идеялық жағынан ғылыми негізде, өмірмен байланысты ұйымдастыру, білім құмарлығын таныту, әр сабақта оқушыларды ойлануға өздігінен ізденіс жасауға баулып, ойын ауызша, жазбаша жинақтап баяндай білуге, мәдениетті сөйлеуге үйрету - әрбір ұстаздың абыройлы борышы деп санаймын.

Қолданылған әдебиет

1. Ы.Алтынсарин таңдамалы шығармалары. Алматы, 1991жыл.

2. Ә.Ламашев Ы.Алтынсарин. Алматы, 1991 жыл.

3. Жарықбаев Қ., Қалиев С. «Халық педагогикасының тағылымдары», Алматы, «Бастауыш мектеп», 1990 ж.

Арқан тартыс – ұлттық ойын

Бегелдинов Сырым Абилхаевич
Қызылорда облысы, Қазалы Ауданы, Әйтеке би кенті Жанкент ауылы №104 орта мектебінің дене шынықтыру пәні мұғалімі

Мақсаты: Қазақтың ұлттық ойындарын жүргізу, арқан тартыс ойыны арқылы студенттерді қазақтың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, туған елге, жерге, өз отанына деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру.

«Арқан тарту» ойыны ертеден белгілі халық арасында кең тараған ойынның бірі. Қара күшке бейімі болғандықтан көбіне ерлер ойыны болып есептелінеді. Әрқилы мерекелерде күндіз ойналады. Ойынның екі түрі кездеседі. Бірі – ер адамдардың жекпе-жегі де, екіншісі топ болып ойнау. Ойын өтетін жер тегіс, шағын алаң болуы керек.

Ойынды жазда көгалды алаңда, спорт залында өткізуге болады. Ойынға ұзындығы 10 метрдей жуан кендір арқан керек. Ол арқанның тең ортасынан орамалмен орап белгі жасайды, белгінің екі жағынан бір жарым-екі метрдей жерден тағы да жоғарыдағы тәртіппен белгілейді. Ойынға қатынасушылар тең екі топқа бөлінеді. Олардың саны 10—12 адам болуы мүмкін, ойыншылар бойларына қарай қатар түзеп тұрады.

Ойын басқарушының берген командасы бойынша қатар түзеп сапта тұрған ойыншылар оң жақ шетінен бастап қатар санын «бір, екі, үш»… деп сол жақ шетіне дейін санап шығады. Сөйтіп тақ жағы бір бөлек, жұп жағы бір бөлек бөлініп шығады. Күн ілгері сызып қойған үш сызықтың ортасына арқандағы үш белгінің екі шеткісін дәл келтіріп керіп тұрады да, арқанның шеткі белгісінен бастап ұшына дейін ойыншылар қос қолдап ұстап тартып тұрады. Содан соң ойын басқарушының берген командасы бойынша екі топ тартысқа түседі. Ойыншылардың мақсаты — тартысқа түскен екі топ бірін-бірі тартып, жердегі орталық сызықтан бұрын сүйретіп өткізіп әкету. Екі топтың қай жағы орталық сызықтан қарсы топты бұрын сүйреп өткізіп әкетсе, сол жағы ұтқан болады, жеңген жағы бәйгесін алады. Ойынды осы жоғарыдағы тәртіппен жүргізе беруге болады.

Ойын қимыл бірлігін қалыптастырып, коллективтік іс-әрекетке тәрбиелейді.

Сабақтың тақырыбы: «Ұлттық ойындар- Арқан тартыс».

Сабақтың мақсаты:

— теориялық ойын түрлерін, мазмұнын, ережелерін, ерекшелігін меңгерту.

— жетілдіру өз алдына шұғылдануға қажеттілігі мен қабілеттілігін жетілдіру.

— тәрбиелік Ойындардың тәрбиелік мәніне назар аудару.

Сабақтың типі: Жаңа білімді қалыптастыру

Сабақтың әдісі: Жеке және жалпы жұмыс жасау, жаңжақты түсіндіру.

Құрал – жабдықтар: Ысқырық, доптар, арқан т. б.

Сабақтың мазмұны:

Арқан тартыс ойыны

Арқан тартыс ойыны

ДАЙЫНДЫҚ КЕЗЕҢ

1. Студенттерді сапқа тұрғызу. Спорттық киімдеріне назар аудару.

2. Студенттерді түгендеу. Себепсіз студенттерді анықтау.

3. Оңға, солға, кері бұрылу жаттығуларын орындау. Бұрылыстарды дұрыс орындауын қадағалау.

4. Қозғалмалы бой жазу жаттығулары.

— Қолды жоғары ұстап аяқ ұшымен жүру.

— Екі қол белде өкшемен жүру.

— Екі қол белде аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру.

— Бір қалыпты жеңіл жүгіру.

— Тіркеме адыммен оң және сол бүйірімен жүгіру.

— Арқаны алға қарата оң иықпен қарап жүгіру.

— Алға қарай созылған қол алақанына екі тізені тигізу жүгіру.

— Қол алақанына аяқтың ішкі, сыртқы қырын тигізе жүгіру.

— Өкшені артқа көтеріп, екі алақанға тигізе жүгіру.

— Екі қол тізеде, толық отырып жүру.

— Отырып секіре жүру.

— Дем алу, дем шығару.- Аяқ ұшымен өкшесімен, сыртқы ішкі қырымен жүруін ескерту. Оң және сол бүйірімен жүгіруін ескерту. Алақанға аяқтың ішкі сыртқы қырының, өкшенің тиюін ескерту. Отырып жүру, жүгіруін ескерту.

Саптағы бой жазу жаттығулары:

— Саппен келіп бірнеше қатарға тұру.

— Қолды белге ұстап, басты оңға және солға айналдыру.

— Қолды иыққа ұстап, шынтақты алға және артқа айналдыру.

— Қолды алға түзу созып, кезек-кезек айқастыру.

— Бір қолды белге ұстап, екінші қолды жоғары көтеріп, оңға және солға кезекпен иілу.

— Екі қолды екі жаққа созып, оң қолды сол аяққа, сол қолды оң аяққа кезекпен тигізу.

— Тік тұрып, бір аяқпен алға қарай бір қадам жасап, тізені бүгіп, екі қолды тізенің үстіне қойып, төмен басылып, қайтадан бастапқы қалыпқа келу.

— Қолды алға созып ұстап тұрған бастапқы қалыпта екі аяқты кезекпен жоғары көтеру.

— Қолды белге ұстап тұрған бастапқы қалыпта отырып, тұру.

— Екі қолды екі тізеге ұстап, тізені ішке және сыртқа

айналдыру.

— Дем алу, дем шығару.

Қатарға дұрыс тұруын ескерту.

Қолды белге ұстауын ескерту.

Дұрыс иілулерін ескерту.

Қолдың аяққа тиюін ескерту.

Артқы тізенің бүгілмеуін ескерту.

Аяқтың қолға тиюін ескерту.

Тізені дұрыс айналдыруын ескерту.

НЕГІЗГІ КЕЗЕҢ

Көңілді старттар ойыны мен ұлттық ойындар

«Арқан тарту»

Ойынның ережесі:

Арқан тарту. Алаң ортасына көлденең сызық сызылады. Ойынға екі ұшы тұзақтап байланған ұзын жіп немесе арқан керек. Ойынға қатысушылар өз топтарымен бірге екі жақтан арқанды белге салып өз жағына қарай тартады. Ортадағы көлденең сызықтан қай топ бұрын сүйреп өткізсе, солар жеңіске жетеді.

Тартыс — ұлттық ойын.

Ойынның ережесі:

Ойыншылар тепе — тең екі топқа бөлінеді, екі — екіден жұптасып тұрысады. Ортаға екі жұп шығады. Бірі екіншісін арқалап алады. Белгі бойынша олар бір — біріне жақындаса бастайды. Мақсаттары бірін — бірі аударып кету. Тартыс басталады. Егер арқадағы ойыншының бір жері жерге тиіп кетсе, жеңілген болып есептеледі. Ойынға келесі екі жұп шығады. Олар да осылай тартысады. Ойын жалғаса береді. Қай топ көп аударса, сол топ жеңген болып есептеледі. Артынан ойыншылар бір — бірімен орын ауыстырады.

ҚОРЫТЫНДЫ КЕЗЕҢ

1. Сабақты қорытындылау.

2. Түгел тыңдауын қадағалау.

3. Студенттерді бір сапқа тұрғызу, тыныс жолдарын қалпына келтіру. Толық сапқа тұруларын қадағалау.

4. Үйге тапсырма беру. Үй тапсырмасын тыңдауын қадағалау.

5. Студенттерді бағалау. Сабаққа қатысуларына байланысты бағалау.

6. Қоштасу. Түгел қоштасуын қадағалау.

7. Бір саппен спорт алаңынан залдан шығару. Бір саппен шығуын қадағалау.

Дойбы - бұл ең жақсы ойын

Алуадинов Галымжан Алпысбаевич
Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті Жанқожа батыр атындағы №70 орта мектебінің дене шынықтыру пәні мұғалімі

Ересектер мен балалар, жер шарындағы барлық адамдар дойбы - бұл ең жақсы ойын екенін біледі!

Дойбы - бұл сіздің қозғалысыңыз туралы ойлануға, қарсыластың іс-әрекеттерін талдауға үйрететін дәстүрлі және керемет ойын. Бұл зияткерлік және жеке стратегиялар сайысы. Мұндай ойындар дәлдікке, іс-әрекеттегі дәйектілікке, ұтылған кезде ренжімеуге үйретеді.

Балалар дойбы ойынына үлкен қызығушылық танытады және бос уақыттағы басқа ойындарға қарағанда кейде оны жиі таңдайды.Балалардың ойынның барлық кезеңдерін сәтті аяқтауы үшін мектеп алаңының мұғалімдері алдын-ала жұмыстар жүргізді:

- дойбы ойнаудың дағдылары қалыптастыру; - балалардың ақыл-ой белсенділігін арттыру; - логикалық ойлау қабілетін, есте сақтау қабілеттерін, байқағыштығын, тапқырлығын дамыту; - жауапкершілік сезімін, сабырлылықты және өзіне деген сенімділікті, проблемалық жағдайларды шеше білу, абыроймен жеңу және жоғалту қабілеттерін дамыту.

Бүгін, 16 шілдеде мектеп алаңының тәрбиеленушілері арасында дойбы турнирі өтті.

Дойбы турнирі барлық ережелерге сәйкес салтанатты жағдайда өтті, осы ойынның маңыздылығы. Кішкентай спортшыларды зияткерлік ойынға деген байыпты көзқарасы, тез ойластыру және қимылдарды есептей білу таң қалдырды. Позитивтік атмосфераны, қызығушылықты, бәсекелестікті, ойынға енуді бағалау үшін жеке қатысу қажет.

Балалар үйде болғанына қарамастан, үлкен жауапкершілікпен және ойынға қатысуға деген қызығушылықпен жауап берді. Дойбы ережелері өте қарапайым болғанына қарамастан, ойынды ең динамикалық стратегиялардың бірі деп атауға болады. Бірақ қолында дойбы болмаса, олар Ойын барлық қатысушыларға үлкен қуаныш пен ләззат әкелді. Балалар өзін чемпиондар сияқты сезінді. Мүмкін, ересектер сияқты, олар дойбы немесе шахматпен шахмат ойнаудағы шеберліктерін көрсетті.шұғылданғысы келетін шығар. Оларға әрдайым сәттілік тілейміз!

Қазақстандағы дойбы спортының дамуы бұдан бірнеше ғасыр бұрын басталды. Көшпенді бабаларымыз (сақ дәуіріндегі) «шатран» деген ойынды білген екен. Әуелгі кезде оны ойнауға тиым салғанына қарамастан қазақ даласына тез тарап, сауда керуендерінің қазақ даласына келуіне байланысты қазақ даласына бұл ойын халықтың сүйікті ойындарының біріне айналған. Қазақстанның шығысында бұл ойынды «дойбы» десе, батыс аймақтарда «шатраш» деп атайды. Қазақтың «екі жеп биге шығу» деген сөзі бұл ойынның ежелден келе жатқандығының, оның ұлттық ойынымыз екенінің бір белгісі.

Дойбы ойынының да тарихы өте ертеден басталатын өнер өнер беуге толық дәлел бар. Мысалы, Ертедегі Египетте, гректерде және славян халықтары ескерткіштерінен дойбы өнеріне арналған немесе бұл ойынды бейнелейтін суреттер кездестіруге болады дейді тарихшы-археологтар. Ал орта ғасырлық рыцарларға арналған заңды, дойбы өнерін меңгеру міндетті делінген көрінеді. Тіпті — “дамка” – сөзінің мағынасы әйелдер жүрегіне жол табу деген сөз емес пе екен деген болжам бар. Себебі дойбы ойыны барысында дамка дәрежесіне көтерілген ойын тасының құдіреті бәрімізге мәлім, ол ең беделді, қайда қалай журем десе де құқықты ой.

Дойбы өнерімен айналысу ақсүйектердің ермегінен біртіндеп көшпелі халықтардың да бойжазар, сергітер, айнала бастаған. Түрікмен археологтар Қарақұмдағы казба жұмыстарын жүргізу кезінде күйдірген қыштан төрт бұрышты етіп жасалған дуззума дойбының ертедегі аталуы тастарын тапқан көрінеді.

Дойбы ойынын меңгеру арқылы шахматқа өткен бұл өнер иелері Әлемде әйгілі шахмат тәжі иегерлері болғаны бәрімізге мәлім. Сондықтан болар атақты Э.Ласкердің “дойбы ойынң-шахмат анасы” деген қанатты сөзі бар. Дойбы спортының қалыптасу кезеңі ұзақ мерзімге жалғасқан дойбы тарихынан бізге мәлім. Мысалы, европалықтар үшін 12 фигурамен ойналатын 64 тор көзді дойбы, канадалықтар үшін 30 таспен 144 тор көзді дойбы бұл елдің халықтары арасында өте көп тараған спорт. Ал 20 фигурамен 100 көзді дойбыда өнер корсету Франция мен Голландия халықтары арасындағы ең беделді жанды сергіту ойыны сонау XVIII ғасырдан»

Бақ Қуанышбайұлының бұл жетістігінің ерекшелігі – оның бұл жетістікке көздері сау ойыншылармен болған жарыста жеңуі еді. Көзі сау гроссмейстерлер мен мастерлердің өздері жарыстарға чемодандары толған дойбы теориясының кітаптарын арқалап жүретін, әр дойбышыға қарсы оның партияларын талдап дайындалатын, спорттың осы түрімен кәсіби айналысып жүргендер еді. Теориялық жаңалықтарды Бақ арнаулы дойбы әдебиетінен өз бетінше оқи алмады. Дойбы Меккесі саналатын Мәскеу, Ленинград, Одесса сияқты орталықтардан жырақ тұрғандықтан мықты гроссмейстерлермен кездесіп тұруға еш мүмкіндігі болмады. Міне осындай жағдайда бір ғана өзінің таланты мен ерекше есте сақтау қабілетіне сүйеніп ойнады. Ол осы атағын кейінгі жарыстарда одақтың ең мықты спорт шеберлері мен гроссмейстерлерімен жарыстарда бірнеше рет дәлелдеп көрсетті.

Шынықсаң шымыр боласың

Султанканов Ербол Куанышбаевич
Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті Жанқожа батыр атындағы №70 орта мектебінің дене шынықтыру пәні мұғалімі

Жан –жақты тәрбиенің жалпы жүйесінде мектеп жасына дейінгі баланы дене жағынан тәрбиелеу ерекше орын алады. Мықты денсулықтың, дененің дұрыс жетілуінің, жоғары жұмыс қабілетінің негізі нақ осы мектеп жасына дейінгі балалық шақта қаланады: қозғалыс қызметінің қалыптасуы, сондай-ақ дене қасиеттерінің бастапқы тәрбиесі де осы жылдарда өтеді.

Денені жаттықтырудың бір түрі- шынығу. Денені шынықтыру балалардың денсаулығын нығайтады, сонымен қатар балалар денені шынықтыру арқылы шапшаңдылыққа, қимылды ойындар ойнағанда да тез жүгіруге, икемділігін арттыруға, бір қалыпты жүруін және аяқ- қол бұлшық еттерінің жақсы жетіліп өсуіне ықпал етеді. Дене тәрбиесі балалардың ақыл –ойын, адамгершілік, еңбек және эстетикалық жағынан тәрбиелеу жұмысын жүзеге асыруға, олардың сергек шат көңілді және белсенді болуына ықпал етеді. Біздің топта дене тәрбиесі сабағы аптасына екі рет өткізіледі. Сабақ жоспар бойынша жүргізіледі. Апта ішінде өткізілетін тәрбие жұмысында, бір тұтас күн режимінде барлық кезеңінде әуенді қимыл қозғалыс қолданылады. Яғни ертеңгісін балаларды қабылданғаннан кейін, ертеңгілік жаттығулар жасағанда әуеннің ырғағымен жасалынады. Оқу іс-әрекетіде іске асырылатын жаттығулар негізгі қимыл қозғалыстар, жүру, жүгіру, секіру, затты домалату, лақтыра білу, еңбекеу, тепе-теңдікті сақтау.

Қол- аяқ бұлшық еттерін дамытатын жаттығуларды дұрыс орындай білуге, әуенді тыңдап ойын жаттығуларын әуен ырғағымен үлестіре орындау. Дене жаттығуларын әуен ырғағына қосылып, әдемі қозғалыс көріністерін жасауға ынталандыру. Балаларды батыл қимыл жасауға жігерлікке, төзімділікке баулып дене мүшелері (қол, аяқ, т.б) қозғалысын дамыту. Жаттығулар арқылы балалардың денсаулығын нығайту. Дене тәрбиесіне қажетті құралдарды пайдаланамыз (доп, құм салынған қалта, доға, шығыршық, жалаушалар, ленталар, әр түрлі кедергілер). Бұлар балалардың жас шамаларына байланысты пайдаланылады.

Гимнстикалық жаттығулардың жиі пайдаланылатын түрлерінің бірі жүру, жүгіру, сапқа тұру, шеңбермен жүру. Жүгіру кезінде балалардың барлық дене мүшелері бұлшық еттері, буындары – бүкіл ағзасы қозғалыста болады. Жүру көбінесе басқа жаттығуларға кірісер алдында және олардың аралығында аяқталу кезінде пайдалынылатын көмекші жаттығу болып есептеледі. Біздің топта жүре алмайтын бала жоқ, бәрінің де өздерінің жастарына сай жүру қабілеттері дамыған. Серуен кезінде балалар көбіне жүгіріп ойнағанды жақсы көреді. Бірін –бірі қуып көбінесе «Мені қуып жет» ойынын ойнайды. Допты лақтырып «Кім бірінші жетеді?» деп бар күштерін салып жүгіреді.

Жылдың басында дене тәрбиесі оқу іс –әрекетінде балалар залға қалай кіруді, сапқа қалай тұруды, шеңбер жасап жүруді, сонымен қатар олар денені тік ұстауды, басты төмен қаратпауды, жүргенде, жүгіргенде, аяқты жерден дұрыс алып жүруді меңгерген. Жаңадан келген балаларды оқу іс әрекетінен тыс уақытта жеке жұмыс жүргіземін. Әсіресе жаңадын келген Ақтілек деген қыз бала сапқа тұруды, сапта тұрып қалай жүгіруді білмейтін еді. Таң ертеңгілік бой жазуға барғанда сапта жүріп келе жатып тоқтап қалып, біресе саптан шығып кетіп, алдындағы мен артындағы балаларға кедергі жасайтын еді, сондықтан ата- анасымен жұмыс жүргіздім. Мысалы: Дәурен мен Амир жаттығулардың бәрін жақсы жасайды, бірақ өте жай қимылдайды. Оның ата- анасына үйде Дәуреннің ойыншық машинасын тығып қойып, соны өзі іздеп тауып алуын қадағалау. Баланың ойыншығын тауып алып бір жерден екінші жерге тез алып баруын қадағалау.

Денешынықтыру оқу іс әрекетінде жаттығуларды қызықты өту үшін гимнастикалық орындық, шашақтар, доға, жалаушала, кубиктер және көркем сөздер қолданамын.

Оқу іс әрекетінің кіріспе бөлімінде балалардың қолдарына жалаушаны беру арқылы, олардың басты төмен қаратпау, денені тік ұстау үшін, алдыңғы баланың жалаушасына қарауды ескертемін. Жалаушаны екі жағына созып, қолды шынтақтан бүкпей, дұрыс созуға үйренді. Қолдарындағы жалаушаны алдына созып, бір- біріне кедергі жасамай, соқтығыспай жүруге үйренді.

Негізгі қимыл жаттығуды жасағанда баланың дұрыс денеі түзу ұстауының маңызы өте зор. Берілген жаттығуды әр баланың жеке орындауын қадағалаймын. Мысалы:- Балалар, біз орманға саяхат жасайық. Алдымызда көпір бар. Көпірдің жан- жағы сулар. Суға құлап кетпеу үшін екі қолды белге қойып, көпірдің үстімен тепе-теңдікті сақтап жүріп өтеміз.-деп гимнастикалық орындықтың үстімен жүріп өтуді үйреттім. Балалардың көбісі гимнастикалық орындықтың үстіне жайлап шығып, аяқтың ұшымен көтеріп жай жүріп өтті. Осы балалармен жеке жұмыс жүргізіп, оларға гимнастикалық орындықтың үстімен тепе- теңдікті сақтанып жүруді үйретемін.

Екінші кедергілер, орманда құлаған ағаштар көп, сол ағаштардың астынан төрт тағамдап еңбектеп өтеміз деп, доғаның астынан еңбектеп өтуді балаларға көрсетіп жекежеке қайталаттым. Кейбір балалар қорқа сақтанып өтеді. Сондықтан ата- аналарға тепе теңдікті сақтанып жүруді, төрт тағамдап еңбектеп жүруді тапсырдым. Ата- аналармен үнемі қатынаста болсам дене тәрбиесі оқу іс әрекеті бізде жақсы өтеді.

Балалар сәби кезінен бастап шын көңілімен ұнатып

орындайтын қозғалыс әрекеттерінің бірі би қимылдары. Би қимылдарын бала тез үйреніп алады. Ән оқу іс әрекетінде әуенді ойнай бастағаннан балалар әннің ырғағымен қолдарын, бас қимылдарын саз әуенімен үйлестіруге тырысады.

Балалар балабақшаға келген уақыттан бастап әр түрлі ойындар ойнайды. Ойын кезінде бала бірден көңілді болып жақсы демалады. Екіншіден дене қимылдарф, бойлары, милары тынығады. «Шынықсаң шымыр боласың»

Халықтық педагогика тәрбие құралы.

Жан –жақты тәрбиенің жалпы жүйесінде мектеп жасына дейінгі баланы дене жағынан тәрбиелеу ерекше орын алады. Мықты денсулықтың, дененің дұрыс жетілуінің, жоғары жұмыс қабілетінің негізі нақ осы мектеп жасына дейінгі балалық шақта қаланады: қозғалыс қызметінің қалыптасуы, сондай-ақ дене қасиеттерінің бастапқы тәрбиесі де осы жылдарда өтеді.

Денені жаттықтырудың бір түрі- шынығу. Денені шынықтыру балалардың денсаулығын нығайтады, сонымен қатар балалар денені шынықтыру арқылы шапшаңдылыққа, қимылды ойындар ойнағанда да тез жүгіруге, икемділігін арттыруға, бір қалыпты жүруін және аяқ- қол бұлшық еттерінің жақсы жетіліп өсуіне ықпал етеді. Дене тәрбиесі балалардың ақыл –ойын, адамгершілік, еңбек және эстетикалық жағынан тәрбиелеу жұмысын жүзеге асыруға, олардың сергек шат көңілді және белсенді болуына ықпал етеді. Біздің топта дене тәрбиесі сабағы аптасына екі рет өткізіледі. Сабақ жоспар бойынша жүргізіледі. Апта ішінде өткізілетін тәрбие жұмысында, бір тұтас күн режимінде барлық кезеңінде әуенді қимыл қозғалыс қолданылады. Яғни ертеңгісін балаларды қабылданғаннан кейін, ертеңгілік жаттығулар жасағанда әуеннің ырғағымен жасалынады. Оқу іс-әрекетіде іске асырылатын жаттығулар негізгі қимыл қозғалыстар, жүру, жүгіру, секіру, затты домалату, лақтыра білу, еңбекеу, тепе-теңдікті сақтау.

Қол- аяқ бұлшық еттерін дамытатын жаттығуларды дұрыс орындай білуге, әуенді тыңдап ойын жаттығуларын әуен ырғағымен үлестіре орындау. Дене жаттығуларын әуен ырғағына қосылып, әдемі қозғалыс көріністерін жасауға ынталандыру. Балаларды батыл қимыл жасауға жігерлікке, төзімділікке баулып дене мүшелері (қол, аяқ, т.б) қозғалысын дамыту. Жаттығулар арқылы балалардың денсаулығын нығайту. Дене тәрбиесіне қажетті құралдарды пайдаланамыз (доп, құм салынған қалта, доға, шығыршық, жалаушалар, ленталар, әр түрлі кедергілер). Бұлар балалардың жас шамаларына байланысты пайдаланылады.

Гимнстикалық жаттығулардың жиі пайдаланылатын түрлерінің бірі жүру, жүгіру, сапқа тұру, шеңбермен жүру. Жүгіру кезінде балалардың барлық дене мүшелері бұлшық еттері, буындары – бүкіл ағзасы қозғалыста болады. Жүру көбінесе басқа жаттығуларға кірісер алдында және олардың аралығында аяқталу кезінде пайдалынылатын көмекші жаттығу болып есептеледі. Біздің топта жүре алмайтын бала жоқ, бәрінің де өздерінің жастарына сай жүру қабілеттері дамыған. Серуен кезінде балалар көбіне жүгіріп ойнағанды жақсы көреді. Бірін –бірі қуып көбінесе «Мені қуып жет» ойынын ойнайды. Допты лақтырып «Кім бірінші жетеді?» деп бар күштерін салып жүгіреді.

Жылдың басында дене тәрбиесі оқу іс –әрекетінде балалар залға қалай кіруді, сапқа қалай тұруды, шеңбер жасап жүруді, сонымен қатар олар денені тік ұстауды, басты төмен қаратпауды, жүргенде, жүгіргенде, аяқты жерден дұрыс алып жүруді меңгерген. Жаңадан келген балаларды оқу іс әрекетінен тыс уақытта жеке жұмыс жүргіземін. Әсіресе жаңадын келген Ақтілек деген қыз бала сапқа тұруды, сапта тұрып қалай жүгіруді білмейтін еді. Таң ертеңгілік бой жазуға барғанда сапта жүріп келе жатып тоқтап қалып, біресе саптан шығып кетіп, алдындағы мен артындағы балаларға кедергі жасайтын еді, сондықтан ата- анасымен жұмыс жүргіздім. Мысалы: Дәурен мен Амир жаттығулардың бәрін жақсы жасайды, бірақ өте жай қимылдайды. Оның ата- анасына үйде Дәуреннің ойыншық машинасын тығып қойып, соны өзі іздеп тауып алуын қадағалау. Баланың ойыншығын тауып алып бір жерден екінші жерге тез алып баруын қадағалау.

Денешынықтыру оқу іс әрекетінде жаттығуларды қызықты өту үшін гимнастикалық орындық, шашақтар, доға, жалаушала, кубиктер және көркем сөздер қолданамын.

Оқу іс әрекетінің кіріспе бөлімінде балалардың қолдарына жалаушаны беру арқылы, олардың басты төмен қаратпау, денені тік ұстау үшін, алдыңғы баланың жалаушасына қарауды ескертемін. Жалаушаны екі жағына созып, қолды шынтақтан бүкпей, дұрыс созуға үйренді. Қолдарындағы жалаушаны алдына созып, бір- біріне кедергі жасамай, соқтығыспай жүруге үйренді.

Негізгі қимыл жаттығуды жасағанда баланың дұрыс денеі түзу ұстауының маңызы өте зор. Берілген жаттығуды әр баланың жеке орындауын қадағалаймын. Мысалы:- Балалар, біз орманға саяхат жасайық. Алдымызда көпір бар. Көпірдің жан- жағы сулар. Суға құлап кетпеу үшін екі қолды белге қойып, көпірдің үстімен тепе-теңдікті сақтап жүріп өтеміз.-деп гимнастикалық орындықтың үстімен жүріп өтуді үйреттім. Балалардың көбісі гимнастикалық орындықтың үстіне жайлап шығып, аяқтың ұшымен көтеріп жай жүріп өтті. Осы балалармен жеке жұмыс жүргізіп, оларға гимнастикалық орындықтың үстімен тепе- теңдікті сақтанып жүруді үйретемін.

Екінші кедергілер, орманда құлаған ағаштар көп, сол ағаштардың астынан төрт тағамдап еңбектеп өтеміз деп, доғаның астынан еңбектеп өтуді балаларға көрсетіп жекежеке қайталаттым. Кейбір балалар қорқа сақтанып өтеді. Сондықтан ата- аналарға тепе теңдікті сақтанып жүруді, төрт тағамдап еңбектеп жүруді тапсырдым. Ата- аналармен үнемі қатынаста болсам дене тәрбиесі оқу іс әрекеті бізде жақсы өтеді.

Балалар сәби кезінен бастап шын көңілімен ұнатып орындайтын қозғалыс әрекеттерінің бірі би қимылдары. Би қимылдарын бала тез үйреніп алады. Ән оқу іс әрекетінде әуенді ойнай бастағаннан балалар әннің ырғағымен қолдарын, бас қимылдарын саз әуенімен үйлестіруге тырысады.

Балалар балабақшаға келген уақыттан бастап әр түрлі ойындар ойнайды. Ойын кезінде бала бірден көңілді болып жақсы демалады. Екіншіден дене қимылдап, бойлары, милары тынығады.

Тарих пәніндегі жаңартылған білім берудің тиімділігі мен ерекшеліктері



Жантакбаева Нурсулу Шамшеевна
Маңғыстау облысы Түпқараған ауданы Таушық ауылы
Жалпы білім беретін Шахта мектебінің тарих пәні мұғалімі

Бүгінгі таңдағы оқыту үрдісі жаңа әдіс- тәсілдерді, жаңаша идеяларды қолдануды талап етеді. Әр мұғалім өз іс- тәжірибесінде көптеген қиындықтармен, кедергілермен кездеседі. Ол заман көшіне ілесу үшін өз білімін жетілдіріп отыруы қажет.

Бүкіл дүниежүзілік білім беру кеңістігіне кіру мақсатында қазіргі таңда Қазақстанда білімнің жаңа жүйесі құрылуда. Бұл үрдіс педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіне нақты өзгерістер енгізумен қатар елімізде болып жатқан түрлі бағыттағы білім беру қызметіне жаңашылдық енгізуді, қол жеткен табыстарды сын көзбен бағалай отырып саралауды, сындарлы оқытуды, жастардың шығармашылық әлеуетін дамытуды, мұғалім іс-әрекетін жаңаша тұрғыда ұйымдастыруды талап етеді.

Педагогикалық шеберліктің негізі – балалардың өз еркімен дамуына жол ашу, оқу – тәрбие процесінде оқушылармен педагогикалық ынтымақтастықтар, жұмыс атқарудың формаларын, әдістерін дамыту, шәкіртке деген қамқорлық пен сүйіспеншілікті арттыру педагогикалық шеберліктерінің басты сипаты болып табылады.

Осы орайда, жаңартылған білім беру мазмұны бойынша жасалған бағдарламаның мәні зор боп отыр. Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша оқушылар ерекше дағдыларды меңгеруде. Мұғалімнің кәсіби білік дағдылары оның жеке кәсіби педагогикалық мәдениетін көрсететін өлшемі боп отыр. Жаңаша өмірге бет бұрып, жаңаша ой түзеген егемен еліміздің ұрпағын білім нәрімен сусындататын саналы тәрбие, сапалы білім беретін жеке тұлға, мәдениеті мен кәсіби шеберлігі шыңдалған мұғалім – ғасыр көшін бастаушы болып табылады.

Авторлық бағдарлама тарих пәні бойынша 34 сағатқа, аптасына 1 сағатқа есептелген.

Мақсаты:

- Тарих пәнін тереңдетіп оқыту;
- Білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдер;
- Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету;
- Білім беру үшін бағалау және оқуды бағалау;
- Білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану;
- Талантты және дарынды балаларды оқыту;
- Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім беру және оқыту;
- Білім берудегі басқару және көшбасшылы;

Міндеті

- әдебиеттер мен қосымша көрнекіліктерді тиімді пайдалану арқылы оқушылардың

жалпы қабілетін дамытудың алғышарттарын негізге алу;

- ұлттық құндылықтардың ерекшеліктерін білдіру;
- мектепте алған білімін өмірде қолдана білетін біліктілік дағдыларын қалыптастырудың

алғышарттарына негіз болу;

- оқушылардың кез-келген ұғымдарды түсіндіру кезінде күнделікті өмірмен

байланыстыра отырып тақырыпқа сай тәрбиелеу;

- оқушылардың қоршаған орта және табиғатқа деген қызығушылық,қорғаушылық

сезімдерін ояту;.

- пән бойынша игерген білімдері мен әртүрлі ақпарат құралдарынан алынған

мәліметтердің қоршаған ортаға тигізетін ықпалын бағалау үшін қолдана білу дағдыларын қалыптастыру.

Өзектілі

Қазіргі оқушылардың кейде кітапты өздігінен ұғынып оқу, өздігінен ізденіп оқу

дағдылары төмендей бастады. Осындай талаптар мен қажеттіліктердің негізінен туындап

отырғандықтан да арнайы мақсатқа негізделген бағадарлама құрастыру арқылы оқушылардың

танымдық, шығармашылық, интеллектуалдық қабілеттерін арттыру өзекті мәселеге айналуда.

Күтілетін нәтиже

- оқулығынан тыс қосымша берілетін тақырыптар бойынша білімдерін дамытуға негіз

болады;

- коммуникативтік біліктілігі артқан, логикалық ойлау жүйесі өз деңгейіне сәйкес

дамыған оқушы тұлғасы қалыптасады;

- сонымен қатар, бұл бағдарлама оқушылардың жинақтаған материалдарын тереңдете

оқыту арқылы алған білімдерін кеңейтіп, ойлауын, сараптама жасай білуін, өз ойын толық жеткізе білумен қатар, өмірге деген көзқарасын қалыптастырады;

- мектепте алған білімін өмірде қолдана білетін, біліктілік дағдылары негізінде адами

капиталы қалпытасқан, ұлтжанды ұрпақтың бойында жоғары деңгейдегі интеллектуалдық өріс қалыптасады.

Жаңашылдығы

бағдарламада кешенді білім берудің ғылыми-ақпараттық ауқымының шеңбері кең

көлемде алынған, мектеп бағдарламасында көрсетілген шеңберден (сағат санынан) тыс оқушы өзіндік ізденіске жетекшілердің «нұсқау-бағытымен» белгілі бір бағытта ізденіске бара алады;

бұл бағдарламада мектеп оқулығынан тыс ақпараттардың (жас ерекшелігі ескерілді)

табиғат тылсымдары жайлы материалдардың берілуі – оқушының танымдық өрісі мен оның білім-білігін арттыратыны сөзсіз және ғылыми тілде ойын тұжырымды жеткізу мен жүйелі жаза білудің негізін игеруіне толыққанды мүмкіндігі болады. Бұл– қазіргі қоғамның да басты талаптардың бірі;

оқушының өздігінен ізденуіне толыққанды мүмкіндік қарастырылған.

Жұмыстың практикалық маңыздылығы

оқушының ойын дамыту;

кеңес бере отырып, бағыттап оқыту;

ізденушілік, зерттеушілік жұмыстарын ұйымдастыру;

оқушылардың ғылыми, техникалық, кәсіпшілік қызығушылықтырын қалыптастыруға

жағдай жасау, бейім таңдауда өз тағдырын өзі шешуге мүмкіндік беру;

оқушылардың стандартты логикалық операцияларды жылдам және дұрыс орындау

іскерлігін дамыту.

салмақты ойластырылған шешім қабылдауға, өзінің және өзгенің ойлау әрекеттері туралы

дұрыс пікір білдіре білу, қарсы оппоненттердің ой жүгіртулеріндегі қателерді таба білу.

Оқушылардың білім дағдысын бағалаудың түрлері мен әдістері

Оқушылардың білім дағдысын бағалаудың оқыту үшін бағалау түрін қолданамын. Бұл өздерінің оқудың қандай сатысында тұрғанын, қандай бағытта даму керек және қажетті деңгейге қалай жету керек екендігін анықтауға мүмкіндік береді. Оқыту үшін бағалауда оқушылар өздерін-өздері, сыныптастар бір-бірін бағалау арқылы жүргізеді. Мұғалімнің бағалауы мадақтау, ынталандыру оқушылардың көңіл күйін көтеріп, өздерінде сенімділікті тудырады.

Сабақта эвристикалық, өзіндік жұмыс істеу, көрнекілік, тежірибелік, есептеу әдісін

қолдану.

Әдістемелік негізі

Әдістемелік ұстанымдар: 1. Ғылымилық 2. Байланыстылық;

Оқушылардың теориялық білімі негізінде практикалық тапсырмаларды орындау

біліктіліктерін қалыптастыру;

Бағалау, болжау, анықтау, сипаттау, түсіндіре білуі қажет;

Курс бағдарламасында теориялық білімдерін нақтылау,талдау, салыстыру және

қорытындылауға, оқудағы іс- әрекет тәсілдерін жаңа жағдайда пайдалану мақсатындағы

практикалық жұмыстар басым.

Оқушының функционалдық сауттылығын арттыру әдістемесі негізге алынады.

Көрнекілік құралдары: көрсетілімдік аспаптар мен стендер,баспа құралдары,

бейнефильмдер, бейнефрагменттер, глобус, карталар, кесте, сызбалар, әдістемелік әдебиеттер т.б.

Бағдарламаны жүргізу формалары: мәнжазба, сынақ, тест, лекция.

Бағдарламаны аяқтау формалары: тест.

Бағдарламаның құрылымы

Құрастырылып отырған авторлық бағдарлама қазақ тілінде оқытылатын мектепке

құрастырылған. Мемлекеттік бағдарламаға сәйкес аптасына 1 сағаттан, оқулық бойынша берілген 34 тақырыпқа және сол тақырыптарға қысқа мерзімді сабақ жоспарлары бар.

Сонымен қатар, деңгейлік тапсырмалар және әр түрлі стратегиялар қолдана отырып, оқушылардың өз бетімен жан-жақты білім алуына мүмкіндік туғызады. Курстың құрылымы мектеп бағдарламасындағы негізгі бөлімдерді қамтиды. Табиғат

және адам негізгі бөлімдерін жан-жақты, тереңдете оқытуға негізделген. Курстың оқу

бағдарламасының көрсетілген тақырыптары мектеп бағдарламасында теориялық тұрғыдан берілсе, курсты оқытуда практикалық жағына мол көңіл бөлінеді. Сабақты өткізу түрлеріне лекция, семинар, практикалық жұмыстар, түрлі тест тапсырмалары, тірек конспектілер және жоба қорғау пайдаланылады.

Оқушы жұмысын бағалау критериі

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486

бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 9 желтоқсанда № 31053 болып тіркелді.

«Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік қағидалары туралы» нұсқаулық негізге алынады.

Көмекші құралдың маңыздылығы

Оқушының өздігінен еркін, жүйелі, мақсатты бағытта ізденуіне мүмкіндік береді.

Интеллектулдық өрісі кеңиді, таным көкжиегі артады.

Қорытынды

Бағдарламаның басты миссиясы – оқушылардың пәндер бойынша білімдерін тереңдетуге, баланың жеке тұлға ретінде дамуына, өзіндік көзқарасының қалыптасуына негіз болу. Сонымен қатар, ұлттық құндылықтар негізінде ізетті біліммен қаруланған, рухани жандүниесі бай, эстетикалық, интеллектуалдық өресі биік, ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеу болып табылады. Бағдарлама – уақыт талабынан туындаған қажеттілік деп білеміз. Бағдарлама арқылы мұғалім оқушы танымын кеңейтіп, интеллектулдық өрісін кеңейту үшін арнайы бірізділікке құрылған жоспар негізінде жүйелі жұмыс жасай алады. Осы бағдарламаның негізінде мұғалім өзінің уақытын тиімді пайдаланып, оқушыға өздігінен ізденудің тиімді жолын көрсете алады. Оқушы осы курсты толық аяқтаған соң, төмендегідей нәтижелерге қолжеткізе алады:

- оқулықтан тыс қосымша берілетін тақырыптар бойынша білімдерін дамытуға негіз

болады;

- коммуникативтік біліктілігі артқан, логикалық ойлау жүйесі өз деңгейіне сәйкес

дамыған оқушы тұлғасы қалыптасады;

- сонымен қатар, бұл бағдарлама оқушылардың жинақтаған материалдарын тереңдете

оқыту арқылы алған білімдерін кеңейтіп, ойлауын, сараптама жасай білуін, өз ойын толық

жеткізе білуімен қатар, өмірге деген көзқарасын қалыптастырады;

- мектепте алған білімін өмірде қолдана білетін, біліктілік дағдылары негізінде адами

капиталы қалпытасқан, ұлтжанды ұрпақтың бойында жоғары деңгейдегі интеллектуалдық өріс

қалыптасады;

- мектепте алған білімін өмірде қолдана білетін, интеллектуалдық өрісі биік, жан-

жақтылық қасиет қалыптасады;

- функционалдық сауаттылығы дамиды.

Бұл авторлық бағдарлама нәтижеге қол жеткізудегі табысты жетістіктерімен

ерекшеленеді, сондықтан да мұғалім үшін де, оқушы үшін де пайдалы еңбек деп білеміз.

Көркем жазуға үйретудің эстетикалық және тәрбиелік мәні



Исатаева Жазира Елепбергеновна
Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Тасарық ауылы
№238 орта мектеп мектепалды даярлық тәрбиешісі

Көркем жазу балалардың сауат ашу оқу қызметі барысында жүргізіле бастайды. Әдемі жазуды меңгерудің әр адамға маңызы өте зор. Әдемі жазу бұл мәдениеттің белгісі, әрі сол жазуды оқитын адамға көзқарасы, құрметі.

Көркем жазудың мақсаты – дұрыс, анық және тез жазуды қалыптастыру. Балалардың каллиграфиялық қабілетін қалыптастырудың педагогикалық, қоғамдық, тәрбиелік мәні зор.

Балабақшадағы оқыту үрдісі сауат ашудан басталатыны белгілі. Сауат ашу жұмысының негізгі мақсаты – балаға хат таныту, яғни оған жазу мен оқуды үйрету. Сауат ашу – аса жауапты да, күрделі жұмыс. Өйткені сауат ашу оқу қызметі кезеңінде балалар дыбысты әріппен таңбалай білуге (фонетика – графикалық жазуға) үйретіліп қоймайды, сонымен бірге каллиграфиялық талапқа сай жазуға дағдылануы тиіс. Демек, сауат ашудың міндеті әріпті жаза білуге үйрету емес, оның әрбір элементін дұрыс сақтауға, дәптерге қалай болса солай жазбай, оңға қарай, біркелкі көлбе, таза, анық жазуға машықтандыру міндеті тұр.

Осы талаптарды орындау негізінде балалардың көркем жазу дағдысы (каллиграфия) қалыптасады.

Әдемі жазу – өнер. Таза, анық, әдемі жазуды оқуда жеңіл, онай жазумен берілген ойды түсіну де оңай. Әріп таңбаларын әдемі, көркем етіп жазуға жаттықтыру мақсатында жүргізілетін жұмыстардың бала бойында жақсы қасиеттердің қалыптасуына ықпалы бар. Мектепалды даярлық тобына алғаш келгеннен бастап, баланың жазуына жете көңіл бөлмеу көп жағдайда оның өз ісіне салдыр-салақ қарауына, жауапкершілікті сезінбеуге әкеп соғады. Таза, әдемі жазуды талап ету тәрбиеленушінің әсемдік сезімін оятып, мінез-құлқын тәрбиелеп, жауапкершілікке тыңғылықтылыққа, ұқыптылыққа үйретеді. Әдемі, анық жазуға үйрету арқылы тәрбиеші баланы еңбексүйгіштікке, ұқыптылыққа, әдемілікке тәрбиелейді. Әрбір тәрбиешінің мақсаты – оқу қызметінің сапасын көтеру, түрлерін жетілдіру, оқу қызметіне баланың қызығушылығын арттыру. Сондай-ақ бүгінгі таңда елімізде оқыту мазмұны жаңартылып, оқу қызметтерінде озық технологияларды қолданудамыз.

Баланың орфографиялық нормаға сай дұрыс жазуы – тәрбиешінің маңдай терінің жемісі. Мектепалды даярлық тобында бағдарламаға сәйкес жоғарыда көрсетілген білім-білік дағдылары қалыптасқан балаларды сауатты жазуға дағдылану барысында графикалық түрде қарым-қатынас жасау мүмкіндігіне ие болады. Осы арқылы жазуын ғана емес, сөйлеуін және таным мүмкіндіктерін жетілдіре алады. Таза жазу дағдысының алғашқы бастамасы әріптің әрбір бөлігін дұрыс сызып көруі арқылы қалыптасады. Әдетте, тәрбиешінің тарапынан балаға әдемі, сауатты жаздыру ғана емес, баланың бүкшимей, басын тым төмен салбыратпай, денесін тік ұстап, өзін дұрыс игеруіне қатты көңіл бөлінеді.

Балалар жазу ережесін сақтап отырғанда ғана дұрыс жазуға үйрене алады. Сондықтан да 5-6 жастағы балаларды көркем жазу дағдыларына үйрету осы жұмыстың өзектілігіне айналып отыр.

Математика пәнінде оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту

Тлеубаева Лаура Умирбаевна
Қызылорда облысы Қазалы ауданы Әйтеке би кенті,Жанқожа батыр атындағы №70 орта мектептің математика пән мұғалімі6 педагог-сарапшы

Қазіргі тез өзгеріп тұратын заманда оқушының дүниетанымын, рухани әлемін, ынтасы мен қабілетін дамыту бүгінгі күннің негізгі мәселесі болып табылады.

Білім беру жүйесі қоғаммен бірге дамып, үнемі өзгеріп отырады, осыған сәйкес мектептерге қойылатын талаптар да жоғары. Оқыту және тәрбиелеудің әдіс-тәсілдерін уақыт ағымымен үндестіріп отыру ұстаздың жаңашылдығын айғақтайды.

Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытудың жолдары сан алуан, оны таңдап алу мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Оқушы шығармашылығын дамыту, ойлау қабілетін жетілдіру мұғалімнің сабағына назардан тыс қалмауы тиіс.

Қабілеттілік, дарындылық дегеніміз- дамудың нәтижесі болғандықтан, оның туа бітуі мүмкін емес. Оқушының қабілеті педагогтардың ықпалының аясында шыңдалады. Шығармашылықпен жұмыс жасауға мектеп қабырғасынан бастап баулу керек.

Әр түрлі оқыту әдістерінің барлығының көздейтін түпкі мақсаты оқушылардың білім алуының тиімді жолын анықтау. Осы мақсатқа жету үшін ғылыми-көпшілік әдебиеттерді дұрыс пайдалана білуі керек. Ал, сабақты ірілендірілген блок әдісімен өткізу оның өз бетімен ізденуіне көп мүмкіндік жасайды. Мәселен, математика пәнінде үлгі есептер шығарып көрсету арқылы оқушыларды өз беттерімен еңбектенуіне мүмкіндік туғызу керек. Берілген тапсырманың танымдық және шығармашылық сипаты болғанын да ойластырған жөн. Мұғалім сабағын қызықты өткізіп, тарихи мағлұматтармен байланыстырып отырса, оқушылардың пәнге деген қызығушылығы, ынтасы артады. Осы арады математика пәнінің күрделілігін ескере отырып, қосымша сабақтар жүргізудің тиімділігі зор. Мұғалім оқушыға тапсырма есептер беру кезінде оқушының жас ерекшелігін ескере отырып, қабілетін де назарға алады. Есептер барлық оқушыларды қызықтыратын және оның күші жетерлік шамада болуы керек. Оқушылардың шығармашылығын қалыптастыру, оларға логикалық тапсырмалар беру, сұрақтар қою, тесттік тапсырмалар құрастыру, эксперименттік есептерді шештіру, сыныптан тыс жұмыстар жүргізу, ойындар мен кештер өткізу, рефераттар қорғау, ой жұмбақтар мен сканвордтар, ребустар құрастыру арқылы іске асырылады.

Өзім ұстаздық іс-тәжірибемде шығармашылықпен жұмыс істейтін оқушылар үшін өз алдыма мынандай мақсаттар қойдым:

1. Есептерді шешу тәсілдерінде жаңалықтар енгізуге жетелеу

2. Есепті шешу тәсілдерін ешкімнің көмегінсіз табу іскерлігін қалыптастыру

3. Ойлау амалының қысқа жолын үйрету

4. Есепті шешудің тиімді тәсілдерін іздестіру

5. Алынған нәтиженің дұрыстығын анықтай білуге дағдыландыру

6. Оқушының оқу материалын теориялық тұрғыдан терең білуін қадағалау

7. Пән аралық байланыспен тәрбие мәселесіне көбірек көңіл бөлу

8. Оқушылардың шығармашылық қызметін дамытуды ойластыру

Математиканы оқытуда алға қойған негізгі бағыттырының бірі-оқушылардың таным белсенділігін арттыру. Оқушылардың, ой-өрісінің белсенділігінің, ізденпаздылығын арта түсуі олардың өздігінен ізденуін, өз бетімен қортындылар жасай білу қасиеттерін дамытады. Оқушылардың оқудағы танымдық іздем паздығы мен белсенділігін қалыптастыру

проблемаларын іс жүзінде шешудің әртүрлі жолдары бар:

· танымдық іс әрекетінің дербестігін қалыптастыратын өзіндік жұмыстарды ұйымдастырумен оқу міндеттерін іріктеп шешу;

· танымдық іс әрекетінің тәсілдерін қалыптастыру;

· іс- әрекеттердің бағдарланушылық негізін құрайтын жалпылама білімде енгізу;

· оқытуға әдістемелік білімгер элементерін енгізу;

· іс- әрекеттерін өздігінше бақылауды дамыту.

· Оқушылардың танымдық қызуғушылығын дамытпай, оқытудың интессивтендіру процесін жүзеге асыру мүмкін емес, екені іс- жүзінде белгілі. Танымдық қызуғышылық белгілі компоненттерді қамтитын динамикалық жүйе.

· Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын анықтаудың негізгі, мұғалімнін анықтауының негізі, мұғалімнің білімділігі мен пәнге деген қызығушылығы және педагогикамен психологияның проблемаларына дұрыс бағдар беру болып табылады. Оқушылардың оқу танымдық іс-әрекетінің формаларының бірі-өзіндік жұмыс.Қазіргі кезде негзгі талап оқушылардың белсенді іс- әрекеттік сезімін оята отырып, оларды басқара білу. Оқушылардың өз бетінше ізденуі арқылы білімін көтеруі, біліктілікке талпынуы, есептілікке дағдылануы оқ процесінде белсенділігін арттырудың бір жолы екендігі ертеден белгілі.

· өзіндік жұмыс –оқушылардың ойлау қабілетін, ақыл-ой және іс тәжірибесінен туындайтын оқу, тану әркеті.

Өзіндік жұмыстардың төрт түрі қарастырылады. Олар мыналар:

1. Үлгі бойынша орындалатын;

2. Реконструктивті-вариативтік;

3. Жаңалық ашатын
4. Шығармашылық

Бірінші жұмысты орындаған кезде оқушы көрсеткен үлгі бойынша белгілі бір іс-әрекеттің жолын ұсынады. Тапсырмаларды нұсқаулар, белгілі формулалар, теоремалар арқылы орындайды.

Реконструктивті-вариативтік өзіндік жұмыстар оқушылардың алған білімдерін қолдануға ынталандырады, сонымен қатар білімін тереңдей түседі. Тапсырмалар тек шешімнің жалпы принциптерін ғана көрсетеді.

Мысалы: 1кг мақта ма, 4кг темір ауыр ма? Әтеш бір аяқпен тұрса,2,5 кг, егер екі аяқпен тұрса неше кг болады?

Шығармашылық өзіндік жұмысы оқушылардың математика пәніне деген ынтасын қалыптастырады, оқуға деген көзқарасын өзгертеді, математикалық ой-өрісін дамытады.

1. Есепті шығару, теоремаларды дәлелдеуді әдеттен тыс, жаңа тәсілмен орындау;
2. Есепті бірнеше жолмен шығару;
3. Оқушылардың өз бетінше есеп, мысалдар құрауы;
4. Баяндамалар және басқа жұмыс түрлері;
5. Оқушылардың жұмысын тексеру, қателерін анықтау.

Оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекеттің нәтижесі олардың білімді өз бетінше талдап және бір жүйеге келтіре алатын тапсырмаларды орындауы болып табылады.

Зәр шығару жүйесінің гигиенасы



Әлмұратова Багдад Қонысбайқызы
Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті Жанқожа батыр атындағы №70 орта мектебінің биология пәні мұғалімі

Бөлім	Бөліп шығару	
Педагогтың аты-жөні	Әлмұратова Бағдад Қонысбайқызы	
Күні:**09.10.25ж**		
Сынып:**9** «Ә»	Қатысушылар саны	Қатыспағандар саны
Сабақтың тақырыбы	Зәр шығару жүйесінің гигиенасы. Бүйрек және зәр шығару жүйесінің аурулары: пиелонефрит, цистит, бүйрекке тастың жиналуы. Себептері және алдын алу шаралары.	
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	9.1.5.4 бүйрек және зәршығару жүйесі ауруларының алдын алу жолдарын түсіндіру	
Сабақтың мақсаты	Бүйрек және зәр шығару жүйесінің 3 ауру түрлерін анықтайды; Бүйрек және зәр шығару жүйесінің ауруларының алдын алудың 4 шараларын ұсынады. * Бүйрек және зәр шығару жүйесінің ауруларының шараларын анықтайды;	
Құндылықтар	«Жауапкершілік-адамгершілік қасиеттің көрінісі» Топтық жұмыс «Бүйрек ағзаның сүзгісі» мәнмәтіндік тапсырманы орындауда, жұптық жұмысты орындауда нәтижелі бірлескен әрекетке енеді. Осы орайда жауапкершілікпен адамгершілік қасиеттерін көрсете отырып жұмыс жасау негізінде құндылықтарды дамыту көзделеді.	

Сабақтың кезеңі/ уақыты	Мұғалімнің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Басы 5 мин	Ұйымдастыру кезеңі: Оқушылармен сәлемдесу, түгендеу.Ынтымақтастық атмосфераны қалыптастыру. **Оқушылар «Құпия хат » әдісі арқылы 3 топқа бірігеді.** Хат түрінде 3 түрлі карточка дайындайды: 1. «Мен жиі суықта жүремін» 2. «Мен аз су ішемін» 3. «Мен тұзды тағамды жақсы көремін» **I-топ II-топ III-топ** **«Ой қозғау» әдісі арқылы сұрақтар ұсынады** 1. Енді ойлап көріңдер, осындай жағдайлар адамның денсаулығына қалай әсер етуі мүмкін? 2. Ағзаның қай мүшесін зақымдайды?	Өздеріне сәйкес немесе қызық көрінген хатты таңдап, сол топқа бірігеді. Өз болжамдарын ұсынады.	Ауызша кері байланыс Ауызша кері байланыс	1. «Мен жиі суықта жүремін» 2. «Мен аз су ішемін» 3. «Мен тұзды тағамды жақсы көремін»

<table>
<tr>
<td>Жаңа сабаққа кіріспе

8мин</td>
<td>Тыңдалым алды тапсырма .
Интерактивті тақтада сұрақтарды көрсетеді:
1.Бүйрек қандай қызмет атқарады деп ойлайсыңдар?
2.Егер адам су аз ішсе немесе суықта жүрсе, ағзада не болуы мүмкін?
3.Осындай жағдайлардың алдын алу үшін не істеу қажет?

Видеоматериал «Бүйрек не үшін ауырады?» көрсетеді

Теорияны меңгерту.
Тақырып бойынша жаңа ақпарат береді

Теорияны бекіту тапсырмасы:
Wordwall платформасы арқылы зәр шығару жүйесінің ауруларын «Сәйкестендіру» тапсырмасын ұсынады</td>
<td>Сұрақтарға жауап бере отырып,жауаптарын жаңа тақырыппен байланыстырады.

Видеоматериалдан көрген мағұлматтарымен танысып, тапсырманы орындайды.

Мұғалімді мұхият тыңдайды.

Теорияны бекіту тапсырмасын орындайды.</td>
<td>

«Ауызша бағалау» әдісі арқылы</td>
<td>Слайд 1

https://youtu.be/mVab2fs-9Jg8?si=BxUc-JFvTBlYpP4lW

Слайд 2
Қосымша 1

Слайд 3</td>
</tr>
<tr>
<td>Ортасы

30 мин</td>
<td>Топтық жұмысты ұйымдастыру: Берілген мәнмәтін бойынша сұрақтарға жауап береді.
1. Бүйрек пен зәр шығару жүйесінің саулығын сақтау үшін өз күнделікті өміріңде қандай әрекеттер жасап жүрсің және тағы нені өзгертуге болады деп ойлайсың?
2. 4 алдын алу шараларын ұсынады.
*ЕББҚ оқушыға арналған тапсырма
Жұптық жұмысты ұйымдастыру: «Пайдалы ма, зиян ба?»
Әр жұпқа тағамдар мен сусындардың тізімі беріледі
1. Әр тағамды бүйрекке «пайдалы» немесе «зиянды» деп жіктеңіздер.
2. Таңдауларыңызды түсіндіріп, зәр шығару жүйесіне әсерін сипаттаңыздар
Тірек сөздер: Газдалған сусындар,Қара шай,Таза су,Қарбыз,
Тұзды чипстер, Қызылша ,Тауық еті,Кофе,Қияр,Фастфуд (бургер, пицца),Айран
<table><tr><td>Пайдалы тағамдар

Неліктен?</td><td>Зиянды тағамдар

Неліктен?</td></tr><tr><td></td><td></td></tr></table>Жеке жұмыс ұйымдастыру: Тест тапсырмасы Wordwall платформасымен орындалады
Нұсқау: Әр сұраққа дұрыс деп есептейтін бір жауапты таңдаңыз.</td>
<td>Шағын топтарда өзара мәтінді мұқият оқып, берілген сұрақтарға жауап береді.

Тірек сөздерді пайдалана отырып,берілген жұптық тапсырманы орындайды.

Білім алушылар тест тапсырмасын орындап дұрыс жауабын көрсетеді.</td>
<td>Топ ішіндегі бағалау (бағалау парағы)

Жұп ішінде бағалау

Әрбір дұрыс жауапқа 1 балл беріледі. Жалпы 10 балл</td>
<td>Қосымша 2

Қосымша 3

Таратпа қағаз
Қосымша 4

https://wordwall.net/resource/99169587

Қосымша 5</td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақтың соңы

5 мин</td>
<td>Рефлексия
«3/2/1 әдісі»:
1. Мен білетін үш нәрсе ...
2. Мені таңқалдырған екі нәрсе ...
3. Болашақта тереңірек қарастыратын бір нәрсе....</td>
<td>Бүгінгі сабақтан түйген ойлары мен тұжырымдарына байланысты кері байланыс жасайды.</td>
<td></td>
<td>Интербелсенді тақта</td>
</tr>
</table>

Ойын технологиясын қолдану арқылы бастауыш сынып оқушыларының сабаққа деген қызығушылығын арттыру



Кайпназарова Нурсила Тагыбергеновна
Қызылорда облысы Қазалы ауданы Әйтеке би кенті, Жанқожа батыр атындағы №70 орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі

Жалпы бастауыш сынып оқушыларының оқыту үрдісіндегі әрекеттері тікелей ойынмен тығыз байланысты. Өзімнің 24 жылдық еңбек өтілімде байқағаным: ойынды сабақта тиімді пайдалану оқушының ой өрісін шыңдай отырып, жаңа сабақты тез меңгеруіне және ақпаратты белсенді қабылдауына үлкен септігін тигізеді. Ол үшін мұғалімнің шеберлігі де үлкен роль атқарады. Ойынды сабақ кезеңдерінің қажетті кезінде орынды пайдалану - педогогтан сауаттылықты қажет етеді. Мәнсіз - мағынасыз қолдану сабақ түсінуге зиянын тигізеді. Сабақтағы қандай да бір дүниені дамытуға пайдалана білу керек деп ойлаймын. Менің өзекті тақырыбым: «Ойын технологиясын пайдалана отырып, оқушылардың танымдық қабілетін дамыту»

Бұл өзекті тақырыпты алудағы мақсат, міндеттерім:

1. Оқушылардың шығармашылық белсенділігінің дамуына және өздігімен жұмыс істеу арқылы өз білімін қалыптастыруға дағдыландыру;
2. Бала тәрбиесіне әсер беретін ойындар жүйесін қалыптастыру;
3. Ұлттық ойындарды дәріптеу;
4. Зеректі, тапқыр, ойшыл болуға тәрбиелеу;
5. Танымдық қабілеттерін арттыру;

Ойын дегеніміз не? Ойын - балалар бір - бірімен қарым - қатынас жасайтын өз бетінше іс - әрекет. Ойын арқылы баланы оқу - тәрбие үрдісіне қызықтыруға болады.

Ойын - баланың ақыл - ойын тәрбиелейтін құрал. Бала көп ойнайды, ойын арқылы тәрбие алады.
Ұлттық ойындар - заманында бірінші алға қойылған мақсатқа даярлау, отаншылдық сезімге баулу. Бұл оқу - тәрбие негіздерінің бірі.

Ойын нені қалыптастырады?

О - ойды
Й - икемді
Ы - ынтымақтастықты
Н - нақтылықты қалыптастырады

Ойынның қай - қайсысы болса да белгілі мақсат, міндеттерді көздей отырып ұйымдастырылады. Себебі, ойын ойыншының адамгершілік, мінез - құлық, дене қасиеттерінің даналық жақтарын, әлеуметтік, қоғамдық мәселелерді астарлы да ашық қамтиды.
Ойын қалай, қашан пайда болған? Ойын тарихының шығуы адамзат тарихының бір бөлігі ретінде сонау аң аулау мен терімшілік уақытында қатар пайда болып, дамып келеді. Содан бізге жетіп, ойналған ойындар ағылшын ғалымы Э. Манкейдің пайымдауынша 5000 жылдай бұрын ойналса керек. Қазақтың қонақжайлылығымен бірге енген ұлттық ойындары да бала болмысына үлкен әсер ететіні хақ. «Отыз күн ойын, қырық күн тойын» деген сөз де содан шыққа керек.
Ойын - бала тәрбиесімен егіз. Өйткені бала ойынсыз өспейді, жан - жақсыз дамымайды. Тек қимыл, қозғалыс қана дененің шынығып өсуін, жетілуін қамтамасыз ете алады

Халық ойындарын бүгінгі педагогикалық білім талаптарына сай іріктеп, ретті қолдана білсек, онда ол бала тәрбиесінің сапасын көтеріп, тиімділігін арттырады, сыныптан тыс тәрбие жұмыстарын жандандырады. Ғалымдар, педагогтар ұлттық ойындарды зерттеп 5 топқа бөлген.

1. Аңға байланысты ойындар
2. Малға байланысты ойындар
3. Түрлі заттармен ойналатын ойындар
4. Зеректілікті,ептілікті, икемділікті қажет ететін ойындар
5. Соңғы кезде қалыптасқан ойындар

Ойындар оқушылардың ақыл - ойын жетілдіріп, дүниетанымын, рухани деңгейін кеңейтіп, олардың қимыл - қозғалыс дағдыларын дамытады, алған білімдерін күнбе-күн өмірмен ұштастырады, басқа да адамгершілік мінез - құлықтарды бойына сіңіруге мүмкіншіліктер береді. Сондықтан, тәрбие жұмысында халық ойындарын ескерусіз қалдыруға болмайды.

Сәулеттік нысанның макетін орындауға қажетті материалдарды анықтау және таңдау

Төлеу Ержан
Қазалы ауданының білім бөлімінің Жанқожа батыр атындағы №70 орта мектебі

Бөлім:	Дизайн және технология	
Педагогтің аты-жөні	Төлеу Ержан	
Күні:		
Сыныбы: 9	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты	9.1.6.2 бұйымды дайындау мен безендіру барысында заманауи және дәстүрлі емес материалдарды қолданудың өзіндік (оригиналды) шешімдері мен жолдарын ұсыну; 9.1.6.4 шығармашылық жұмыстар жасау үшін әр түрлі технологиялар мен өнер материалдарын қолдану бойынша өзіндік (оригиналды) шешімдерді ұсыну	
Сабақтың мақсаты:	• Сәулеттік макет жасау барысында заманауи материалдарды пайдалану жолдарын ұсынады; • Әр материалдың ерекшеліктері мен қолданылу әдісін анықтай алады; • Жасанды интеллект (ЖИ) құралдарын қолданып, өздігінен шешім қабылдай біледі.	
Құндылық	«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында Әділдік және жауапкершілік құндылығы	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	**Педагогтің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Сабақтың басы **2** минут	Ұйымдастыру кезеңі. Оқушылармен сәлемдесу, сыныпта атмосфералық ахуал қалыптастыру. Берілген нұсқау бойынша оқушылар қимылмен үйдің макетінің бөлшектерін сипаттайды.	Сәлемдесу, 1.Үйдің төбесі– үшбұрышты қимылмен көрсетеді 2. Үйдің қабырғасы –екі бала төртбұрыш қимылмен көрсетеді		9-сынып оқулығы Көркем еңбек кабинеті 
2 минут	**Топқа бөлу «Сиқырлы қоржын» әдісі арқылы** 1-топ: Ұсталар 2-топ: Шеберлер 3-топ:Сәулетшілер	Оқушылар қоржыннан ағаш, пластик (ПВХ), картон қиындылары арқылы 3-топқа бөлінеді		Қоржын, ағаш, пластик (ПВХ), картон қиындылары, топ атаулары
2 минут	**Өткен тақырыпқа шолу жасау: «Жедел жауап» әдісі** Оқушыларға өткен тақырыпты пысықтау мақсатында тест сұрақтарын беремін. (1-қосымшада)	Өткен тақырыпты тест сұрақтарына жауап беру арқылы еске түсіреді.	«Керемет, жарайсың!» мадақтау сөздерін қолданамын және жұлдыздар беру арқылы бағалаймын	Интерактивті тақта, тест сұрақтары Жұлдызшалар 

Сабақтың ортасы **1 минут** **5 минут** **3 минут** **5 минут** **20 минут**	Мағынаны тану Жаңа тақырыпқа қатысты бейнебаян ұсынамын «Миға шабуыл» әдісі 1.Сәулеттік макет жасау үшін қандай материалдар пайдалануға болады? 2.Масштаб дегенді қалай түсінесіздер? Жаңа тақырыпты «**HeyGen** нэйрожелісі» таныстырады. Жұптық жұмыс:**«ChatGPT»** әдісі Тапсырма:«Қай материал макет жасауға ең қолайлы және неге?» Мақсаты:әрбір оқушы жұптағы серіктесімен бірлесіп жұмыс істейді, бұл олардың тақырыпты белсенді түрде меңгеруін және түсінуін қамтамасыз етеді. Топтық жұмыс: «Постер қорғау» әдісі **Тапсырма:** «Материалды анықтау және таңдау» **Критерий:** • Тақырыпты түсіну және оны талдай білу. • Материалдыңерекшеліктері ндұрысанықтау. • Экологиялықжәнешығарма шылықшешімдерұсыну. Мақсаты: білім алушылардың бірлесіп жұмыс істеуін ұйымдастыра отырып, тақырыпты жан-жақты және терең меңгеруге көмектесу. Оқушылар арасында өзара әрекеттестікті дамыту, әркімнің белсенді қатысуын қамтамасыз ету және топта жауапкершілік сезімін арттыру.	Бейнебаянды көріп танысады Оқушылар ұжымдық талқылау арқылы жаңа сабақтың ашылуына жетелейтін сұрақтарға жауап береді. Тыңдау,өз ойын айту Оқушылар жаңа тақырыппен танысады Оқушылар ұялы телефондарымен **«ChatGPT»** программасымен жұмыс жасайды, жыптарымен талұылайды Оқушылар постер қорғау арқылы материалдың беріктігін, икемділігін және экологиялық тиімділігін анықтайды. **Дескриптор:** - материалдардың түрін ажырата біледі, - материалдардың ерекшеліктерін талдай алады, - экологиялық және шығармашылық шешімдер ұсынады.	Бірін-бірі бағалайды, «Керемет, жарайсың!» мадақтау сөздерін қолданамын және жұлдыздар беру арқылы бағалаймын Жолдастарын бағалайды, «Керемет, жарайсың!» мадақтау сөздерін қолданамын және жұлдыздар беру арқылы бағалаймын Өзін-өзі бағалайды, «Керемет, жарайсың!» мадақтау сөздерін қолданамын және жұлдыздар беру арқылы бағалаймын	https://www.youtube.com/watch?v=S-4fcS1x9ew-g&t=16s Интерактивті тақта, бейнебаян Интерактивті тақта, ЖИ Интерактивті тақта, ЖИ Интерактивті тақта, ЖИ, ұялы телефон, жұлдызшалар стикерлер, плакаттар, түрлі-түсті бояу қаламдар, таныстырылым,жұлдызшалар
Сабақтың соңы **5 минут**	Рефлексия: **«SMS хат» әдісі** QR код арқылы «WhatsApp» желісіне кіріп шығу билетін толтырады: Бүгінгі сабақтан нені түсіндің? Не қызықты болды? Не үйрендің?	Оқушылар QR код арқылы «WhatsApp» желісіне кіріп, бүгінгі сабаққа байланысты SMS хат жолдайды.	Сайыс сабақ барысында оқушылардың жинаған жұлдызшалары арқылы оқушыларды марапаттау	Жұлдызшалар , грамоталар,
	Үйге тапсырма	Макеттің прототипін ойластырып келу		

1-қосымша:

1. Сәулеттік нобай дегеніміз не?
2. Сызба дегеніміз не?
3. Қасбет қай түрінің көрінісі?
4. Тілік дегеніміз?
5. Симметрия дегеніміз?

1. Сәулеттік нобай - сәулет үлгілерін жобалап, жоспарлауда шығармашылық ізденісті сурет, сызба түрінде салу.
2. Сызба - ғимарат салуға қажетті түрлі ақпараттардан тұратын негізгі құжат. Сызбадан нысанның түрі, көлемі, қандай жерде орналасатыны туралы білуге болады.
3. Қасбет - сыртқы түрінің көрінісі.
4. Тілік - ғимараттың тік жазықтықпен бөлгендегі көрінісі.
5. Симметрия -ұксас бөліктердің, нысанның осіне қатысты өзара қатаң сәйкестікте орналасуы.

Мектепке дейінгі ұйымдарда қолданылатын жобалардың ерекшелігі

Г.Б.Таласбаева
Өрлеу БАҰО АҚ филиалы Қызылорда облысы бойынша кәсіби даму институты
Жаратылыстану-математикалық бағыттағы кафедраның аға оқытушысы

Жоба әдісін педагогикалық үдерісті ұйымдастырудың бір тәсілі ретінде қарастыруға болады. Ол педагог пен тәрбиеленушінің өзара әрекеттесуіне, қоршаған ортамен байланыс орнатуға негізделген, қойылған мақсатқа қол жеткізуге бағытталған кезең-кезеңмен жүзеге асатын практикалық іс-әрекет болып табылады. Қазіргі таңда білім беру жүйесінде, оның ішінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласында баланың жеке қабілеттерін дамытуға бағытталған инновациялық әдістер кеңінен қолданылуда. Солардың бірі — жобалық әдіс. Бұл әдіс тәрбиеленушінің белсенділігін арттырып, шығармашылық және зерттеушілік қабілеттерін дамытуға үлкен үлес қосады.

Жоба әдісінің мәні мен маңызы

Жобалық іс-әрекет — бұл педагог пен бала арасындағы бірлескен шығармашылық жұмыс. Жоба барысында бала нақты бір тақырып аясында мақсат қояды, зерттейді, ақпарат іздейді, нәтижесін қорытындылайды. Бұл үрдіс балалардың өмірлік тәжірибесіне сүйеніп, өз бетінше әрекет етуге үйретеді. Жоба әдісі — баланы тек пассив тыңдаушы емес, белсенді ізденуші, орындаушы және шешім қабылдаушы ретінде тәрбиелейді.

1. Мақсат қою: педагог балаға белгілі бір уақыт аралығында өзіне қолжетімді және өзекті міндетті таңдауға көмектеседі.

2.Жобаны әзірлеу – мақсатқа қол жеткізуге бағытталған іс-әрекет жоспары:

- кімнен көмек сұрауға болады (ересек адамнан, педагогтан);
- ақпаратты қай дереккөздерден табуға болады;
- қандай заттарды (құрал-жабдықтарды, керек-жарақтарды) қолдануға болады;
- мақсатқа жету үшін қандай заттармен жұмыс істеуді үйрену қажет.

Жобаның орындалуы –тәжірибелік бөлім. Қорытынды жасау- жаңа жобалардың міндеттерін анықтау.

Қазіргі уақытта жобалар келесідей жіктеледі:

а) қатысушылар құрамына қарай;
ә) мақсатты бағдарға қарай;
б) тақырыбына қарай;
в) жүзеге асыру мерзіміне қарай.

Жобалардың жіктелуі

Мектепке дейінгі ұйымдарда қолданылатын жобалар түрлі негіздер бойынша жіктеледі:

Қатысушылар құрамына қарай:

- Жеке (жеке бала орындайды)
- Жұптық (екі бала бірге орындайды)
- Топтық (шағын топта)
- Ұжымдық (топтағы барлық балалар қатысады)

Мақсатына қарай:

Ақпараттық (ақпарат жинауға бағытталған)

- Практикалық (нақты өнім жасауға бағытталған)
- Шығармашылық (шығармашылық жұмысқа негізделген)
- Әлеуметтік (қоғамдық мәні бар іс-әрекет)

Тақырыбына қарай:

- Экологиялық
- Танымдық
- Спорттық-сауықтыру
- Эстетикалық
- Әлеуметтік

Уақытына байланысты:

- Қысқа мерзімді (1–3 күн)
- Орта мерзімді (1 аптадан 1 айға дейін)
- Ұзақ мерзімді (бірнеше айға созылады)

Жобалық іс-әрекетті ұйымдастыру кезеңдері

Мақсат қою: педагог баламен бірге өзекті және қызықты тақырыпты анықтайды.

Жобалау: жоспар құрылып, кімнен көмек сұрауға болатыны, қандай құрал-жабдық қажет екені анықталады.

Іс-әрекет: ақпарат жинау, тәжірибе жасау, бақылау, шығармашылық тапсырмалар орындау жүзеге асырылады.

Қорытынды: алынған нәтижелер көрсетіледі (презентация, көрме, қойылым және т.б.)

Бағалау: балалар өз жұмысына және бір-бірінің еңбегіне баға береді, рефлексия жүргізіледі.

Жобалық әдістің артықшылықтары

- Балалардың қызығушылығын арттырады;
- Ізденімпаздық және зерттеушілік дағдыларды дамытады;
- Коммуникативтік және әлеуметтік қабілеттерді жетілдіреді;
- Ата-аналарды тәрбиелеу процесіне тартуға мүмкіндік береді;
- Шығармашылық ойлауға, шешім қабылдауға үйретеді.

Қорытынды

Жобалық іс-әрекет - балаларды өз бетімен әрекет етуге, қоршаған ортаны зерттеуге және алған білімдерін тәжірибеде қолдануға үйретететін тиімді әдіс. Мектепке дейінгі ұйымдарда бұл тәсілді жүйелі түрде қолдану арқылы баланың жан-жақты дамуына жол ашылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Проектный метод в деятельности дошкольного учреждения. Киселева Л.С., Данилина Т.А., Лагода Т.С., Зуйкова М.Б
2. Инновационные процессы в современном дошкольном образовании. Л.П. Пяткова.,О.А. Стальбовская., С.В. Ушакова., С.В. Костарева., А.А. Морорзова

Қазақ тілі мен әдебиетті оқытуда диалогтік қарым - қатынастың тиімділігі

Мустафаев Сейлхан Альназарович
Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Жанқожа батыр атындағы №70 орта мектептің қазақ тілі пәні мұғалімі

«Нашар мұғалім ақиқатты өзі айтып береді, ал жақсы мұғалім оқушының өзін ізденуге жетелейді»
(А. Дистверг)

Қазіргі заман талабына сай білім ордаларында оқушыларға тиімді сабақ барысын ұйымдастыра білетін жаңашыл ұстаз болу – барша мұғалімдердің басты мақсаты деп білемін. Сабақ қызықты да мазмұнды болып өтуі мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Егер де мұғалім күнделікті өтілетін сабағын өз дәрежесінде өткісі келсе, жаңа заманның талабына сай инновациялық әдіс - тәсілдерді кеңінен тиімді қолдана алуы шарт. Сонда ғана оқушы сапалы білім алып, өз бетімен ізденіп, диалогтік қарым - қатынас арқылы өзін - өзі реттеп, сандық технологияларды пайдалана білетін белсенді де білімді тұлға қалыптасып шығады.

Оқушыларға сыни тұрғысынан ойлануына сұрақтар мен тапсырмалар бергенімде, бір - бірлеріне өз пікірлерін білдіріп, ынтымақтастықпен бір - бірін тыңдап, дұрыс шешім қабылдап, өздерінің алға қойған мақсатына қалай жету керектігін түсініп, үлгермеуші оқушылар өздерінің білмеген жерлерін келесі оқушы арқылы біліп отыратыны байқалды.

Тақырыптың өзектілігі:
1. Мектептегі дәстүрлі сабақтардың балаларды жалықтыруы;
2. Оқушылардың тіл байлықтарының төмендігінен ойларын анық жеткізе алмауы;
3. Қазіргі техника заманы дамыған кезеңде, оқушылар интернетті пайдалана білгенімен, жұппен, топпен жұмыс істей алмауы;

Мақсаты:
А) Оқушылардың сабақта диалогтік қарым - қатынасты орната отырып білім сапасының артуы мен ойлау қабілеттерінің даму жолдарын анықтау;
В) Әр түрлі тапсырмалар беру арқылы оқушылардың диалогтік қарым - қатынасын орнатып, білімге деген құштарлығын, ізденімпаздық қабілеттерін, тіл байлығын, ой - өрісін, ынтасын дамыту;

Міндеттері:
А) Диалог арқылы оқытуда сыни көзқарасы қалыптасқан, терең ойлы, сөзге шешен тұлғаны қалыптастыру;
В) Кез - келген жерде диалогтік қарым - қатынасты орнатып, өз ойын еркін жеткізе алатын және алған білімін алдағы уақытта пайдаланатын білімді, парасатты, алғыр, Отанды сүйе білетін оқушыны тәрбиелеу;
Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында диалог арқылы оқытудың басты ерекшеліктеріне, қолданылу жолдарына тоқталмақпын. Бұрынғы өткізіліп жүрген дәстүрлі сабақтар мен қазіргі жаңа әдістердің негізінде өткізілген сабақтарды салыстыра отырып, төмендегі айырмашылықтарды байқадым.
Дәстүрлі сабақ барысында:

Мұғалімнің әдістері.
1. Жаңа тақырып бойынша ақын - жазушылардың өмірі мен шығармашылығы туралы айтып түсіндіреді, шығармадағы кейіпкерлерді талдайды.
2. Оқушылармен бірге шығарманың идеясын анықтайды.
3. Қазақ тілі бойынша ережелерді түсіндіреді.
4. Мұғалім көп сөйлеп, оқушы аз сөйлейді.
5. Оқушы өзінің ойын еркін жеткізе алмайды.
Диалог арқылы оқыту әдісі бойынша өткізілген сабақтардағы өзгерістер мен нәтижесі.
1. Оқушылар өзара сұхбаттасады, ойын дамытып келесі оқушымен ой бөліседі. Мұғалім мен оқушы арасында көпірше орнатылады.
2. Оқушы өзінің ойын жинақтап, тұжырымдай алады, білімі жоғарылайды. Әдеби шығармадағы кейіпкерлерді талдап, сөздік қорлары молаяды.
3. Оқушының сөйлеу шеберлігі мен мәдениеті, ізденімпаздылығы, топта өзін ұстау қабілеті жақсарады.
4. Білімге деген көзқарасы қалыптасып, қызығушылығы мен талпынысы артады. Топта сыныптастарын бар назарымен тыңдап, өзінің жауабымен салыстыра отырып түйінді ой немесе пікір айтуға дағдыланады.
5. Диалог арқылы оқушылар бір - бірлерінен үйренуіне жағдай жасалады. Мұғалім аз сөйлеп, оқушы өз ойын еркін жеткізеді.

Білім негізі –бастауыш сынып

Мустафаева Алмагул Жайназаровна
Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті №249 мектеп-лицейдің мектепалды даярлық сыныбының мұғалімі

Білім-жалпы ағза, мектеп—басы, мұғалім—жүрегі, оқушы—тыныс алатын өкпе іспетті. Жалпы ағза осы аталған үш нәрсеге тәуелді. Осы үшеуінің біреуі науқасқа шалдықса, жалпы ағзадағы функция бұзылатынында дау жоқ. Адам ағзасында жұдырықтай ет бар, егер де, сол ет бұзылса, онда ол адамның бүкіл болмысы бұзылады деп қасиетті хадисте айтқан ол еттің аты не? Ол еттің аты—жүрек. Міне, «Мұғалім –мектептің жүрегі» деп ұлылар айтқан ұлағатты сөз осыдан шығады. Мектептегі сапалы білім мен саналы тәрбие мұғалімнің әрекетімен іске асатыны ол бесенеден белгілі. Мұғалім—оқушы үшін еліктейтін нағыз тұлға. Кез келген оқушы үйінде әкесіне, немесе шешесіне еліктесе, ал мектеп қабырғасында ол өзінің ұстазына еліктейді. Міне, бұдан шығар қорытынды, мұғалім бірінші кезекте өзінің шәкірті үшін еліктейтін тұлға бола білуі керек. Егер ол еліктейтін тұлға бола білмесе, оқушылар оның берген білімі мен тәрбиесін самарқау қабылдайтындары сөзсіз. Бұдан кейінгі кезекте, мұғалімнің жинақтаған білімінің толық болуы негізгі шарт. Білімсіз мұғалім—оқталмаған мылтық іспетті. Оғы жоқ мылтық—пайдасы шамалы таяқпен тең. Білімсіз мұғалімнің оқушылар алдында беделі болмайды. Қазіргі жаһандану дәуірінде ғаламтор, әлеуметтік желілер, нана технологияның қарышты дамыған заманында оқушылар кез-келген ақпараттарды, кез-келген уақытта дем арада ала алады. Бұл-- оқушылар білімінің қарқынды дамуларына ашылып отырған негізгі жол. Осы дәуірде мұғалімге қойылатын талаптардың өзі орасан зор. Өйткені, заман талабының өзі соған итермелеп тұр. Заман талабынан қалып қалса, мұғалім білімінің кенжелеп қалатынында дау жоқ. Соған сәйкес мұғалім өз білімін үнемі жетілдіріп отырғаны абзал.

Келесі кезекте безбенге түсетін үлкен нәрсе—ол мұғалімнің шығармашылық жағынан дамуы. Егер мұғалім заман талабына сәйкес өзін шығармашылық жағынан жетілдірмесе, ол жинақтаған білімінің өзін оқушы санасына жеткізе алмайды. Өйткені оның өткізген сабағы оқушының қызығушылығын оятпайды. Қазақша теңеумен айтсақ, жалпақшешейлік пен жайбасарлыққа құрылған сабақ болады. Бұдан келіп оның сабағынан оқушылардың тартыншақтануы, тіпті, бас тартушылықтары пайда болады. Осы жоғары да аталған үш нәрсенің біреуі кем болса, мұғалім өз пәрменділігін жоғалтады, пәрменділігі жоғалған ұстаздың оқушылар алдында беделінің болуы тағы да неғайбыл. Осыдан келіп пәрменсіз ұстаз—дәрменсіз деген пікір қалыптасады.

Балапан ұясынан ұшарынан,
Темірдің өткірлігі ұстасынан.
Жаһанда ғылым іздеп адам болу,

Шәкірттің білімдісі ұстазынан. деп Омар Хайям айтқандай шәкіртке білім беріп, адамшылық қасиетін қалыптастыру—мұғалім мойнындағы өте ауыр да жауапты жүк. Осы аталған жауапты жүкті ең бірінші арқалайтындар-мектептің ең негізгі іргетасы болып саналатын бастауыш сынып мұғалімдері. Кез-келген ғимараттың іргетасы мықты болмаса, оның құрылысының нашар да сапасыз болатыны рас. Міне, бастауыш сынып жоғарғы сыныпқа апарар іргетас болып саналады.

Бастауышта алған білім мықты болса, оқушылардың жоғарғы сыныпқа барғанда да алатын білімдері сапалы деген сөз. Осы іргетасты қалаушы бастауыш сынып мұғалімдерінің арқалап жүрген міндеттемелері мен жауапкершіліктері жоғарғы сыныпқа сабақ беретін мұғалімдерге қарағанда он есе ауыр десек артық айтпаймыз. Әрине, жоғарғы сыныпқа сабақ беретін мұғалімдер де қол қусырып, қарап отырған жоқ. Ол мамандық иелерінің де өздеріне тән ауырпалығы мен қиыншылықтары бар. Дегенмен де, жоғарғы сыныпта оқитын балалар ақыл-естері қалыптасып, оң мен солдарын таныған балалар. Бұл балаларға сабақ беретін мұғалімдердің жалпы міндеттері—оларды ары қарай дамыту. Ал бастауыш мектепке келетін балалар негізінен ата-анасының бауырынан енді шыққан, немесе бала бақша ғимаратынан енді аттаған, оң мен солдарын танып үлгермеген, тілдерінің шығып үлгергендеріне не-бары үш-төрт жылдың жүзі болған, мектеп қабырғасына тарыдай болып кірген балалар келеді. Міне осындай балаларға сөйлеуді, жазуды, сызуды, оқуды, сурет салуды, өлең жаттауды, оң мен солын танытуды, қоғамға бейімделуді, өздерінің адамдық категорияларын ашуды, өздерін, сонымен қатар, өзгені бағалауды, еңбекке баулуды үйрететіндер-- бастауыш сынып мұғалімдері. Осы аталған мұғалім міндеттерін сарапқа салсақ, осы мамандық иелеріне физикалық, психологиялық жағынан жүйкелеріне қаншалықты күш түсетіні айтпаса да түсінікті.

Мақаламыздың жоғарғы жағында айтып кеткен үш талапты ескерсек, бұл кісілер осы үш талаптың үшеуі бойынша он есе ізденулері керек екендіктері баршаға аян. Осы тұста ескере кететін бір нәрсе, бала төртінші сыныпты бітіріп, бесінші сыныпқа аяқ басқанда түрлі пәндерден әртүрлі мұғалімдер береді. Сол кезде ғана дене тәрбиесі, көркем еңбек, ішінара тарих, география, физика, математика сияқты пәндерден ер мұғалімдердің төбелері анда-санда қылтың етіп көріне бастайды, ал бастауыш мектепте сабақ беретін мұғалімдердің арасында ер адамдардың төбелері тұрмақ өздері көрінбейді. Тіпті ер адамдар жоқ десе де болады. Егер де осы аталған дүниені ескере отырып, іздеу салған күннің өзінде бастауыш мектепте сабақ беретін жүз әйел адамның ортасында бір ер адам шықса, мұның өзі ғылым саласында жауабы табылмас, табиғи феномен болар еді. Осындай өте үлкен жауапкершілікті талап ететін мамандықтан ер адамдардың алшақтап кетуінің өзі неден деген сұрақты төтесінен қойсақ, мұның өзі де феномен күйінде қалып қалмақ. Осындай нардың жүгін батпандап арқалап жүрген, бастауыш сыныпта сабақ беретін әр

мұғалімге бір-бір ескерткіш қойса, мұның өзі аздық ететіні-даусыз нәрсе. Өйткені бастауыш мектеп мұғалімдерінің негізгі фунциялары—бастау мен қалыптастыру. Кез келген нәрсені жалғастырудан, бастау қиын. Дамытудан, қалыптастыру қйын екендігі- табиғи заңдылық. Қазіргі таңда бала білімінің іргетасын қалыптастыру саласында еңбек етіп жүрген аталған мамандық иелері аз емес. Олардың атқарып жүрген жұмыстары мен шығармашылық жолдарындағы ізденістері де ұшан-теңіз. Тіпті кейбіреулері өздерінің өлеңдер жинақтарымен, балалар тақырыбына жазызып жүрген әңгімелері- мен әдебиетке де өз үлестерін қосуда. Білімдері мен шығармашылықтарын танытып, оны тарату үшін атқарып жатқан еңбектері де баршылық. Өздерінің білімдерін безбенге салып, аудан, облыс Республика көлемінде өтіп жатқан, мұғалімдер арасындағы жарыстарға қатысып, бақтарын сынап, жүлделі орындарды да иемденіп жүргендері де жетерлік.

Міне осындай табанды да, қажырлы мамандық иелерінің еңбектерін ескеріп, жазғы демалыс уақыттарында ақысыз демалыс орындарына кемінде он күн демалып, жүйкелерін тыныштандыруға жағдай жасалса, нұр үстіне нұр болар еді. Қорыта келгенде, бала бойына білімнің нәрін сеуіп, кеуделеріне адамдықтың дәнін себетін, білімнің бастауы бастауыштан басталатындығы ол шынайы факт.

Мамандықтар әлеміне саяхат

Набиева Айжамал Каскырбаевна
Қызылорда облысының білім басқармасының Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің №11«Балапан» бөбекжай-балабақшасының тәрбиешісі, Педагог-модератор

Ұйымдастырылған іс-әрекет

Тобы, тәрбиеленушінің жасы: ортаңғы топ 3 жастағы балалар

Ұйымдастырылған іс-әрекет: Қоршаған әлеммен таныстыру, музыка, құрастыру, тіл дамыту

Тақырыбы: «Мамандықтар әлеміне саяхат»

Міндеті: Балалардың өзара қарым-қатынас жасауына, барлық мамандық иелерін сыйлай білуге, құрметтеуге тәрбиелеу. Барлық мамандықтардың адамға қажет екенін түсіндіру.

Күтілетін нәтиже:

Балалардың өзара қарым-қатынас жасауына, барлық мамандық иелерін сыйлай білуге, құрметтеуге қалыптасады..

Қоршаған ортада, ойын алаңында қауіпсіздікті сақтауға үйренді.

Барлық мамандықтардың адамға қажет екенін түсінеді.

Ресурстар: мамандықтарға арналған ойыншықтар, сиқырлы қорапша,компазиция, QR – кодтар сұрақ-жауап.

Тәрбие мен оқыту әдістері: көрнекілік әдісі, сөздік әдісі, тәжірибелік әдісі, ойын әдісі, мадақтау әдісі, әңгімелесу әдісі

Барысы:

Музыка әуенімен басталады.

Міндеті: Компазиция: «Кім боламын?»

Дәрігер-Камшат

Емделуші- Томирис

Полиция-Муслимәли

Қатысушы-Айару мен Назар

Ғарышкер- Айсұлтан

Тәрбиеші: Рахмет балалар, ендігі кезекті тақпақтарға береміз.

Балалар мамандықтардың жанында тұрып тақпақ айтады.

Тәрбиеші:

Балаларды тәрбиелеп,
Жақсылыққа үйретем.
Шаштараз –Гүлрайхан; клиент-Сафура
Шашыңды мен әдемі,
Сәндетіп жасап беремін.
Дәрігер-Марьиям; емделуші-Медина
Ауырсаң сен қорық па?
Дәрігерің ем қылуда.
Аспаз-Раяна , кафе-Шахсұлтан
Дәмді тамақ пісіріп
Бәріңе ас ұсынам
Дүкенші –Аделья; сатып алушы-Ханшайым
Дүкенімде сіздерге
Не керектің бәрі бар
Сто маманы-Аңсар; Даниал
Механик аға мықты адам,
Жөндеп береді әрқашан.
«Дыррр!» деп мотор сөйлейді,
Жолға қайта келеді!
Құрылысшы-Қасиет;
Үй тұрғызам тастан мен,
Жаңа қала ашқан мен.
Жарайсыңдар балалар! Олай болса балалар ойын ойнаймыз ба?
Иә
Олай болса балалар ойынымызды ойнайық.
Балаларға ойын алаңындағы жұмыстар түсіндіріледі.
1- ойын алаңы «Шаштараз» ойыны
Гүлрайхан сен қандай ойын ойнап жатырсың?
Шаш сәндеп жатырмын
2- ойын алаңы «Емхана»
Марьиям сен қандай ойын ойнап жатырсың?
Мен дәрігермін, адамдарды емдеймін.
3- ойын алаңы «Асхана» ойыны
Раяна сен қандай ойын ойнап жатырсың?
Мен аспазшымын тамақ жасап жатырмын.

Раяна: Сәлеметсіз бе! Қандай тамаққа тапсырыс бересіз?
Мен жасап берейін. (Ас мәзірі беріледі)
Шахсұлтан: пицца
4- ойын алаңы «Сто маманы»
Аңсар,Даниял сендер қандай ойын ойнап жатырсың?
Машина жөндеп жартырмыз?
Аңсар: Даниял кел маған көмектес
Даниял жарайды.
4- ойын алаңы «Дүкен ойыны»
Аделья сен қандай ойын ойнап жатырсың?
Дүкенші болып ойнап жатырмын.
-Сәлеметсіз бе! Менің дүкеніме қош келдіңіздер! Не аласыздар?
Ханшайым: нан, жұмыртқа
4- ойын алаңы «Құрылысшы ойыны»
Қасиет сен қандай ойын ойнап жатырсың?
Мен үй салып жатырмын
Қоңырау соғылады. Балаларды ортаға жинап сұрақ-жауап қойылады.
Балалалар сендер кім болып ойнадыңдар?
Балалар жетелеуші сұрақтарға жауап береді.
Ғажайып сәт:
Дәрігер: Сәлеметсіздер ме, балалар! Бағанадан бері мен сендерді бақылап отырымын жасқсы балалар екенсіңдер. Мен сендерге сиқырлы қорапшалар әкелдім. Ішінде не бар екен?
Балалар қорапты ашып ішіндегі заттармен танысып, олармен ойнап өз ойларын айтады.
Жарайсыңдар балалар, еркін ойынымызды ары қарай жалғастырайық.

Қорытынды

Мақсаты: Балалардың қиялын, логикалық ойлауын, ұжымдық әрекет дағдыларын дамыту.
Ойын шарты:
1. балалар мамандықтармен танысты.
2. Балалар ғажайып қорапшаны қызығушылықпен ашады (тәрбиешінің көмегімен). Ішінен ойындар шығады.
3. Балалар ұжым болып ойындармен ойнады
Балалардың бүгінгі ойын әрекеттеріне тоқталу, мадақтау

Қазақ тілін оқытудың пәнаралық кеңістігі: тіл меңгеру дағдылары және кіріктіре оқытудың инновациялық тәсілдері

Қалымбетова Ұлжан Әбдіқадырқызы
Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, КММ «252 Г.Н.Ковтунов атындағы мектеп-гимназиясының Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі (орыс сыныптарында)

Қазақ тілін оқыту — бұл тек сөздік қорды көбейту немесе грамматикалық ережелерді меңгерту ғана емес, ол — оқушының ойлау қабілетін, мәдени санасын, қарым-қатынас дағдыларын және тұлғалық дамуын қалыптастыру процесі. Қазіргі білім беру жүйесі оқытудың нәтижесін тек білім деңгейімен емес, білім алушының өмірлік құзыреттілігімен өлшейді. Сондықтан қазақ тілін оқытудың мазмұны да заманауи талаптарға сай жаңарып, пәнаралық және кіріктірілген сипат алуы заңды.

Пәнаралық байланыс – тілді басқа ғылым салаларымен, мысалы, тарих, әдебиет, география, жаратылыстану, информатика, тіпті музыкамен үйлестіре оқытудың жаңа кеңістігін ашады. Бұл тәсіл білім алушылардың тек тілдік біліктілігін емес, дүниетанымын, мәдени көкжиегін де кеңейтеді. Тілді меңгеру – тек сөйлеу емес, ойлау мәдениетін меңгеру, өз пікірін дәлелдеп жеткізе білу, қоғаммен байланыс орнату. Демек, тіл мен тұлға, білім мен өмір, ой мен сөз өзара тығыз байланысты.

Бүгінгі педагогтің басты міндеті – оқушыларды «тіл үйренуші» емес, «тілді қолданушы» деңгейіне жеткізу. Бұл міндетті жүзеге асыруда тілге бойлау бағыты мен кіріктіре оқытудың инновациялық әдістері шешуші рөл атқарады.

Кіріктіре оқытудың инновациялық тәсілдері

Қазақ тілін кіріктіре оқыту – қазіргі педагогикалық парадигманың негізгі бағыты. Бұл тәсіл CLIL (Content and Language Integrated Learning) қағидатына негізделеді, яғни мазмұн мен тілдің қатар дамуын көздейді. Мұндай сабақтарда тіл – құрал, ал пән – мазмұн көзі.

Мысалы, география пәнінен «Қазақстанның өзендері» тақырыбын қазақ тілінде қарастыру кезінде оқушы гидрологиялық ұғымдарды үйреніп қана қоймай, оларды тілдік тұрғыда қолдануды меңгереді. Немесе биологиядағы «Адам ағзасы» тақырыбын кіріктіре оқыту арқылы оқушылар ғылыми терминдерді қазақ тілінде айтуға машықтанады.

Инновациялық тәсілдердің бірі – жобалық оқыту технологиясы. Бұл әдісте оқушылар нақты мәселені зерттеп, оның шешімін қазақ тілінде ұсынады. Мысалы, «Менің мектебімдегі экологиялық мәдениет» атты жоба арқылы оқушылар сауалнама жүргізіп, нәтижесін жазбаша және ауызша қорғайды.

Сонымен қатар, цифрлық платформаларды пайдалану (BilimLand, LearningApps, Quizizz, Padlet, Canva) сабақтың мазмұнын байытады. Цифрлық құралдар оқушылардың интерактивті қатысуын арттырып, тыңдалым мен айтылым дағдыларын дамытады.

Сыни және креативті ойлау әдістері де тілге бойлау бағытымен ұштасады. «RAFT», «Fishbone», «Double entry journal», «Insert», «Debate circle» сияқты стратегиялар оқушыларды өз пікірін дәлелдеуге, талдауға, салыстыруға,

шығармашылықпен ойлауға үйретеді. Бұл әдістерді қолдану барысында оқушылар тек тілдік норманы емес, мәдени норманы да меңгереді.

Пәнаралық кеңістік – тіл дамытудың тірегі

Пәнаралық кеңістік дегеніміз – білім алушының тілдік дамуын жалпы білім мазмұнымен байланыстыра қарау. Қазақ тілі пәні тарих, жаратылыстану, өнер, информатика сияқты пәндермен кіріктірілген кезде тілдің функционалдық әлеуеті кеңейеді. Мысалы, информатика пәнімен интеграция кезінде оқушылар «электронды хат», «блог жазу», «интернет пікір мәдениеті» тақырыптарында жазылым және айтылым дағдыларын дамытады. Ал музыкамен біріктірілген сабақтарда оқушылар ән мәтіндерін талдап, эстетикалық қабылдау мен тілдік талдауды қатар жүргізеді.Бұл тәсіл тек тіл үйрету емес, өмірге бейім тұлға қалыптастыру құралына айналады.

Қазақ тілін оқытудың пәнаралық кеңістігі – қазіргі білім берудің стратегиялық бағыты. Бұл кеңістік тілдің өмірлік мәнін терең түсінуге, оны іс жүзінде қолдануға мүмкіндік береді. Тілге бойлау бағыты арқылы сөйлеу әрекетінің барлық түрін дамыту – оқушылардың мәдениетті, сауатты, өз ойын жүйелі жеткізе алатын тұлға болып қалыптасуының кепілі. Кіріктіре оқыту тәсілдері мен инновациялық әдістерді пайдалану оқушылардың тілді үйренуге деген қызығушылығын арттырады, шығармашылық ойлауын дамытады және өмірлік құзыреттіліктерін нығайтады. Болашақта қазақ тілін оқытуды пәнаралық бағытта дамыту мұғалімдердің әдістемелік шеберлігін, зерттеушілік мәдениетін және технологиялық құзыретін арттырумен тығыз байланысты.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

Жанпейісова М. М. Модульдік оқыту технологиясы: оқушыларды дамыту құралы ретінде. – Алматы: Білім, 2002. – 184 б.

Әбдіғапарова С. Қазақ тілін оқытудағы инновациялық технологиялар. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 212 б.

Құлжанова Н. Тіл дамыту әдістемесі. – Алматы: Рауан, 1997. – 156 б.

Географиялық нысандар мен құбылыстарды номинациялау ерекшеліктері

Алтаева Жанар Әбибуллақызы
Қызылорда қаласы Ә. Мүсілімов атындағы
№101 мектеп-лицейінің География пәнінің мұғалімі

Сынып 9а	Қатысушылар саны	Қатыспағандар саны		
Сабақтың тақырыбы	Географиялық нысандар мен құбылыстарды номинациялау ерекшеліктері			
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	9.1.1.3 географиялық нысандар мен құбылыстарды номинациялау ерекшеліктерін анықтайды			
Сабақтың мақсаты	географиялық нысандар мен құбылыстарды номинациялау ерекшеліктерін анықтайды. географиялық зерттеу әдістерінің мәнін түсіндіріп, қолданады; Оқулықтан тыс берілген қосымша тапсырмалады орындайды, тақырып бойынша қосымша мәліметтер мен дәлелдер келтіре алады.			
Бағалау критериі	• Қосымша ақпарат көзінен алған мәліметтерді түсінеді; • географиялық нысандар мен құбылыстарды номинациялау ерекшеліктерін анықтайды • Географиялық білім көздерін біледі, карта, атлас, оқулық, әдебиеттермен қалай жұмыс істеу керек екенін түсінеді және барлық білім көздерін өз қажетіне қолданады.			
Сабақтың кезеңі/ уақыты	Мұғалімнің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар

Басы	. Қызығушылықты ояту үшін миға шабуыл. Суреттерінде не бейнеленгенін сипаттайды Сыни тұрғыдан ойлауға «Түрткі, сынақтан өткізу, қайта бағыттау» сұрақтары 1.Географиялық білім не үшін қажет? 2.Неліктен? 3.Географиялық білімдерді алған жағдайда қандай мамандықтарға қол жеткізуге болады? Сабақтың тақырыбы мен мақсатымен таныстыру Жетістік критерийлерін болжайды; Жетістік критерийлерімен танысады. Кластер құру: Қорқыт Сұрақтар:	Әдіс арқылы қайталау Сұрақ жауап орындайды	«Кіру билеттері»	http:// bestreferat. kz/extra_rkd/ show/59
Ортасы Соңы	Мағынаны тану кезеңі Географиялық нысан — жердің беткі қабатының белгілі бір қалыптағы айтарлықтай тұрақты тұтас элементі. Географиялық нысандар бір-бірінен шартты географиялық шек арқылы бөлініп ажыратылады. Географиялық нысандардың шығу тегі әртүрлі болуы мүмкін: табиғи (материктер, мұхиттар, өзен-көлдер, таулар, шалғындар, ормандар және т.б.) және антропогенді (қала мен ауылдар, ғимараттар, егістіктер мен саябақтар, зауыт-фабрикалар, көлік жолдары және т.б.). Қасиеттері — бұл географиялық нысанның өзіне ғана тән белгілері. Қасиеттер бізге бір нысанды екіншісінен айыруға немесе осындай өзге нысандармен ұқсастығын анықтауға мүмкіндік береді. Географиялық нысан анықтамасына қарап-ақ, оның мынадай негізгі қасиеттері барын анықтауға болады: • тұтастық — нысан элементтерінің ішкі бірлігі, яғни нысан белгілі бір тәртіппен орналасқан өзара байланысты және өзара тәуелді элементтерден тұрады. • тұрақтылық — сыртқы жағдайдың әсеріне қарамастан географиялық нысанның ағымдағы жағдайын сақтап қалу қабілеті. • географиялық орналасу — Жер бетіндегі нысанға, осы нысанға тікелей немесе қосалқы ықпал етуші кез келген нысандарға қатысты географиялық координаттар жүйесінде өз орнының болуы. • шығу тегі — табиғатта немесе адам қызметі саласында (антропогенді) туындау. Үйге тапсырма беру Әрбір нысанның ортақ және айырым қасиеттері болуы мүмкін. Ортақ қасиеттер нысандарды топтарға біріктіруге көмектеседі. Айырым қасиеттер бір нысанды екіншісінен ажыратуға көмектеседі. Барлық орман үшін ортақ қасиет — белгілі бір жерде ағаштардың көп болуы. Ал ағаштардың түрлері бойынша ормандар бір-бірінен ерекшеленуі мүмкін. Атап айтқанда, жалпақжапырақты, қылқанжапырақты және аралас ормандар.	Слайдта көрсетілген ресурстарды талқылайды Видеороликтан тақырыпқа сай берілген түсініктерді дамыту арқылы, мәтіндегі тапсырмаларды орындау барысында ой өрісін жетілдіру арқылы бәсекелеседі Слайдта берілген сұрақ жауапты орындайды Сұрақ жауап арқылы сұраққа жауап береді, логикалық ойлай білуі мен сыни көзқарасы таныта білу дағдылары қалыптасады	Смаликтер арқылы ҚБ өзін өзі бағалау ҚБ «Бәрекелді, әттеген-ай» Бағалау парақшасын толтырады. ҚБ Бағдаршам	1. Флипчарт, фломастер

	Географиялық нысанның әрбір қасиетін сапалық әрі сандық тұрғыдан көрсетуге болады. Жезқазғанның географиялық орналасуын сапалық тұрғыдан, мәселен, мынадай сөздермен білдіруге болады: «Қала Орталық Қазақстанда орналасқан». Бұл мәліметті сандық тұрғыдан беру үшін Жезқазғанның координатын — барынша нақты мекенжайын көрсететін географиялық координаттар жүйесінде (ендік және бойлық градустарда) айқындалатын жердің беткі қабатындағы Жезқазғанның орналасуын көрсету керек. Қала координаттары — 47°47’00» с.е., 67°42’00″ш.б. Қызылорданың ауа райы туралы да сапалық және сандық тұрғыдан сипаттауға болады. Мәселен: «Жазда Қызылордада өте ыстық, өйткені температура 40°С-қа жетеді». Жоғарыда біз физикалық қасиеттерге қатысты мысалдар қарастырдық. Географиялық нысандар қасиеттерінің сапалық және сандық сипаттамалары әлеуметтік, қоғамдық құбылыстарға да тән. Географиялық нысандардың әрқайсысында өлшем шамасы бар. Физикалық шама — географиялық нысан қасиеттерінің бірі. Сапалық тұрғыдан ол көптеген ұқсас географиялық нысандар үшін ортақ, ал сандық тұрғыдан олардың әрқайсысы үшін ерекше. Даралықты сандық тұрғыдан былайша түсінуге болады: қасиет бір нысан үшін басқасына қарағанда белгілі бір мөлшерге артық немесе кем болуы мүмкін. Мәселен, сапалық жағынан көптеген елдер аумағы бойынша үлкен болуы мүмкін. Үлкен көлем — барлық ірі елдер үшін ортақ қасиет. Үлкен елдер 1 000 000 км2 астам аумақты алып жатады. Бірақ олар басқа елдерден үлкен немесе кіші болуы мүмкін. Қазақстан Республикасы Ресей, Канада, Қытай, АҚШ, Бразилия, Аустралия, Үндістан, Аргентина сияқты аумағы үлкен елдер тізімінде тоғызыншы орында тұр. Қазақстанның аумағы — 2 724 902 км2, Канада аумағы -9 984 670 км2. ВЕН ДИАГРАММАСЫ Тарих мен география Топтық жұмыс «Жигсо» 4 топқа «Географиялық білім көздеріне» нелер жататының анықтап, қорғау Сіздің тобыңызда 5 рөлді: лидер, баяндамашы, хатшы, уақыт сақшысы және бақылаушы-ларды анықтаңыз. Жұмыс төмендегідей жоспармен жүреді. Берілген мәтінді оқып, топпен бірлесе отырып, талқылайды және әр топтың бақылаушысы, жасаған жұмыстарға сәйкес бақылау парағын жүргізеді.			

<table>
<tr>
<td></td>
<td>Жұптық жұмыс
1-тапсырма. Асты сызылған сөздерге түсініктеме беріңіз.
2-тапсырма: Мәтінге сүйене отыра, 3 сұрақ құрастырыңыз.
Оқытуды ң мақсаты бойынша.
<table>
<tr><td>Бағалау кртитериі</td><td>Дескриптор</td></tr>
<tr><td rowspan="4">Кез келген тапсырмаларды орындау және тақырыпты кез келген тәсілдерімен түсіндіру пайдаланады</td><td>Қосымша ақпарат көздерін пайдалана отырып текереді</td></tr>
<tr><td>Орындалған тапсырмалардың дұрыстығын бақылайды</td></tr>
<tr><td>Тапсырмалардың нәтижесін тексеру</td></tr>
<tr><td>Орындалған жұмыстардың жақсы үлгілерін көрсетеді</td></tr>
</table>
Жұптық бағалау.
Дискрипторлар: жоғарғы балл -5 балл.
- Басы +
- Ортасы +
- Қорытынды +</td>
<td></td>
<td></td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақтыңсоңы</td>
<td>Сабақты бекіту:
1.Географиялық білім көздеріне нелер жатады?
2.Жергілікті жерді танып білу үшін қандай құралдарды қолданамыз?
3.Жергілікті жердің табиғатын білу қанша-лықты маңызды деп ойлайсың?
Қаншалықты түсінгенін, түсінбеген жерін, жіберген қателіктерін күнделікке толтыру. (5мин)
<table>
<tr><td>Не үйрендім?</td><td>Не қиын болды?</td><td>Түсінбеген жерім</td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>
Бақылаушының бағалау парағы
Рефлексия
Оқушы мен мұғалім кері байланысы.
Өз-өзін бағалау ауызша жүзеге асады.
Оқушылар мына сұрақтарға жауап бере отырып, сабақта туындаған ойларын тізбектейді:
• Алдымен біз былай деп ойладық.....
• Одан кейін біз мына проблемаға тап болдық.....
• Проблеманы шешу үшін..... жасадық.
• Бұдан біз.....көрдік.
• Демек, бұл мынаны білдіреді.....
Сонымен біз.....деген шешімге келдік


Бағалау
Жетістік критерийлері бойынша
Үй жұмысы
Жаңа сөздерді жаттау</td>
<td>Бүгінгі сабақтан түйген ойлары мен тұжырымдарына байланысты кері байланыс жасайды.</td>
<td></td>
<td>Рефлексия парағы</td>
</tr>
</table>

Қосымша ақпарат		
Саралау –оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндеткоюдыжоспарлапотырсыз?	Бағалау - оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз?	Денсаулық пен қауіпсіздік техникасының сақталуы
	Мұғалімнің ауызша кері байланысы	**Ақпарат іздестіру кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау**

Зат есім



Райм Ақгүл Орақбайқызы
Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті Жамбыл Жабаев атындағы №234 орта мектептің Бастауыш сынып мұғалімі

Білім беру ұйымының атауы	Ж. Жабаев атындағы №234 мектеп		
Пәні:	Қазақ тілі		
Бөлім:	Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті		
Педагогтің аты-жөні:	Райм А		
Күні:	25.02.2025ж		
Сынып: **2**	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы:	**№90. Зат есім**		
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	2.2.5.1* дереккөздерден (сөздік, анықтамалық, энциклопедия) мәліметті табу жолын анықтап, берілген тақырып, сұрақ бойынша мәліметті іріктеп алу. 2.4.2.3 сөз таптарын (зат есім, сын есім, сан есім, етістік) ажырату		
Сабақтың мақсаты	Дереккөздерден қажетті мәліметті табуды үйренемін.		
Құндылыққа баулу	**Ай құндылығы: Жасампаздық және жаңашылдық.** **Апта дәйексөзі: Өнерлі бала өрге жүзер**		

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі// уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдастыру Өзін-өзі тексеру Өткен білімді еске түсіру Топтарға бөлінеді-5мин	Сабаққа дайындық  **Психологиялық ахуал:** Қуанамын мен де, Қуанасың сен де, Қуанайық достарым Арайлап атқан әр күнде **Асықтың түстеріне қарай топқа бөлінеді** **1топ: Жасыл асық** **2топ: Сары асық** **3топ: Қызыл асық**	Біз қандаймыз Көңілді Талапшыл ақылды Зерек Топтарға бөлінеді	Бағалау «Киіз үйі»  **Топтарға бөлінеді**	Суреттер Отбасы құндылықтары

Жаңа білім Сабақтың ортасы-25мин Сергіту сәті 3мин	**Жаңа тақырып. Топтық жұмыс** **23-жаттығу. «Жасырын сөз жарысы»**  Әз – күн мен түннің теңелер сәтінде жүріп өтетін ерекше бір гүл. «Әз болмай, мәз болмайды» деген сөз содан қалған. Әз өткенде күллі тіршілікке жан бітеді. Мәтіннің түсінігі: Наурыз сөзі «жаңа күн» дегенді білдіреді. 21-нен 22-сіне қараған түні күн мен түн теңеледі. **Затесімдер:** **Наурыз, күн, түн.** **3 топқа арналған тапсырмалар** 1-Топ: «Зат есімді тап» Берілген сөйлемдерден зат есімдерді тап. Сұрақ қой. 1. Наурыз мерекесінде дастархан жайылды. 2. Балалар киіз үйдің жанында отыр. 3. Аспанда күн жарқырап тұр. Шарты: Әр сөйлемнен зат есімді теріп жазу. Дұрыс жауап үшін 1 ұпай. 2-Топ: «Кері оқу» Берілген сөздерді кері оқып, жаңа сөз шығару. 1. Құлақ 5. Кіші 2. Лақ 6.Керік 3. Жаз 7.Түс 4. Бақа 8.Таза Шарты: Мағынасы бар сөз шықса, 1 ұпай. 3-Топ: «Жұмбақ шешу» Төмендегі жұмбақтардың жауабын тап. 1. «Т»-дан бастасаң – дақыл, «С»-дан бастасаң – бояу. 2. Көктемде ғана гүлдеймін, Жайқаламын, өсемін. Шарты: Дұрыс жауап айтқан топқа 1 ұпай. Топтар дайын болса, бастаймыз! **Сергіту сәті** **24-жаттығу. « Өлең жазушы»** **Өленді жатқа жаз.** **Өлең** Ұлыс оң болсын, Ақ мол болсын! Қайдабарсаң, жолболсын, Не тілесең, солболсын! **Зат есімдер (астын сызу):** **Ұлыс, ақ, жол** **Жұптық жұмыс.** **«Наурыз сөздерін тап»** Тапсырма: Наурыз мерекесіне байланысты сөздерді тауып жазыңдар. **Шарты:** Берілген сөздерден Наурызға қатыстыларын белгілеңдер:	Оқушы әрекеті: Сөйлемдерді әдемі, көркем жазып көшіріп жазады. Сөйлемдерді оқиды. Сұрақ қойып, зат есімдерді анықтайды. Берілген сөздерді мұқият қарайды. Әр сөзді кері оқып, жаңа сөз шығарады. Жұмбақтың мағынасын түсінуге тырысады. Жасырылған сөзді тауып, жауабын айтады. Сергіту сәті Есінде сақтап, дәптерге жазады. Өлеңнен зат есімдерді теріп жазып, астын сызады Бірлесе отырып тапсырманы орындайды	**Дескриптор** Берілген сөздерге сұрақ қойып, зат есімдерді анықтайды. Дәптерге зат есімдерді жазады. **Дескриптор:** **Берілген сөйлемдерден зат есімдерді анықтайды.** **Дескриптор:** **Берілген сөздерді кері оқиды.** **Мағынасы бар жаңа сөз шығарады.** **Дескриптор:** **Жұмбақты мұқият оқиды.** **Жасырылған сөзді ойлап табады.** **Дескриптор:** Өленді еске түсіріп, дәптерге қатесіз жазады. Өлең жолдарындағы зат есімдерді табады. **Дескриптор:**	Өлең жолдары

	(көже, қар, күн, автобус, шатыр, Наурыз, түн, дастархан, мектеп, бата, киіз үй, кітап, жаңбыр, бәйшешек, жылқы) Дұрыс жауаптар үшін 1 ұпай беріледі. **Жеке жұмыс. Не үйрендім?**		Берілген сөздерден наурызға қатысты сөздерді табады	
Шығарма-шылық тапсырма 7мин		Қорытынды тапсырма орындайды	Қорытынды тапсырма	
	Үй тапсырмасы **26-жаттығу. Оңнан солға қарай оқыған да жаңа сөз шығатын сөздерді теріп жаз.**	Үй тапсырмасын алады	Үй тапсырмасы	
	Кері байланыс			
Үй тапсыр-масын алады		Кері байланыс		
Кері байланыс жасайды 5мин				

Ескі қорғандардың сыры

Сандибекова Лаззат
Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Бекарыстан би ауылы Ұ. Тұқтібаев атындағы № 24 орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі

Пәні	Әдебиеттік оқу	
Бөлім:	Мәдени мұра	
Мұғалімнің аты-жөні	Сандибекова Лаззат	
Күні:	14.11.2025	
Сынып: 4 «Б»	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	№34 Ескі қорғандардың сыры	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	4.2.7.1 Шығармадан әдеби көркемдегіш құралдарды (теңеу, кейіптеу, эпитет, аллитерация, әсірелеу) табу және оларды қолдану 4.2.9.1 Түрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты табу, өңдеу және тұжырым жасау және себеп-салдарлық байланысын сызба түрінде көрсету	
Сабақтың мақсаты	Дереккөздерден қажетті ақпаратты алып, өңдеп, тұжырым жасайды. Әдеби көркемдегіш құралдарды қолданады.	
Құндылықтар: Қараша айы: “Әділдік және жауапкершілік айы”	Апта дәйексөзі: Жауапкершілік – табыстың кілті	

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 5 мин	Психологиялық ахуал Сабаққа психологиялық тұрғыдан даярлау. Өткенді еске түсіру «Сұрақтар ұяшығы» әдісі -«Ертегі» өлеңінің авторын ата -Олжас Сүлейменов туралы не білесің? -«Ертегі» өлеңін қазақ тіліне аударған ақынды ата -Өлеңнің басты идеясы неде? -Балаға кітап оқуды анасы қалай үйретті? -Анасының балаға жасаған еңбегі қандай нәтиже берді.	Сұрақтар ұяшығын таңдайды.	Дескриптор: -сұраққа жауап береді -1 ұ.	https://wordwall.net/resource/81940166
Сабақтың ортасы 30 мин	Жаңа сабақ Сабақтың тақырыбы мен мақсатын жариялау «Галереяға ой шарлау» әдісі Әр топқа бірнеше суреттерді тарту еткім келеді. Суреттердің ерекшелігі неде? Қандай ұқсастық бар? Қандай ат қоюға болады?  -Ал енді осы қорғандардан не табылуы мүмкін? Оны білу үшін бірлесе ребус шешіп көрейік.	Сурет бойынша әңгімелейді. Ребус шешеді.	Дескриптор: -суреттердің ұқсастығын атайды-1 ұ. -ортақ ат қояды-1 ұ. -ребусты шешіп, зат-тардың атын анықтайды. Отшашу	

	 Ребус жауаптары: құмыра, жүзік, айна, тостаған, алқа, тиын, айбалта. – Бұл заттар ғалымдар үшін неліктен құнды деп ойлайсыңдар? – Бұл заттар кімге, қайда тапсырылатыны туралы не білесіңдер? -Бұл заттарды кімдер тапты? «Автормен танысу айдары» әдісі Байбота Серікбайұлы Қошым-Ноғай (1954 жылы туған, Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы, Бесарық ауылы - ақын, аудармашы Шығармалары: «Тұңғыш кітап» ,»Тіршілік ұясы« т. б. Тыңдалым «Археолог» Оқулықпен жұмыс Б. Серікбай «Археолог» Өленді мәнерлеп оқу Тізбектей, шумақ бойынша оқу ЕБҚ Өленді мәнерлеп оқиды, археолог туралы әңгімелейді. Сөздік жұмыс **Санатқа қосылу** *бұл жерде:* «есепке алыну» деген мағынада **Оба** – тастан, топырақтан үйілген төбешік, қорым «Сұрақтар шеңбері» әдісі - Өленнің басты идеясы неде? -Өленде неше шумақ бар? -Өленде қандай жерлер аталған? Бейнежазбамен жұмыс «Көне Отырар қаласы» бейнежазбамен жұмыс Білгенге маржан Түсіндірме Қазақстандағы танымал ескерткіштер: Сайрам, Отырар, Тараз, Сығанақ қалалары, Есік, Берел қорымы, Айша бибі, Ясауи кешені т.б. **Отырар**, **Сығанақ** қалалары Сырдариянның бойында орналасқан. Алматы облысындағы Есік қорымынан атақты Алтын адам табылған. Тыңдалым Қ. Мырза Әли «Археологтің сыры» Жұптық жұмыс Анықта Сипаттау сөздердегі көркемдегіш құралды анықта. Сызбаны өзгертіп жаз.	Автормен танысады. Өленді тыңдайды. Оқу түрлерін қолданады. Жаңа сөздермен танысады. Сұраққа жауап береді. Бейнежазбаны көреді. Өленді тыңдайды	 Дескриптор: -өленнің басты идеясын табады-1 ұ. -сұраққа жауап береді-1 ұ. Дескриптор: -көркемдегіш сөздерді анықтайды-1 ұ. -сызбаны өзгертіп жазады-1 ұ. Дескриптор: -рөлді сомдап,1-жақтан сөйлейді-1 ұ. -құралдарды қолдану жолдарын әңгімелейді-1 ұ.	

	 «Мен археолог боламын». Түсіндір Дәлелде. -Археолог рөліне еніп, 1-жақтан сөйле. (Мен археологпін. Маған ....) Суреттегі заттардың қайсысы қажет екенін айт. Дәлелде. «Стикердағы ойлар» әдісі Археолог мамандығы не себепті маңызды?	Жұппен жұмыс жасайды. Рөлді сомдайды.		
Сабақтың соңы 2 мин	**Кері байланыс**  Оқу тапсырмасы: «Көне құмыраның» рөліне еніп, сөйлеуге дайындал	Кері байланыс береді.	ҚБ баға қойылады.	

Баланың ойлау дағдысы – оның болашағының негізі

Раймбекова Жазира Нұрғалиқызы
педагог-модератор
Бургегулова Жанат Бакбергеновна
педагог- сарапшы
Тараз қаласы білім бөлімінің №4 «Балдырған» бөбекжай – бақшасының тәрбиешілері

Бүгінгі дамып келе жатқан заманда адамның ойлау қабілеті, шығармашылық көзқарасы, логикалық ойлау дағдылары ең маңызды құндылықтардың біріне айналды. Баланың тұлғалық дамуы ерте жастан басталатындықтан, балабақша қабырғасынан бастап ойлау мәдениетін қалыптастыру – тәрбиешінің басты міндеті. “Ойланайық, ойлайық” тақырыбы балалардың интеллектуалдық, танымдық қабілеттерін дамытуға бағытталған жұмыстардың маңыздылығын айқындайды. Мақалада мектепке дейінгі жастағы балалардың логикалық, сын тұрғысынан және шығармашылық ойлау қабілетін қалыптастырудың маңыздылығы қарастырылады. “Ойланайық, ойлайық” тақырыбындағы тәрбиелік-дамытушылық жұмыстардың тиімді әдістері мен практикалық ұсыныстар ұсынылды. Тәрбиешінің рөлі, ата-анамен байланыс және заманауи тәсілдер туралы ой қозғалады.

Қазіргі білім беру үдерісінің басты бағыттарының бірі – баланың жеке тұлғалық дамуын ерте жастан қалыптастыру. Сол себепті логикалық, шығармашылық, сын тұрғысынан ойлау қабілеттерін дамыту мектепке дейінгі ұйымдардан бастап жүзеге асырылуы тиіс. Психологтардың пікірінше, адамның интеллектуалдық дамуының 70–80%-ы балалық шақта қалыптасады. Осыған байланысты баланың ойлау белсенділігін арттыратын “Ойланайық, ойлайық” тақырыбындағы арнайы жұмыстардың жүргізілуі аса маңызды.

«Ойланайық, ойнайық» жұмыс дәптері мектепалды тобына (5 жас) арналған оқу-дамыту құралы ретінде әзірленді. Бұл дәптер баланың мектепке жан-жақты дайын болуын қамтамасыз ететін негізгі білім беру дағдыларын қамтиды: коммуникативтік, танымдық-зияткерлік, шығармашылық және зерттеу іс-әрекеті, әлеуметтік-эмоцияналды дағдыларды дамыту. Жұмыс дәптері балалардың жас ерекшеліктері мен қабылдау деңгейіне сай құрылып, ойын арқылы білім мен дағды қалыптастыруды көздейді. Әр бөлім баланың ойлау, сөйлеу, есте сақтау, салыстыру, бейнелеу, қимылдық дағдыларын дамытуға бағытталған.

Сауат ашу ұйымдастырылған іс-әрекетінде біз дыбыстарды естиміз үйренеміз. Дыбыстарды жақсы үйрену үшін оларды көп қайталап, сөздерде қолдануға тырысуымыз керек. Әр дыбысты дұрыс айтып үйрену

арқылы біз мектепке барғанда сөздерді тез оқи аламыз.

Математика негіздері ұйымдастырылған іс - әрекетінде біз сандармен жұмыс істейміз. Әр санның өз орны және мағынасы бар. Мысалы, 1 санынан бастап санаймыз: 1, 2, 3, 4, 5... Осылайша біз сандарды қатарластырып, ретін дұрыс қоюды үйренеміз. Санның дұрыс жазылуы да маңызды, ол бізге сандарды қосуға, азайтуға, көбейтуге және бөлуге көмектеседі.

Қоршаған әлем туралы көп нәрсе білу өте қызықты! Табиғат біздің өміріміздің бөлігі. Біз табиғатпен бірге өмір сүреміз. Әр өсімдік, жануар, ауа және су бізге қажет. Мысалы, өсімдіктер ауадағы көмірқышқыл газын сіңіріп, бізге оттегіні береді. Жануарлар мен өсімдіктер де табиғатта маңызды рөл атқарады. Адамдар табиғатқа қамқорлық жасап, оны қорғау керек. Табиғат – біздің үйіміз!

Шығармашылық жұмысында біз әртүрлі түстер мен пішіндермен жұмыс істейміз. Әр түс өзіне тән эмоция мен көңіл-күй береді. Мысалы, көк түс – тыныштық, қызыл түс – қуаныш, жасыл түс – табиғаттың түсі. Пішіндер де әртүрлі болады: дөңгелек, төртбұрыш, үшбұрыш. Әр пішіннің өзінің ерекше қасиеті бар, біз оларды түрлі суреттерде, жұмыстарда қолдана аламыз.

ӨЗЕКТІЛІГІ: Қазіргі таңда мектепке дейінгі білім беру жүйесінде баланың тұлғалық қалыптасуы мен алғашқы білім негіздерін игеруі аса маңызды. Ерте жаста дұрыс бағытталған ойын іс-әрекеті – бастауыш буынға сапалы өтуді қамтамасыз ететін басты тетік. Бұл дәптер мектепалды кезеңінде баланың тілдік, танымдық, шығармашылық және әлеуметтік дағдыларын кешенді дамыту қажеттігінен туындаған.

Мектепке дейінгі жастағы баланың ойлау процесінің ерекшеліктері

Мектепке дейінгі кезеңдегі балалар:

- Қоршаған ортаны сезіну арқылы таниды;
- Заттарды салыстыру, сәйкестендіру, топтау арқылы ойлайды;
- Дара тәжірибе мен ойын әрекеті кезінде ойлау дағдыларын дамытады;
- Сұрақ қою, себеп-салдарлы байланыс орнату арқылы логикалық ойды қалыптастырады.

Жас ерекшелікке сай баланың ойы нақты-бейнелі болады, сондықтан оны дамытудың ең тиімді құралы – ойын, логикалық тапсырма, тәжірибелік әрекет және шығармашылық жұмыс.

“Ойланайық, ойлайық” тақырыбындағы тәрбиелік-ақыл-ой жұмыстарының мақсаты:

-Баланың логикалық ойлау қабілетін дамыту;

-Өз ойын жүйелі жеткізуге үйрету;

-Салыстыру, талдау, қорытынды жасау дағдысын қалыптастыру;

-Қызығушылықты арттыру арқылы танымдық белсенділігін көтеру;

-Тапсырмаларды шешу барысында шығармашылыққа баулу.

Қорыта келе, өздігінен ойлап шешім қабылдай алатын, логикалық тұрғыда талдау жасайтын, шығармашылық адамды тәрбиелеу – мектепке дейінгі жастан басталады. “Ойланайық, ойлайық” тақырыбында жүргізілетін жұмыс балаларды тек ойлануға емес, өз пікірін білдіруге, болашақта сенімді тұлға болуға тәрбиелейді.

- Тәрбиеші – ойлауға үйретуші.
- Баланың ойлау дағдысы – оның болашағының негізі.
- “Бала ойланса – болашақ қалыптасады!”

Шығармашылық сабақтың мазмұны мен құрылымын тиімді ұйымдастыру

Садуова Айман Аязбиевна
Қызылорда облысы, Қазалы ауданы Жанқожа батыр атындағы №70 КММ Ағылшын тылы пән мұғалімі

Шығармашылық сабақты әзірлеу Егер сабақта және тәрбиелік жұмыстара шығармашылық тапсырмалар басым болса, ондай жағдайда тұлғаның шығармашылық сапасын дамыту мүмкін. Педагогтың шығармашылығына балалардың шығармашылық деңгейі де байланысты болады. Білім беру жемісін құруда, оқушыларды қисынды әрекетке бастайтын, шығармашылық сабақтың жетістігі «стартты» такпсырмалармен анықталады. Оқушылардың өздері орын дауының шығармашылық деңгейі, тек айтылған тапсырманың мазмұнына тәуелді екенін тәжірибе көрсетеді. Егер тарсырма нашар берілсе немесе оның өзінің тәжірибесінің, немесе негізгі ғылымның нақты проблематикасынан түсініксіз алыс болса, онда сапалы нәтижеге жетуге мүмкіндік аз. әзірлеп жатқан тапсырмаларға қойылатын талаптар: - тапсырмалар оқу бағдарламасында көрсетілгендей нақты базалық сұрақтарға оқудың тақырыбына немесе объектісіне қатысты болуға тиіс; - тапсырмалардың алдымен белгілі шешімі болмауы керек. Ашық тапсырмаларды әзірлеуде мұғалімге оқушылар алуға тиіс нәтиже туралы өзінің түсінігінен алшақ болу қиын болады. Оқушылардың өзіндік жауаптарын сезіну – ашық тапсырма сапасының маңызды субъективті белгісі. Мысалы, «Ғарыш дегеніміз не екенін қысқаша жаз» тапсырмасын жеті жасар бала қысқаша былай орындайды: «Ғарыш – бұл шексіздік». Оны орындау кезінде баланың ойланған шығармашылық деңгейі тәрізді тапсырманың қиындығы маңызды емес. Шығармашылық сабақтың базалық негізін анықтауда әр жағдайда сабақтың үйлесімді үлгісі таңдап алынады. Шығармашылық сабақтың мақсаты оқушылардың өзіндік білімділік нәтижесін құру болып табылады. Шығармашылық сабақтар, әсіресе, бастауыш және орта буын сыныптарында, қағида ретінде аралас, яғни оқушыларың қызметінің 3-4 бір-бірін ауыстыратын түрін қосады. Жоғары сыныптарда сабақтың әрекеттік доминантасы оны жүзеге асырудың әр түрінде біреу ғана болуы мүмкін. 88 Шығармашылық сабақтың жоспары – бұл мұғалімнің өзінің білім бағдарламасын жүзеге асыру құралы. Сондықтан сабақты жоспарлау бір тақырыпта (тарауда) тапсырмалар серияларын жоспарлаудан басталады. Мұғалім бір-бірімен байланысқан бірнеше сабақтарды ойластырады, оларды мақсаты, тақырыбы бойынша шамалап бөлінуін, қызметтің басым болған түрлерін ойдағы нәтижелері бойынша жүзеге асырады. Пән бойынша оқудың жалпы бағдарламасында көрсетілгендей оқушылардың басты білімділік нәтижелері қалыптасады және оқылып жатқан тарауда жетістікке жетуі үшін жүзеге асады. Мұғалім санасындағы оқушылардың шығармашылық шамасын өзектендіру. Сабақ өткізілетін сол сыныптың оқушыларының ерекшеліктері ұмытылмайды. Өткен сабақтың едәуір сәтті элементтері еске түседі. Оқушылардың жағдайына ене отырып, мұғалім сезіммен және оймен тақырыпқа байланысты олардың іс-әрекеттерін сезеді және болатын сабақ үдерісіне, қажет кезінде жоспарланған мазмұнның және оқытудың құралдарын түзетеді. Мұғалім тақырыптың проблематикасына өзіндік қарымқатынас қалыптастырады. Бұл мақсатына оқулықпен, әдістемелік құралмен, кітаппен және сабақтың тақырыбы бойынша басқа материалдармен танысу өтеді. Мұғалімнің өзіне қызықты (онда бұл проблемалар оқушыларға да қызықты болады) проблемалар іздестіріледі. Оқып білетін проблемаларға мамандардың (ғалымдардың) қарама-қарсы көзқарасын немесе алуан түрлілігін белгілеу және табу қажет. Проблеманы әр түрлі түсіну туралы мұғалімнің алдын-ала білімі, сабақта баланың пайымындағы олардың авторларының жеке ықпалын көруге, оқушылар ойларының өзіндік бағыттарын ескермей кетпеуге көмектеседі. Сабақтың мәнін анықтау, оқылатын курс бойынша басты мақсат – осының мәнімен арақатыстығын белгілеу. Сабақтың мәні мен оқылып жатқан тақырып, әр оқушының санасында әр түрлі болуы мүмкін екенін есепке алу маңызды. Оқушылардың жеке білімділік бағдарламасының бағыттары, игеру саласындағы олардың ынтасы жөнінде түсінік болу пайдалы. Сабақтың идеясы әзірленеді, сабақтың таңдап алынған үлгілерімен, сонымен бірге ұйғарылған шығармашылық нәтижесімен қамтамасыз етіледі. Оны орындаудың дәл нұсқасы 89 нұсқау болмайтын, бір немесе бірнеше ашық тапсырмалар ұйымдастырылады және әр оқушыға өзінің даралығын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Өз білімінің мазмұны оқушының «дүниеге келуін» қамтамасыз ететін материал мен құралдар, ісәрекет әдісі мен түрлері таңдап алынды. Ортаның оқушыларға ұсынатын түрі болуы мүмкін, олар соған әрекет етеді. Оқушылардың мүмкін шығармашылық нәтижелерінің білім стандарттарына сәйкес келуі. Оқушылардың жоспарлайтын шығармашылық туындысына күні бұрын мәдени-тарихи ұқсастықтар таңдап алынды. Мысалы, сабаққа оқушылардың сандарды қосудың өзіндік кестесін құруда мұғалім бұрынғы және ғалымдардың құрған ұқсас кестесін дайындайды. Оқытудың әр түрлі субъектісіне қатысты сабақтың әр түрлі дәрежедегі мақсатын нақтыландыру және жазбаша қалыптастыру. Оқушыға қатысты мақсаттың үш деңгейіне мысал келтірейік: «өзіндік математикалық заңдылық негізінде сандық қатар құру» (пәндік байланыс); «өзіндік

мақсатын, жұмыс тәсілін, пайда болған қиындықты қалыптастыруға үйрену, графикалық рефлексияның тәсілін меңгеру» (әдістемелік мақсаттар). Сабақтың талаптарының бірі – «сабақтың тынысы», яғни білімдік доминантты сақтау кезіндегі оқушылардың іс-әрекетінің қарама-қарсы түрінің алмасуы. Мектеп оқушыларының сабағында мұндай алмасу 10-15 минут сайын болады. Мысалы, сабақтың басында 10 минут проблеманы қарастыру болады (ұжымдық «дауысты» жұмыс); одан тапсырма беріледі және 15 минут ішінде әр оқушы аталған проблеманы шешеді (даралық, «ақырын» жұмыс); әрі қарай оқушылар 10 минут ішінде өздерінің нәтижелерін бір-бірінің алдында немесе топ алдында айтады. (жеке-топтық «дауысты» іс-әрекет); аяқтаушы 5 минутта жазба рефлексия өтеді – әр оқушы дәптеріне жазады, ол не түсінді және нені үйренді (даралық «ақырын» іс-әрекет). Сабақтың (жоспардың) конспектісін жазу. Оның үлгілі құрылымы: Сабақтың тақырыбы, өткізу күні; Сабақтың түрі; Сабақтың мақсаты; Сабаққа материал және жабдықтау; Білімдік фундаментальдық объекті, оның бағытына қарай оқушылардың қызметі жоспарланады; 90 Сабақтың басты проблемасы; Шамамен минут бойынша уақыт бойынша уақытқа бөлінген оқушылар қызметінің кезеңдері мен түрлері; Сабақтың әр кезеңінде оқушыларға тапсырмаларды тұжырымдау. Шығармашылық сабақтарға оны орындаудың әр түрлі нұсқалары енген жағдайында тапсырмалар беріледі, мысалы, «өз әлеміңнің суретін сал»; Оқушылардың тапсырмаларды орындаудың берілген нәтижежелері (нәтиженеңнің 2-3 мүмкін нәтижесін көрсетуіңіз керек); Қаралатын мәселе бойынша мәдени-тарихи ұқсастықтар; Суреттер, тапсырмалар (шешуімен), кестелер, схемалар, мектеп тақтасының түрі; Оқушылардың іс-әрекеттерінің рефлексиясы бойынша тапсырма: Сабақ нәтижесінің бағасы және бақылау түрі; Үйге тапсырма (таңдауы бойынша әр түрлі нұсқалар немесе жеке); Оқушыларға ұсынылған материалдар (оқулық, оқу құралы. Интернет жүйесіндегі мекен-жайлар және т.б); Мұғалімнің сабаққа дайындалуында қолданылатын әдебиеттің және басқа материалдардың тізімі; Өткен сабақтың талдау түрі, оған қатысқан оқушылар және әріптестермен оны қарастыру қорытындысы. Сонымен шығармашылық сабақты жоспарлауға мыналар жатады: Бір тақырыпты талдау жөніндегі тапсырмалардың үлгілерін жоспарлау. Мұғалімнің санасында оқушылардың шығармашылық мүмкіндігін өзектендіру. Сабақтың проблематикасына мұғалімнің жеке қарымқатынасын тәрбиелеу. Сабақтың мағынасын анықтау. Сабақтың идеясын әзірлеу. Оқушылардың өнімді ісәрекетінің материалын, құралдарын, әдістерін және түрлерін жинау. Оқушылардың мүмкін нәтижелерінің білім беру стандарттарымен сәйкестігі. Сабақтың мақсатын белгілеу. Сабақтың құрылымын әзірлеу. Сабақтың конспектісін (жоспарын) жазу.



Бірге ойнаймыз - бірге сеземіз

Елесбаева Айзада Бауржановна
Қызылорда облысының білім басқармасының Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің №11«Балапан» бөбекжай-балабақшасының музыка жетекшісі, Педагог-модератор

Ұйымдастырылған іс-әрекет

Тобы,тәрбиеленушінің жасы: Мектепалды топ (5жастағы балалар)

Ұйымдастырылған іс-әрекет: Музыка

Тақырыбы: «Бірге ойнаймыз-бірге сеземіз»

Міндеті: Балалардың өнер түрлері туралы түсініктерін қалыптастыру;Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудырту,оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту.

Күтілетін нәтиже:

Балалардың өнер түрлері туралы түсініктерін қалыптасты;

Балалардың музыкаға деген қызығушылығы артты.

музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауы дамыды.

Ресурстар: Телефон құрылғысы, акт, ұрмалы сүйектер, шар, су, түрлі-түсті тостаған ыдыстар, түтікшелер, су құйылған құстар аспабы, түрлі-түсті стакандар, ұрмалы таяқтар, үкі қауырсыны, үшбұрыш аспабы.

Тәрбие мен оқыту әдістері: Көрнекілік әдісі, сөздік әдісі, тәжірибелік әдісі, ойын әдісі, мадақтау әдісі,әңгімелеу әдісі.

Барысы:

Балалар безендірілген залға музыка әуені мен билеп қимыл жасап кіреді.

Міндеті: Музыканы сезініп ырғаққа еруді дағдыландыру.

Әуенге еріп сүекті аспаптарымызбен сщғу арқылы ерекше амандасып алайық.

Сәлемдесу: (Әлқиса күйі)

-Балалар біз әуелі ән айтпас бұрын ең алдымен нежасаймыз?

Дауыс жаттығуы: Бүгін тыныс алуымызға, әнді үзбей әдемі айтуымызға көп көмегін тигізетін жаттығу жасаймыз. Әуенге еріп шар үрлейміз.

Ойын: «Телефон»

Шарты:Әуен қосылған кезде қимылдап жүріп,сөздерін мұқият тыңдап сурақтарына жауап беруіміз керек.

Өткен іс-әрекетті қайталау: «Бірлігіміз жарасқандай»

Әні:Ербол Бекболатов

Сөзі:Алтыншаш Қалманова

Жаңа іс әрекетпен танысу: «Әсем әуен»

Әні:Ұшқын Жамалбек

Сөзі: Нұрсәле Толқын

1.Күмбірлеп үні домбыраның
Қобыздың салып қоңыр әнін
Жетіген сырнай тартылғанда
Ғажайып күйге шомыламын
Пай-пай керім қандай
Нұры құйылғандай!

Қайырмасы:

Әсем әуен ғажап әлем
Сәуле шашылғандай
Әсем әуен ғажап әлем
Мені шақырғандай беу!

Ырғақты қимылдар.

Экранға қарап ырғаққа еріп жасау

Орталықтардағы жұмыстар түсіндіріледі.

1-ойын алаңы «Су терапиясы»

Міндеті: Балалардың өнер түрлері туралы түсініктерін қалыптастыру.

Шарты: Музыка әуеніне еріп суы бар түрлі-түсті тостағандарға қолдарын малып қимылдар жасау, түтікшемен суды үру арқылы дыбыс шығару, су құстармен үрлеу.

2-ойын алаңы «Аспаптар терапиясы»

Міндеті: Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудырту, оны тыңдауға ынталандыру

Шарты:Музыка әуеніне еріп үшбұрыш аспабын соғу арқылы үкі қауырсынымен қимылдар жасау

3-ойын алаңы «Ырғақты терапия»

Міндеті: Музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту.

Шарты: Стакандарды бір біріне соғып, таяқшалармен музыканы тыңдап ырғақ соғу.

Қорытынды:

Балалар бүгін сендер түрлі ойындар ойнап көңіл күйлеріңді көтеріпи қалдыңдар.

Балаларды мадақтау.

Көңілді балақай



Жокенов Медет Казиевич
Қызылорда облысының білім басқармасының Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің №11«Балапан» бөбекжай-балабақшасының дене тәрбиесі нұсқаушысы, Педагог-модератор

Өтілетін орны: Спорт алаңы
ТобыЕресек «Балбөбек, Құлагер»
Бөлімі: «Дене тәрбиесі»
Тақырыбы: « Көңілді балақай»
Мақсаты: Балаларды ойынға деген ынта – ықыласын, қызығушылығын ояту.
қимыл – қозғалыстарын дамыту.
Көрнекілігі: Ысқырық, кольцо, садақ, жебе, көліктер, меже, кедергілер.
Жүргізуші: Құрметті қонақтар, апайлар, бүлдіршіндер, спортшылар! Сіздерді балабақшамыздағы «Қазақстан республикасынң тәуелсіздігіне»орай ұйымдастырылған, « Көңілді балақай» атты спорттық сайыс өткізгелі отырмыз! Балабақшамыздың бүлдіршіндері, ересек топ «Құлагер » «Балбөбек» екі командаға бөлініп сайысқа түскелі отыр. Олай болса сайысқа түсетін бүлдіршіндерімізді шақырамыз:
№1 -« Сұңқар » командасы
№2 -« Тәуелсіз тұлпар » командасы

Қазақстан Республикасының гимн орындаймыз.

Жүргізуші: Міне, балалар шықты алаңға, Жас спортшылар жеке - жеке команда.
Ал, балалар өздеріңді танытыңдар,
Ептілік, мықтылық, батылдық көрсетіп табанда!
Жарысты енді көріңдер әділ қазы алқасы әділ баға беріңдер
1. Балабақша меңгерушісі: Саулегүл Мырзабайқызы Мухашова
2. Балабақша әдіскері: Шуиншалиева Ақтоты
3. Балабақша психологі: Қанбетова Дина
4. Ұйымдастырушы педагог: Өтепберген Айгерим

Спорттық сайысымыздың әр кезеңі 5 баллдық жүйемен бағаланады
Жүргізуші: Құрметті сайыскерлер! Жарысымызды бастамас бұрын жарыс кезеңдерімен таныстырып өтейін жарысымыз 5 кезеңнен тұрады.
1. Кезең: «Сақина»
2. Кезең «Пингвин»
3. Кезең «Құрт» ойыны
4. Кезең «Мерген»
5. Кезең «Автомобильдер»

Сайысқа дайын болсақ Сіздерге сәттілік
1. Кезең: «Сақина»
Шарты:Балалар еден үстінде жатқан, кедергілердің үстімен жүріп, сақинаны кольцоға салады. Сақина салу ойыны, жастарды ептілік пен қырағылыққа тәрбиелейтін ойын.
2. Кезең «Пингвин »
Шарты:Сайысқа қатысушы балалар. Пингвин киімін киіп алып, кедергілер арасымен жүгіріп, межеде тұрған батуттың үстіне міниып, 5-рет секіреді. Ойын әрі қарай жалғаса береді.
3. Кезең «Құрт» ойыны
Шарты: Балалар шексіздік сақинаның ішіне кіріп, тура бағытта, межеге дейін құрт тәрізді, иреленделп жүріп барады.
4. Кезең «Мерген»
Шарты: Мергендер сөреден бастап жүгіріп келіп, белгіленген аймаққа келіп, ат үстіне міниып , қолдарына садақ пен жебені ұстап. Алыс қашықтықта тұрған нысананы көздеп атады.
5. Кезең «Автомобильдер»
Шарты: Балалар көлік үстіне отырып, тура бағытта жүргізіп. Белгіленген межеден айналып келеді. Ойын әрі қарай жалғасын табады.

Сонымен,біздің сайысымыз өз мәресіне жетті.
Сайысымыздың шарттары бойынша қорытынды шығарып жеңімпазды анықтап, марапаттау сөз әділқазыларға беріледі.

Жүргізуші: Бүгін міне, оң болып әр ісіміз,
Жоғары боп күш жігер намысымыз.
Осылайша қуанышпен думандатып,
Аяқталды халайық жарысымыз!
Жүлделеріңіз құтты болсын!
Көріп тамашалағандарыңызға рахмет!



Табиғат зерттеушілері жәндіктер әлемінде

Өтеген Жарқынгүл Серімбетқызы
Қызылорда облысының білім басқармасының Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің №11«Балапан» бөбекжай-балабақшасының тәрбиешісі

Тобы, тәрбиеленушінің жасы: ересек топ /4 жастағы балалар/

Ұйымдастырылған іс-әрекет: Қоршаған әлеммен таныстыру, музыка, құрастыру, сурет салу, тіл дамыту

Тақырыбы: «Табиғат зерттеушілері жәндіктер әлемінде»

Міндеті: Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, шығарма мазмұны мен сипатына, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу. Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру. Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. Жәндіктер туралы (қоңыз, көбелек, шыбын, құмырсқа), туралы ұғымдарын кеңейту.

Күтілетін нәтиже:

Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуды, шығарма мазмұны мен сипатына, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауды, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуды меңгерді.

Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауды үйренді.

Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауды меңгерді

Ресурстар: Жәндіктер, сулық, гуашь, қысқыш, щетка, жапырақ, тас, құм, бал.

Тәрбие мен оқыту әдістері: көрнекілік әдісі, сөздік әдісі, тәжірибелік әдісі, ойын әдісі, зерттеу әдісі, мадақтау әдісі, әңгімелесу әдісі

Барысы:

Жәндіктер достығы ертегісі.

Ара, Құмырсқа, Көбелек және Өрмекші

Автор: Бір жылы орман ішінде төрт дос өмір сүріпті: еңбекқор Ара, тынымсыз Құмырсқа, әсем Көбелек пен сабырлы Өрмекші.

Күн жылы, аспан ашық кезде бәрі өз істерімен айналысатын.

Ара гүлден гүлге ұшып, бал жинайтын.

Құмырсқа астық тасып, қысқа азық жинайтын.

Ал Көбелек болса, орманды аралап, әр гүлге қонып, жүретін.

Өрмекші тыныш бұрышта отырып, жібек торын тоқитын.

Бір күні аспанды қара бұлт торлап, қатты дауыл соғады. Жаңбыр жауып, жел бұтақтарды сындырды. Достардың барлығы қорқып, паналайтын орын іздей бастайды.

Құмырсқа: Қап әттеген ай өз ініме қалай барам, Адасатын болдым

Көбелек: ылғалды қанатымен ұша алмай қалдым енді неістим

Ара: жауынды ұната қоймаушы едім гүлдің бәрі су болды балды қайдан алам

Автор: Өрмекші достарына көмекке келеді. Ол үлкен ағаштың астына мықты тор тоқып, барлығын сол жерге шақырады.

— Өрмекші: Келіңдер, достар! Бұл жер сендерге пана болады,

Автор: Достар бірігіп, күш жинап, бір-біріне көмектесіп, жауыннан аман өтеді.

Құмырсқа: Келіңдер достар дәннен дәм татыңдар ,

Көбелек : Мен сендерге көңілді ән салайын.

Ара: Жоқ жоқ тек ән айтпашы өзіміз нестерімізді білми отырмызғо

Өрмекші: қорықпаңдар мен сендерге зияным тимиді тек жауын басылғанша торымды паналай тұрыңдар

Автор: Жаңбыр тоқтаған соң, күн шығып, табиғат қайтадан жайнап кетеді. Достар бір-біріне ризашылықтарын білдіріп, былай дейді:

Барлығы: Бірлік бар жерде тірлік бар!

Автор: Содан бастап олар ешқашан бір-бірін жалғыз қалдырмай, әрдайым көмектесіп, достықты бәрінен жоғары қойыпты.

Міндеті шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға дағдыландыру.

Тәрбиеші:

-Балалар қандай ертегі тыңдадық?

-Осы ертегідегі кейіпкер біздің топта барма?

-Бұл қандай жәндік деп ойлайсыңдар?

Жарайсыңдар балалар. Құмырсқалар өте еңбекқор жәндік екен.

Орталықтардағы жұмыстар түсіндіріледі.

1- ойын алаңы : «Қане боя» ойыны

Міндеті: Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-біріне арақатынасын беру.

Ойын шарты: 1. Түрлі тастарды қалаған жәндік бейнесінде бояу.

2. Аралардың ұясын бояу

2- ойын алаңы : «бұл қандай жәндік»

Міндеті: Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру

Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өзбетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру.

Ойын шарты: Берілген жұмыртқаларды арнайы құралдармен жарып Табиғи, қалдық материалдардан жәндіктерді құрастыру

3- ойын алаңы «құмырсқалардың өмірін зерттейік

Міндеті: жәндіктерге қамқорлық жасауға үйрету.

4- ойын алаңы «өрмекші торы» топтық жұмыс

Міндеті: Балаларды ұқыптылыққа баулу, ептілікке тәрбиелеу.

Ойын шарты: өрмекші торынан жәндіктерді босату.

5- ойын алаңы: «Құмырсқаларды жинайқ» топтық жұмыс

Міндеті: Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу, оны жақсы орындау.

Ойын шарты: Адасқан құмырсқаларды өз илеуіне жеткізу.

Құмның арасына алдын-ала жасырылған динозавр сүйектерін табу. Балалар берілген құралдарды пайдаланып, құмның ішін зерттейді, сүйек бөлшектерін іздейді

6- ойын алаңы: «Бал жинайық»

Барыс: Ара ұясынан балдарды жинап бал дәмін көру.

Қорытынды

«Бал жинайық»

Барыс: Ара ұстынан балдарды жинап бал дәмін көру.

Мақсаты: Балалардың қиялын, логикалық ойлауын, ұжымдық әрекет дағдыларын дамыту.

Ойын шарты:

«Балалар, сендер бүгін нағыз зеріттей кезде болдыңдар!

Балалардың бүгінгі ойын әрекеттеріне тоқталу, мадақтау

Жәндіктер достығы ертегісі.

Ара, Құмырсқа, Көбелек және Өрмекші

Автор: Бір жылы орман ішінде төрт дос өмір сүріпті: еңбекқор Ара, тынымсыз Құмырсқа, әсем Көбелек пен сабырлы Өрмекші.

Күн жылы, аспан ашық кезде бәрі өз істерімен айналысатын.

Ара гүлден гүлге ұшып, бал жинайтын.

Құмырсқа астық тасып, қысқа азық жинайтын.

Ал Көбелек болса, орманды аралап, әр гүлге қонып, жүретін.

Өрмекші тыныш бұрышта отырып, жібек торын тоқитын.

Бір күні аспанды қара бұлт торлап, қатты дауыл соғады. Жаңбыр жауып, жел бұтақтарды сындырды. Достардың барлығы қорқып, паналайтын орын іздей бастайды.

Құмырсқа: Қап әттеген ай өз ініме қалай барам, Адасатын болдым

Көбелек: ылғалды қанатымен ұша алмай қалдым енді неістим

Ара: жауынды ұната қоймаушы едім гүлдің бәрі су болды балды қайдан алам

Автор: Өрмекші достарына көмекке келеді. Ол үлкен ағаштың астына мықты тор тоқып, барлығын сол жерге шақырады.

— Өрмекші: Келіңдер, достар! Бұл жер сендерге пана болады,

Автор: Достар бірігіп, күш жинап, бір-біріне көмектесіп, жауыннан аман өтеді.

Құмырсқа: Келіңдер достар дәннен дәм татыңдар ,

Көбелек : Мен сендерге көңілді ән салайын.

Ара: Жоқ жоқ тек ән айтпашы өзіміз нестерімізді білми отырмызғо

Өрмекші: қорықпаңдар мен сендерге зияным тимиді тек жауын басылғанша торымды паналай тұрыңдар

Автор: Жаңбыр тоқтаған соң, күн шығып, табиғат қайтадан жайнап кетеді. Достар бір-біріне ризашылықтарын білдіріп, былай дейді:

Барлығы: Бірлік бар жерде тірлік бар!

Автор: Содан бастап олар ешқашан бір-бірін жалғыз қалдырмай, әрдайым көмектесіп, достықты бәрінен жоғары қойыпты.

Қазақ хандығының ішкі және сыртқы саясатының ерекшеліктері: хандық құрылғаннан кейінгі кезеңдегі саяси қатынастарға терең талдау

Стаханова Меруерт
Алматы облысы, Қарасай ауданы, Бекболат Ашекеев ауылы
"Қапал батыр орта мектеп" КММ Тарих пәні мұғалімі

Аннатоция

Мақала Қазақ хандығының құрылу кезеңіндегі (XV ғасырдың ортасы – XVI ғасырдың басы) ішкі және сыртқы саясатының ерекшеліктерін терең талдауға арналған. Зерттеудің негізгі мақсаты – жаңа құрылған мемлекеттің ішкі тұрақтылығын қамтамасыз ету және сыртқы қауіт-қатерлерді шектеу стратегияларын анықтау болып табылады. Мақалада хандықтың ішкі саяси құрылымының ерекшеліктері (хан билігінің дәстүрлі иерархиясы, рутайпалық конфедерацияны біріктіру, жер мәселесі және ұлттық идентичность қалыптастыру) жан-жақты қарастырылады. Сыртқы саясат бағыттары үш негізгі геосаяси бағыт бойынша талданады: шығыс бағыттағы Моголистанмен күрделі қатынастар, оңтүстік-батыс бағыттағы Шайбанилер мемлекетімен өткір күрес және батыс бағыттағы Ноғайлы Ордасымен қарамақайшылықты қатынастар. Сонымен қатар, жұмыс ішкі және сыртқы саясаттың өзара байланысын ашып, сыртқы қауіптің ішкі бірлікті нығайтуға әсері мен ішкі тұрақтылықтың сыртқы саяси табыстарға әсер ету механизмдерін зерттейді. Мақала тарих мұғалімдері, зерттеушілер және тарих пәнімен терең танығуды қалайтын студенттерге арналған.

Кілт сөздер:

Қазақ хандығы, ішкі саясат, сыртқы саясат, саяси қатынастар, Жәнібек және Керей, Қасым хан, Шайбанилер, Моголистан, Ноғайлы Ордасы, ру-тайпалық құрылымдар.

Қазақ хандығының ішкі саясатының ерекшеліктері

Қазақ хандығының құрылуы – Орталық Азия тарихындағы аса маңызды кезеңдердің бірі. XV ғасырдың ортасында Керей мен Жәнібек бастаған рутайпалардың Шу мен Талас өңіріне қоныс аударып, жеке хандық құруы – қазақ халқының этникалық және саяси тұтастығын нығайтты. Бұл кезеңде жаңа мемлекет алдында екі басты міндет тұрды: ішкі саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету және сыртқы саясатта көрші елдермен тиімді қарым-қатынас орнату. Сондықтан Қазақ хандығының алғашқы ғасырлардағы ішкі және сыртқы саясатының ерекшеліктерін талдау қазіргі тарих ғылымы үшін де өзекті болып табылады. Жаңадан құрылған хандықтың тұрақтылығы оның ішкі құрылымдары мен сыртқы байланыстарының тиімділігіне тікелей байланысты болды. Осыған орай, XV ғасырдың екінші жартысы – XVI ғасырдың басындағы Қазақ хандығының ішкі және сыртқы саясатының ерекшеліктерін талдау өте өзекті болып табылады. Бұл мақаланың мақсаты – хандықтың алғашқы онжылдықтарындағы ішкі тұтастықты сақтау және сыртқы қауіп-қатерлерді шектеу стратегияларын зерттеу.

Ішкі саясаттың ерекшеліктері:рутайпалық конфедерацияны біріктіру.

Қазақ хандығының ішкі саясаты, ең алдымен, саяси-әлеуметтік тұрақтылық пен халықтың бірлігін қамтамасыз етуге бағытталды.

•Хандық билік жүйесі –мемлекеттің жоғары билеушісі хан болып саналды. Хан тағына әулеттік тәртіп бойынша Шыңғыс әулетінен шыққан сұлтандар отыра алды.

• Билер институты – халықтың өзін-өзі басқару дәстүрінің маңызды бөлігі болды. Билер ішкі дауларды шешіп, құқықтық қатынастарды реттеуде маңызды рөл атқарды.

•Жер мәселесі – көшпелі мал шаруашылығы жағдайында жайылымдық жерлерді пайдалану басты саясиэкономикалық мәселе еді. Хан мен сұлтандар жерді бөлісуде реттеуші қызмет атқарды.

•Қоғамдық бірлік – рутайпалардың бір орталыққа бағынуы үшін хан билігі біртіндеп күшейтілді. Бұл ішкі алауыздықты азайтып, мемлекеттің тұтастығын сақтауға көмектесті.

Жаңа мемлекеттің ішкі саясаты оны құрайтын субъектілердің – рулар мен тайпалардың саяси мәдениетіне негізделді. Бұл кезеңдегі ішкі саясаттың негізгі ерекшеліктері мыналар болды:

• Дәстүрлі билік иерархиясы: Билік жүйесі «хан – сұлтандар (торе) – билер – батырлар – ру басылары» тізбегіне негізделді. Хан таңдау дәстүрлі түрде Шыңғыс әулетіне (торелерге) ғана тиесілі болды. Бірақ ханның билігі шексіз емес еді. Маңызды мәселелерді шешуде Ұлы Құрылтай (маслихат) жиналып, онда рулардың беделді өкілдері (билер, батырлар) арасында кең кеңес өткізілді. Бұл «атақтылардың әкімшілігінің» элементтері болды.

Жер мәселесі және отырықшылыққа көшу үрдісі: Хандықтың құрылуы көшіқон жолдарын және жайылымдық жерлерді бір орталықтан басқаруға мүмкіндік берді. Керей және Жәнібек, сондай-ақ олардың ізбасарлары жер дағдарысын реттеу, жайылымдарды бөлу арқылы рулар арасындағы дау-дамайды болдырмауға тырысты. Сонымен қатар, оңтүстік аймақтарда (Сырдария бойында) қала мәдениетінің дамуына ерекше назар аударылды, бұл көшпелі және отырықшылық өмір салтының симбиозын нығайтты.

• Ұлттық идеологияны қалыптастыру: Хандықтың ішкі тұрақтылығын нығайтудың маңызды факторы ортақ «қазақ» идентичностінің қалыптасуы болды. Бұл процесс «ел бірлігі», «ортақ тағдыр» идеяларымен қамтамасыз етілді. Хан билігі ортақ заң – «Жеті Жарғыға» дейінгі

тәжірибеде әдетғұрып құқығын (төре) пайдаланып, әділдік пен әлеуметтік теңдіктің кепілі ретінде қызмет етті.

Қазақ хандығының сыртқы саясаты: күрделі геосаяси контексте өмір сүру

Қазақ хандығы құрылған кезде ол өте агрессивті көршілермен қоршалған еді. Сыртқы саясат бағыты негізінен үш бағытта қалыптасты:

• Шығыс бағыт: Моголистанмен қатынастар. Қазақ хандығының құрылуына себепші болған Моголистан мемлекетімен қатынастар күрделі сипатта болды. Олар кейде одақтастық (Есен-Буга ханмен одақ), кейде қақтығыс (Қазақ хандығының Жетісудағы ілгерілеуі) түрінде болды. Бұл бағытта негізгі мақсат Шығыс Түркістандағы саяси үдерістерге әсер ету және шекараны бекіту болды.

• Оңтүстік-Батыс бағыт: Шайбанилер мемлекетімен күрес. Бұл Қазақ хандығының сыртқы саясатының ең өткір және басым бағыты болды. Шайбани әулетінің өкілі Әбілхайыр хан өз билігін нығайтып, қазақ даласын бағындыруға ұмтылды. Осы қауіптен туған қазақ тайпаларының бірігуі хандықтың негізі болды. Керей мен Жәнібектен кейін де, әсіресе Қасым хан тұсында (1510-1521) бұл күрес өршіді. Қазақ әскерлерінің жеңісі нәтижесінде Сығанақ, Созақ, Әсіне сияқты маңызды сауда-экономикалық орталықтар қазақтардың қолына өтті, ал хандықтың шекарасы Батыс Сібірден Сырдарияға дейін созылды.

• Батыс және Солтүстік бағыт: Ноғайлы Ордасымен қатынастар. Ноғайлы Ордасымен қатынастар да қарамақайшылықты сипатта болды. Шекаралық жерлер үшін талас, өзара шабуылдар болып тұрды. Бірақ кейбір кезеңдерде екі мемлекет арасында одақтар да құрылды, бұл негізінен Орта Азия хандықтарына қарсы бағытталды.

Қазақ хандығының сыртқы саясаты көпқырлы болды және оның басты бағыты көрші мемлекеттермен қарым-қатынас орнату, елдің шекарасын қорғау және сауда байланыстарын дамыту болды.

Әбілхайыр хандығымен қарымқатынас – алғашқы кезде Қазақ хандығы Әбілхайыр хандығымен саяси қақтығыстарға барды. Бұл күрестер қазақ руларының Қазақ хандығына көбірек қосылуына ықпал етті.

Моғолстанмен қатынастар – Қазақ хандығының құрылуына Моғолстан билеушілері қолдау көрсетті. Себебі олар Қазақ хандығын Әбілхайыр хандығына қарсы одақтас ретінде қарастырды.

Шайбани әулетімен күрес – XVI ғасырдың басында Қазақ хандығы Шайбани мемлекетімен ұзаққа созылған саяси-әскери қарым-қатынаста болды. Бұл күрестер қазақ жерін қорғау және ықпал аймағын кеңейту мақсатында жүргізілді.

Қытай және Жоңғариямен байланыстар – XVII ғасырдан бастап Қазақ хандығы Жоңғария мемлекетімен үздіксіз соғыстар жүргізді. Бұл сыртқы саясаттың ең күрделі әрі шешуші бағыты болды.

Сауда және дипломатия – Қазақ хандығы Жібек жолы бойындағы сауда қатынастарына белсенді араласып, Бұқара, Самарқан, Хиуа, Қашғар сияқты қалалармен байланыс орнатты.

Қазақ хандығы саясатының тарихи маңызы

Хандықтың ішкі саясаты халық бірлігін нығайтып, қазақ халқының этникалық тұтастығын қамтамасыз етті. Сыртқы саясаттағы табыстар қазақ мемлекеттілігін сақтап қалуға мүмкіндік берді. Қазақ хандығының дипломатиялық және әскери тәжірибесі кейінгі дәуірлердегі қазақ мемлекеттері мен хандықтарына негіз болды.

Ішкі және сыртқы саясаттың өзара байланысы

Ішкі және сыртқы саясат бірбірімен тығыз байланысты болды. Сыртқы қауіп (әсіресе Шайбанилерден) ішкі бірлікті нығайтуға ықпал етті. Керісінше, ішкі саяси тұрақтылық пен әскери күш сыртқы жауларға қарсы тиімді күрес жүргізуге мүмкіндік берді. Мысалы, Қасым ханның кезеңіндегі ішкі күшейту (әскери реформалар, билікті орталықтандыру) сыртқы жеңістерге (Шайбанилерге қарсы) тікелей әсер етті және Қазақ хандығының «Алтын ғасырын» бастады.

Қорытынды

Алғашқы кезеңдегі Қазақ хандығының ішкі және сыртқы саясатының негізгі ерекшелігі оның икемділігі мен теңдестірушілік сипатында болды. Ішкі саясат көшпелі қоғамның дәстүрлі құрылымдарын сақтай отырып, оларды бір орталықты мемлекет аясында біріктіруге бағытталды. Сыртқы саясат өте агрессивті сыртқы ортада тәуелсіздікті сақтау, шекараларды бекіту және маңызды экономикалық-стратегиялық орталықтарды бақылауға алу міндеттерін шешті. Оңтүстіктегі Шайбанилерге қарсы күрес сыртқы саясаттың басым бағытына айналса, басқа бағыттарда икемді келісімдер мен уақытша одақтар саясаты жүргізілді. Дәл осы саяси курстың нәтижесінде Қазақ хандығы қысқа мерзім ішінде күрделі геосаяси аймақта өзінің орнын бекітіп, келесі дамуына негіз салды. Қазақ хандығының ішкі және сыртқы саясаты – мемлекеттің өміршеңдігін айқындаған басты фактор болды. Хандық ішкі тұрақтылық пен халықтың бірлігін қамтамасыз етіп, сыртқы саясатта көрші мемлекеттермен күрделі әрі тиімді қарымқатынас орнатты. Қазақ хандығының бұл саясаты қазақ халқының этнос ретінде қалыптасуына және ұлттық мемлекеттіліктің тарихи негізін салуға зор ықпал етті.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Мұхамедиев Х. Қазақ хандығы тарихы. – Алматы: «Арыс», 2018.

2. Сыздықова Р., Жолдасбайұлы С. Орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы. – Алматы: «Мектеп», 2017.

3. ҚР БҒМ. Қазақстан тарихы. Жалпы білім беретін мектептің оқу бағдарламасы. – Астана, 2019.

4. Асқарқызы М., Оңал С. Қазақ хандығы: құрылуы, дамуы және мұрасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2018.

5. Қазақстан тарихи: 5 томдық. – 2- том. Қазақ хандығы (XV-XVIII ғасырлар). – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2019.

6. Абусеитова М.Х. Қазақ хандығы мен Орта Азия мемлекеттері (XVXVII ғ.). – Алматы: Дайк-Пресс, 2009.

7. Трепавлов В.В. Ноғайлы Ордасының тарихи: саяси жүйесі мен қоғамдық құрылымы. – М.: Шығыс әдебиеті, 2016.

8. Султанов Т.И. Қазақ хандығының көшпенділері: этносаяси тарихы. – Алматы: Арыс, 2021.

9. Көшімова Г. Қазақ хандығы және Орталық Азиядағы халықаралық қатынастар. – Алматы: «Қазақ университеті», 2020.

STEM элементтері арқылы физика пәнін оқыту

Ағыбаева Әсем Пазылбайқызы
Қызылорда облысы,Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті №70 Жанқожа батыр атындағы мектептің физика пәні мұғалімі

Қазіргі білім беру жүйесінің басты мақсаты – заманауи технологияларды меңгерген, шығармашылықпен ойлайтын, жан-жақты дамыған тұлға тәрбиелеу. Осы мақсатта білім беру үрдісіне STEM (Science, Technology, Engineering, Mathematics) – ғылым, технология, инженерия және математика элементтерін біріктіре оқыту кеңінен енгізілуде. STEMбағдарламалар оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттырып, нақты пәндерді өмірмен байланыстыру арқылы білімді тереңдетуге жол ашады. Әсіресе, физика пәнінде STEM элементтерін қолдану арқылы оқушылардың теориялық білімдерін тәжірибе жүзінде нығайту мүмкіндігі артады.

Физика сабағында STEM элементтерін қолдану оқушыларды тек теориямен шектемей, алған білімдерін өмірмен байланыстыра отырып, жобалық, тәжірибелік және зертханалық жұмыстар арқылы ұштастыруға мүмкіндік береді.

Физика – табиғат заңдылықтарын зерттейтін, логикалық ойлауға, талдауға баулитын нақты ғылым. Бұл пәнді STEM әдісімен оқыту арқылы оқушылардың ғылыми ізденіс қабілеті мен техникалық машықтары дамиды. Мысалы, «Электр тізбегі» тақырыбын өткенде, оқушыларға шағын жарық шамын құрастыру тапсырмасы берілсе, олар электр тізбегінің құрылымын өз бетімен құрып үйренеді. Бұл – оқушының тек білім алып қана қоймай, оны іс жүзінде қолдануына мүмкіндік береді.

1. Интеграциялық байланыс.

Физика сабағы математикамен – формулалар мен есептеулер, информатикамен – деректерді өңдеу, модельдеу, инженериямен – құрылғылар құрастыру арқылы тығыз байланысты. STEM әдісінде осы пәндер интеграцияланып, оқушы нақты проблемаларды шешу жолдарын іздейді.

2. Жобалық және зертханалық жұмыс.

STEM оқытуда оқушылар шағын жобалар орындап, физикалық құбылыстарды зерттейді. Мысалы, «Энергия түрлері», «Қарапайым электр тізбегін жасау», «Қозғалыс заңдарын тәжірибеде дәлелдеу» секілді жобалар оқушы қызығушылығын арттырады.

3. Оқытудың практикалық мазмұны

Физика сабағында STEM элементтерін енгізу барысында оқушылар:

Arduino, датчиктер немесе микроконтроллерлер арқылы электрон құрылғыларын жасай алады;

- «Жаңартылатын энергия көздері», «Қарапайым генератор жасау», «Тепловой двигатель» сияқты жобалық жұмыстар орындай алады;

- 3D модельдеу, виртуалды зертханалар, симуляторлар арқылы күрделі физикалық процестерді түсінеді.

4. Шығармашылық және сыни ойлау.

STEM тапсырмалары баланы стандартты емес ойлауға, тәжірибе жасауға, өз бетінше қорытынды шығаруға жетелейді. Бұл оқушының логикалық және сыни ойлау дағдыларын дамытады.

5. Ұсыныстар мен тәжірибелік маңыздылығы:

Физика сабағында STEM тәсілін қолдану үшін мұғалімнің өзі де жобалық және зертханалық жұмыстарды ұйымдастыруда заманауи технологияларды еркін меңгеруі тиіс. Бұл бағытта келесі ұсыныстарды айтуға болады:

1. Оқу жоспарларына STEM элементтерін кіріктіру – әр тарауда жоба немесе практикалық тапсырма қарастырылуы керек.

2. Мектептерде шағын STEMзертханалар ашу – Arduino, микроконтроллерлер, датчиктер арқылы түрлі құрылғылар жасауға мүмкіндік береді.

3. Пән мұғалімдерінің біліктілігін арттыру – арнайы курстар, семинарлар, вебинарлар арқылы STEM технологияларына үйрету.

4. Оқушылардың зерттеу жұмыстарына қолдау көрсету – ғылыми жобалар байқауы, мектепішілік көрмелер ұйымдастыру.

Мысалы, 8-сынып оқушылары үшін «Жел генераторы» жобасын жасау – тек физикалық білімді қолдану ғана емес, сонымен қатар инженерлік ойлау, есептеу, технологиямен жұмыс істеу дағдыларын дамытады. Мұндай тапсырмалар баланың шығармашылығын, өз бетімен жұмыс істеуін, жауапкершілігін арттырады. Қорытынды Физика сабағында STEM элементтерін пайдалану – білім сапасын арттырудың, оқушы белсенділігін оятудың және практикалық дағдыны алыптастырудың тиімді жолы. Болашақта техникалық, инженерлік бағыттағы мамандарды даярлауға негіз болатын бұл тәсілді мектеп тәжірибесіне кеңінен енгізу – уақыт талабы. STEM тәсілі арқылы физиканы оқыту оқушыларды білім алуға ғана емес, сол білімді қолдануға, өздігінен ізденуге, тәжірибе жасауға үйретеді. Бұл XXI ғасыр талаптарына сай жеке тұлға қалыптастыруда маңызды қадам.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының “Білім туралы” Заңы. – Астана, 2007.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. Жаңартылған білім беру мазмұны бағдарламалары. – Астана, 2016. 3. Қабдырашев Қ.Ф., Бекмағанбетов Р.Б. Физиканы оқыту әдістемесі. – Алматы: «Рауан», 2014.

4. Күзембаева Б., Әлкенова А. STEM білім беру: теориясы мен тәжірибесі. – «Білім» журналы, №5, 2022.

5. Назарбаев Зияткерлік мектептері ДББҰ. STEM білім берудің әдістемелік нұсқаулығы. – Нұр-Сұлтан, 2020.

6. Bybee, R. W. (2013). The Case for STEM Education: Challenges and Opportunities. – NSTA Press.

7. Sanders, M. (2009). STEM, STEM Education, STEMmania. – The Technology Teacher, Vol. 68(4).

8. International Journal of STEM Education. (2022). Open Access Research Articles.

9. Мақанова А.Ф. Физика сабағында оқушылардың зерттеушілік дағдыларын дамыту. – «Физика және астрономия» журналы, №3, 2021.

10. UNESCO Report: STEM Education for Sustainable Development. – Paris, 2021.

11. Ермағанбетова Г. «STEM технологиясы – болашақ маман даярлаудағы тиімді әдіс». – «Білім беру кеңістігінде» журналы, №4, 2023.

Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілетін дамыту жолдары



Аргымбаева Айсұлу Ертазақызы
Болашақ университеті, ПМНО 22 оқу тобы

Қазіргі білім беру жүйесінің басты мақсаты – білімді, бәсекеге қабілетті, өз ойын еркін жеткізе алатын, шығармашылық тұрғыдан ойлайтын тұлға қалыптастыру. Осы мақсатты жүзеге асыруда бастауыш сыныптың орны ерекше. Себебі баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуы, қоршаған ортаға қызығушылығының артуы, ойлау қабілеті мен танымдық белсенділігінің дамуы осы кезеңнен басталады.

Шығармашылық – адамның жаңа идея ұсынуы, мәселені өзінше шешуі, қиялы мен ойлау қабілетін пайдаланып, тың нәтижеге қол жеткізуі. Сондықтан бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілетін дамыту – мұғалімнің маңызды міндеттерінің бірі.

Бала бойындағы шығармашылық қабілетті дамыту үшін оның қызығушылығын оятып, еркін ойлауына, өз пікірін білдіруіне және жаңа нәрсені байқап көруіне мүмкіндік беру қажет. Мұғалім оқушыға дайын білімді ұсынумен шектелмей, оны ізденуге, зерттеуге, салыстыруға және қорытынды жасауға бағыттауы тиіс.

Бастауыш сынып оқушылары қоршаған әлемді танып-білуге құштар келеді. Олар сұрақ қоюды, жаңа нәрсені байқап көруді, сурет салуды, құрастыруды, әңгіме құрауды және ойын арқылы үйренуді ұнатады. Осы табиғи қызығушылықты дұрыс бағыттау арқылы олардың шығармашылық қабілетін дамытуға болады.Шығармашылық қабілет баланың тек өнерге немесе сурет салуға бейімділігімен шектелмейді. Ол оқушының мәселені әртүрлі жолмен шешуінен, өз ойын дәлелдеуінен, жаңа идея ұсынуынан және алған білімін өмірде қолдана білуінен көрінеді.Мысалы, математика сабағында бір есепті бірнеше тәсілмен шығару, қазақ тілі сабағында әңгімені өз ойымен жалғастыру, дүниетану сабағында табиғат құбылыстарына бақылау жүргізу – шығармашылық ойлауды дамытудың тиімді жолдары.

Шығармашылық тапсырмалар оқушының өзіне деген сенімін арттырып, сабаққа қызығушылығын оятады. Сонымен қатар баланы ізденуге, қателіктен қорықпауға, өз шешімін түсіндіруге және өзгелердің пікірін құрметтеуге үйретеді.Бастауыш сыныпта шығармашылық қабілетті дамыту үшін мұғалім сабақтың мақсаты мен оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдануы қажет.

Бірінші әдіс – проблемалық оқыту. Проблемалық оқыту оқушыны дайын жауапты қабылдаушы емес, мәселенің шешімін іздеуші ретінде қалыптастырады. Мұғалім сабақта ойландыратын сұрақтар қойып, оқушыларды өз бетінше қорытынды жасауға бағыттайды.Мысалы, дүниетану сабағында «Егер табиғатта ағаштар болмаса, не болар еді?» деген сұрақ қоюға болады. Оқушылар өз болжамдарын айтып, ағаштардың адам мен табиғат үшін маңызын талқылайды. Осылайша олардың логикалық ойлауы мен қиялы дамиды.

Екінші әдіс – ойын технологиялары.Ойын – бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділігін арттырудың тиімді құралы. Ойын арқылы берілген тапсырмалар баланың қызығушылығын оятып, білімді жеңіл меңгеруіне көмектеседі.«Сиқырлы сөздер», «Ойлан, тап!», «Артық затты анықта», «Сөйлемді жалғастыр», «Кім жылдам?» сияқты ойындарды әртүрлі пәндерде қолдануға болады. Мысалы, қазақ тілі сабағында оқушыларға бірнеше сөз беріп, сол сөздерден мағыналы сөйлем немесе шағын әңгіме құрастыру ұсынылады. Бұл тапсырма сөздік қорын байытып, тілдік және шығармашылық қабілетін жетілдіреді.

Үшінші әдіс – жобалық жұмыс.Жобалық жұмыс оқушыны өздігінен ізденуге, ақпарат жинауға, бақылау жүргізуге және нәтижесін таныстыруға үйретеді. Жобаны жеке немесе топпен орындауға болады. Мысалы, «Менің туған өлкем», «Табиғатты қорғайық», «Суды үнемдеу», «Менің отбасымның дәстүрлері» тақырыптарында шағын жобалар ұйымдастыруға болады.Жоба барысында оқушылар сурет салады, мәлімет жинайды, бақылау нәтижелерін салыстырады және өз жұмыстарын сынып алдында қорғайды. Бұл олардың шығармашылық қабілетімен қатар, қарым-қатынас жасау және өз ойын жеткізу дағдыларын дамытады.

Төртінші әдіс – топтық және жұптық жұмыс.Топтық жұмыс барысында оқушылар бір-бірімен пікір алмасып, ортақ шешім қабылдайды. Әр оқушы өз ойын ұсынып, тапсырманың орындалуына үлес қосады.Мысалы, оқушыларға ертегінің соңын өзгертіп жазу, берілген сурет бойынша әңгіме құрастыру немесе белгілі бір мәселенің шешімін ұсыну тапсырылуы мүмкін.Мұғалім әр баланың ойын тыңдап, өзгелердің пікірін құрметтеуге және ортақ шешімге келуге үйретеді.

Бесінші әдіс – шығармашылық жазба жұмыстары. Шығармашылық жазба жұмыстары оқушылардың тіл байлығын, қиялын және ойлау қабілетін дамытады. Оларға аяқталмаған әңгімені жалғастыру, ертегі құрастыру, өлең жолдарын толықтыру, сурет бойынша мәтін жазу сияқты тапсырмалар беруге болады.Мысалы, «Егер мен сиқыршы болсам…», «Менің арманым», «Болашақтағы мектебім» тақырыптары бойынша оқушылар өз ойларын қағазға түсіреді.Мұндай тапсырмалар баланың жеке көзқарасын

қалыптастырып, өз ойын жүйелі әрі түсінікті жеткізуіне ықпал етеді.

Оқушының шығармашылық қабілетінің дамуы мұғалімнің сабақ ұйымдастыру шеберлігіне тікелей байланысты. Мұғалім әр баланың жеке ерекшелігін ескеріп, оның қызығушылығы мен қабілетін байқай білуі керек.Ең алдымен, оқушыға еркін ойлауға мүмкіндік беру маңызды. Бала өз пікірін айтудан қорықпауы, сұрақ қоюға және жаңа шешім ұсынуға ұмтылуы қажет. Мұғалім оқушының жауабын бірден дұрыс немесе қате деп бағаламай, оның ойлау жолын түсінуге тырысқаны жөн.Сонымен қатар тапсырмаларды оқушылардың деңгейіне қарай саралау қажет. Кейбір оқушыларға үлгі немесе қосымша түсіндіру қажет болса, басқаларына күрделірек тапсырмалар ұсынуға болады. Мұндай тәсіл әр баланың өз мүмкіндігіне сай дамуына жағдай жасайды.

Мұғалім оқушының жетістігін дер кезінде байқап, қолдау білдіруі тиіс. Шағын жетістіктің өзін бағалау баланың ынтасын арттырып, жаңа тапсырмаларды орындауға деген құлшынысын күшейтеді.

Сондай-ақ ата-анамен бірлескен жұмыс та маңызды. Үйде кітап оқу, отбасылық шығармашылық тапсырмаларды орындау, табиғатты бақылау және баланың қызығушылығын қолдау оның шығармашылық дамуына оң әсер етеді.

Шығармашылық бағыттағы жұмыстар жүйелі ұйымдастырылған жағдайда оқушылардың бойында бірқатар маңызды дағдылар қалыптасады:

* өз ойын еркін және жүйелі жеткізу;
* мәселені талдау және шешу жолдарын іздеу;
* қиялдау, салыстыру және қорытынды жасау;
* өз бетінше шешім қабылдау;
* топпен жұмыс істеу және өзгелердің пікірін құрметтеу;
* ізденуге және жаңа білім алуға қызығушылық таныту;
* өз еңбегін бағалау және жетістігін түсіну.

Бұл нәтижелерге қол жеткізу үшін шығармашылық тапсырмаларды бір реттік жұмыс ретінде емес, күнделікті сабақтың ажырамас бөлігі ретінде қарастырған жөн.

Қорыта айтқанда, бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілетін дамыту – мұғалімнен үздіксіз ізденісті, жаңашылдықты және әр балаға жеке көзқарасты талап ететін маңызды педагогикалық міндет.Оқушының шығармашылық қабілетін дамыту үшін оған дайын жауапты ғана ұсынбай, өздігінен ойлануға, ізденуге, тәжірибе жасауға және пікір білдіруге мүмкіндік беру қажет. Проблемалық оқыту, ойын технологиялары, жобалық жұмыстар, шығармашылық жазба тапсырмалары мен топтық жұмыстар осы мақсатқа жетудің тиімді жолдары болып табылады.

Әр баланың бойында ашылмаған қабілет пен мүмкіндік бар. Сол мүмкіндікті байқап, дамытуға бағыт беру – ұстаздың басты міндеті. Бүгінгі ізденімпаз, шығармашыл оқушы – ертеңгі жаңашыл әрі жауапкершілігі жоғары тұлға.

Ұстаздың шеберлігі – баланың бойындағы қабілетті байқап қана қою емес, сол қабілеттің дамуына жағдай жасай білуінде. Сондықтан әр сабақ оқушының жаңа нәрсені танып, өз мүмкіндігін ашуына жол ашатын шығармашылық ортаға айналуы тиіс.